

ҰЛАҒАТ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылымы. Журнал екі айда бір рет 1994 жылдың шілде айынан бастап шығады.

ҚЫРКҮЙЕК

5

СЕНТЯБРЬ

ҚАЗАН

2011

ОКТЯБРЬ

Республиканское научно-психологическое и педагогическое издание товарищества с ограниченной ответственностью «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат». Журнал выходит один раз в два месяца с июля 1994 года.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Зейнеп АХМЕТОВА, Бөлек АМАНБАЕВА, Мұзафар

ӘЛІМБАЕВ, Өмірхан ӘБДІМАНОВ, Шәмша

БЕРКІМБАЕВА, Қалдыбек БӨЛЕЕВ, Ергали

ДАЙРАБАЕВ, Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ, Сергазы ҚАЛИЕВ,

Жұмағали НАУРЫЗБАЕВ, Жарылқасын НҰСҚАБАЕВ,

Жәмила НАМАЗБАЕВА, Сақынжамал ҰЗАҚБАЕВА.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Ғылым ғаламында

Рақымжан ТҰРЫСБЕК.	Ақындық өнер және Жамбыл Жабаев мұрасы.....	3
Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	Оразай жырау.....	11
Ардақ АБДЫРОВА.	Тұманбай Молдағалиев лирикасының көркемдігі.....	20

Педагог пайымы

Айгүл НАЗАРЫМБЕТОВА.	Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орыны.....	31
Арайлым СЕРІКБЕКҚЫЗЫ.	Бала тәрбиесі.....	42
Қаламқас ТОҒАСБАЕВА.	Қазақ фольклорының танымдық сипаты.....	47

«Мен – бір жұмбақ адаммын, оны да ойла»

Рамазан НҮСІПОВ.	Абай айналасы, мектебі.....	54
-------------------------	-----------------------------	----

Педагогикалық әдістеме: озық тәжірибе

Көгершін ТӨЛЕУБАЕВА.	Шәкәрім шығармаларындағы еңбек тәрбиесі.....	65
Гүлсім ТӨЛЕУҚЫЗЫ.	Жеке дара жұмыстың негізі – педагогикалық диагностика.....	70
Төлеубек АЛТЫНБЕКОВ.	Бейбітшілік құсы.....	74
Дәмеш МӘЙКЕНҚЫЗЫ.	Шеберлер таласы.....	78

Балабақша бағында

Алма ҚҰЛБАЕВА.	Әжемнің құрағы.....	83
-----------------------	---------------------	----

Ізденген жетер мұратқа

Әйгерім БӨЛКЕНБАЕВА.	Оралхан Бөкейдің «Атау кере» повесіндегі «жатсыну» мәселесі.....	87
Әртісхан БАЙҒАНЫС.	Халық арасындағы шешендік және тапқыр сөздер.....	92

Танымдық тарих

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ.	Миф және ондағы ұқсас сюжеттік желілер.....	101
------------------------------	------------------------------------------------	-----

В мире педагогики

Дамет ТАТАНОВА.	Образ – символ луны в стихотво- рениях К.Бальмонта.....	114
------------------------	------------------------------------------------------------	-----

Білім ордасы: таным және тәрбие

П.АХМЕТОВА, Ғ.БИЖАНОВА.	Ыбырай Алтынсариннің тұлғасы, ісі, ізі.....	124
------------------------------------	------------------------------------------------	-----

Лингвистикалық термин: сөз төркіні

Сандуғаш ИБРАГИМҚЫЗЫ.	Қазақ тіліндегі – «Төр, Босаға»....	135
------------------------------	-------------------------------------	-----

Сыныптан тыс тәлім

Майра ОҚАПОВА.	Тәуелсіздік күніне.....	140
-----------------------	-------------------------	-----

Рақымжан ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

АҚЫНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ МҰРАСЫ

Түркі әлемінде қоғамдық-тарихи һәм руханият ісіне қатысты қымбат қазыналар да, бағзы кезеңдерден жеткен берік байланыс та бар //1.18//.

Арғы арналарды айтпағанда, жыл басы- Наурыз туралы Таяу Шығыс, Орта Азия, Қазақстан халықтарында ортақ мұраттар көп-ақ. Айталық, О.Хайямның «Наурызнама», Фирдоусидің «Шахнамасы» мен М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбектерінде – Наурыз тарихы мен тағылымы кең орын алады //2.479//.

Ортақ мұрат, берік байланыс арналары руханият әлемінен де көрініс береді //3//. Фольклор қазынасында – «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», т.с.с. көптеген нұсқалары бар. Ал, «Мың бір түн», «Көрұғлы», «Тотынама», «Камила мен Димна» арқылы жеткен аңыз-әфсаналардың желі-жүйесі мың сан арнаны құрайды. Бұдан басқа: «Түркі тектес халықтар мақал мен мәтелді былайша атайды: өзбекше – мақол, қырғызша – мақал мен лақаптар, татарша – мәкаль һәм әйтем, әзербайжанша – аталар сөзі, ұйғырша – мақал вә тәмсил, түрікменше – нақылдар ве аталар сөзи, чуваштар – ваттисем калани, алтайлықтарша кеп ле укаа сөстер» //4.28//.

Осы орайда, поэзия жанрына тән – импровизация өнерін айрықша атау орынды //5.175//. Ежелгі Грек,

Еуропа мен Шығыс халықтарында – импровизация өнері көрініс береді. Демек, «Өнер алды-қызыл тіл» деген нақылға ден қойсақ, ақындық өнердің тарихы мен тағылымы терең. Еске алсақ, болашақ ақындарға «аян» беріліп, ақындық пырағына мінеді. Өзбек ақындары – «мұрат тауына» көтеріліп, қонатын көрінеді.

Айтыс өнері – парсыда: мұшайра, арабтарда – мұғалләкәт деп аталып, оның өзі түркі халықтарына кең тараған. Ұлттық мереке, мерейтойларда жаңарған үлгілері жан-жақты көрініс береді.

Жамбылдың жолбарысы қиналғанда қасынан табылған.

«Өлең кірген түсіне

Жөргегінде мен болам», - деп ақындық өнерді ардақтап, биік белеске көтерген. Ұстазына адалдық танытқан:

Менің пірім – Сүйінбай,

Сөз сөйлемен сыйынбай!

Ақиқатында, халық поэзиясында өлең өнерімен даңқ тұғырына көтеріліп, құбылысқа айналған – Жамбыл Жабаевтың өмірі өрнекті, болмысы бөлек. Дарыны – дара, сөзі – сара //6//.

Ж.Жабаевтің өнегелі өмірі мен өнерпаздық мұра-мирастары кеңес дәуіріне дейінгі және кейінгі кезеңдері арқылы жан-жақты зерттелді (С.Бегалин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, Ғ.Орманов, Б.Кенжебаев, М.Қаратаев, Е.Ысмайылов, К.Зеленский, М.Ритман-Фитисов, С.Қирабаев, М.Жолдасбеков, С.Садырбаев, Н.Төрөқұлов, Ә.Байтанаев, Қ.Тұрғанбаев, К.Бейсенбаев, Ж.Дәдебаев, С.Негимов, Б.Әбілқасымов, А.Бұлдыбай, М.Үмбетаев, Р.Тұрысбек, Т.Тебегенов, т.б.). Жеке жинақ, ұжымдық еңбектер түрінде жарық көрді («Жамбыл Жабаев творчествосы», «Ж. Жабаев.

Шығармаларының толық жинағы», «Жыр алыбы» (естеліктер), «Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы», «Дастан ата», т.б.).

Қоғам қайраткері, әдебиеттанушы ғалым М.Жолдасбеков: «Жамбылдың ақындық жолға түсуінің ең әдепкі адымы өзінің алдындағы белгілі ақындардың өлеңдерін, ел аузындағы өлең-жырларды жаттап айтудан басталады. Жас ақын Жетісу елінің ертедегі салтымен бәдік, жарапазанды көп айтады, бірақ ол ешқашан дін, шариғат жолын үгіттемей, күлдіргі, әзіл-қалжың өлеңдерді көбірек шығарған. Жарапазанды сылтауратып жас ақын бірде әйгілі Сүйінбайдың ауылына келіп, Сүйекемнің үйінің сыртынан ат үстінде өлеңді ағытып қоя береді. Жамбыл ұзақ жырлайды. Сүйекең жалықпай тыңдайды. Агтан түсіріп, Сүйінбай талапкерге оң батасын беріп, үстіне шапанын жабады.

Асқар Алатаудай ұстазының сынынан сүрінбей өткен бақытты күнінен Жамбыл өзін шын ақын санап, жолы да, өрісі де ашылып, тайсалмай топқа түсе бастайды», - деп дарыны мен даналығын, өмірі мен өнегесін тамыршыдай тап басып көрсетеді //7.193//.

Ж.Жабаевтің өмірдегі өнегелі өрнектерін, өнердегі өрісті өлкесін айқындайтын басты таразы - өлшем:

- өлең-жырдағы – талант қуаты;
- айтыс-дастандарындағы дарын даралығы;
- арнау табиғатындағы шеберлік пен шешендік болып табылады.

Ж.Жабаевтің талант табиғатын танытатын бұл белгі-ерекшеліктер:

- өнегелі өмірін де;
- өнерпаздық мұрасын да бар қырынан жарқырата көрсетіп, ұлттық поэзиядағы өзіндік өзгешеліктерін, руханият әлеміндегі орнының биік тұғырда екенін

айқындай түседі.

Ж.Жабаевтің өмірдегі өрнектері мен өнерпаздық мұрасының мәңгілік құндылықтары:

- ұлт мұратын ұлықтаудан танылады;
- ел-жерді ардақтаудағы халықтық сипатынан көрінеді;
- тарих пен танымды қатар жырлап, сол арқылы елдік пен ерлік салтты биік тұғырға көтеруден айқын аңғарылады;
- жастық пен достықты, сыр мен сезімді жан жүрекпен толғап, көңіл қуанышын да, мейірім шуағын да молынан түсіргенінен жіті сезіледі.

Біздіңше, Ж.Жабаевтің өлең-жыр, дастандарының басты тағылымы:

- қоғам құбылыстары мен кезең көріністерін, адам мен оның еңбегін, ұстаздары мен тұтастарының үлгі-өнегелерін, өнер мұраты мен өнерпаздық жолды, өмір-тұрмыс сырларын, уақыт шындықтарын, т.т. табиғи сөйлетіп, шабытты шақпен де, ойлар мен толғаныстары арқылы да толғауы тоқсан қызыл тілді жүрекпен жеткізіп, байыпты баяндайтыны айқын аңғарылады.

Жамбыл шығармашылығының салмақты бөлігін айтыс, дастандары құрайды. Адам мұраты, ел-жер тағдыры, ұлт пен ұрпақ қамы, өмір өнегесі өрісті өнердің арқауына айналады. Мәселен, “Жамбыл мен Айкүмістің айтысы” – қыз бен жігіт айтысының үздік үлгісі.

Айтыс – Жамбылдың академиялық жинағына енді (1946 ж.).

Айтысты Жамбыл бастап, Айкүміске былай деп үн қатады:

Әдейі ат терлетіп келдім тойға,
Айкүміс, әуелден-ақ болдың ойда.

Әуірі басылмаған албырт едім,
Асығыс айтқанымға кінә қойма?!
Кезекті тұста Айкүміс ақыл мен парасатты тең ұстап,
сыр мен сезімді, ой-сөз жүйесін төмендегіше жеткізеді:
Аптығып, ә дегеннен амандаспай,
Әдепті үйренбепсің, Жамбыл жастай.
Асылға аспандағы қол жетпей ме
Ақылмен қимылдасаң асып-саспай?!
Қыз жауабы ойлы. Сыр мен сымбат айқын. Әрі астар
да, мән де бар.

Сонда Жамбыл:
Айкүміс, асықпауға шама бар ма,
Жасшылық ұрындырды талай жарға.
Сен үшін, жатсам, тұрсам арманым көп,
Жем болып кете ме деп жамандарға, - деп түпкі
көзқарасын бүкпесіз баяндайды. Нәтижесінде: жалын
жастықты, ғашықтық ғаламаттарын бар асылдан да
биік қояды. Адам мұратын, өмір өнегесін, еңбек орнын
асқақтата жырлайды.

«**Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы**» қос
жүйріктің де ата тегінен, өлең-өнердегі дарын-қабілеті
мен орын-үлестерінен мол сыр аңғартады. Алғаш сөз
алған – Бақтыбай ақын «күй мен сөзді ағытқан» өткен
кезеңдерінен сыр толғаса, өз кезегінде – Жамбыл
«Сәлем сөздің анасына» тоқтап, кішілік әдеп көрсетеді.
Кейінгі жерде өлең-сөзбен өмір өткелдерін ойға алады.
Қырғыз-қазақ еліне таныстығын, Майкөт, Құлманбеттің
қатар тұрғанын, Майлықожа, Құлыншақты үлгі ететін
сырлы сөз – өлең құдіретімен табиғи жеткізіледі. Бұл
тұстардан – Жамбыл мен Бақтыбайдың адамдық әлемі,
ақындық өнері, кісілік пен кішілік төңірегіндегі өмір
өнегесі, тәлім-тәжірибесі терең танылады.

Сондай-ақ, «Бөлектің қызы мен Жамбыл», «Сары ақынмен қағысу» сынды шағын көлемді, дидакталасу сипатындағы айтыстар – ел өмірінен, қыз-жігіт қасиеттерінен белгі береді. Сұрақ-жауап үлгілерінен де үлкен-кіші орны, ой мен сөз жүйесі терең танылады.

Ал, «**Майкөтпен дидакталасуы**» – екі ақынның да шалқыған шабытымен қоса өлең-сөздегі жарастықтарын да танытады. Халқымызға тән озық дәстүр-өнегелер, әдет-дағды, жарасты-сыйластық, бірін-бірі құрметтеп, кезек тосып сөйлеу, т.т. ұлттық болмыс, тәрбие тағылымдары көрініс береді.

Жамбылдың ақындық қуатын, талант табиғатын танытқан айтыстары – Құлманбет, Сарбас, Досмағанбет, Шашубай, т.б. кездесіп, өлең-сөзбен ғана қағысып, жарысқа түсуімен емес, бейнелік-көркемдік тұрғысынан да ден қойғызады. Аталған айтыстарда өмірбаяндық деректер, ататек сипаттары, батыр бабаларымыздың /Саурық, Сұраншы, Қарасай/, ана күдіретінің /Домалақ ене қасиеті, т.т./ үлгі-өрнектері көп, әрі ұлттық дүниетанымдық, болмыстық бедерлер, тәлім-тәрбиелік те тақырып иірімдері мол.

Мысалы, “Жамбыл мен Құлманбет айтысы” туралы алғашқы дерек көздері – “Терме” атты әдеби жинақта кездеседі (Ташкент, 1925 ж.).

Бұдан кейінгі жерде – С.Сейфуллиннің “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” деген еңбегіне енді (1931 ж.).

Ақынның әр жылдары жарық көрген (1940, 1946, 1957, 1971 т.с.) жинақтарында айтыс мұрасына да кең орын беріледі.

Ж.Жабаевтің халық әдебиетінің үздік үлгілерін, қазақ эпосының қымбат қазыналарын, әсіресе, «Манасты» – он жеті күн, «Көрұғлыны» – он бес күн жырлап, ақын-

айтыскер, әнші-өнерпаздардың жыр мұраларын жатқа айтып, сол арқылы өзінің бойындағы табиғи талантын, даналық пен даралық қасиеттерін – импровизация өнерімен ұштап, жыр-жұлдызына айналуы:

- ұлылық ұлағаты;
- өшпес өмір өнегесі;
- сирек құбылыс!

Біздіңше, Ж.Жабаевтың өлең-жырлары:

- кезең көріністері мен құбылыстарын, адам мен оның өмірін, еңбек мұраттарын жан-жақты көрсетуімен де көркем, келісті сипат құрайды. Өмірден өрбіген шындықтар, көңіл күнделігі мен жүректегі жазулар жүйелі жеткізіледі. Шабытты шақтан туған ондай өлең-жырлар: арнау-толғау түрінде де, жекелеген шумақ үлгісінде де кездеседі. Бәрінде де ақын көзқарасы айқын, ойлы һәм көркем болып келеді.

Дастан-толғаулары:

- тарих пен таным, тұлға мен тағдыр, кеше-бүгін байланысын табиғи дамытып, сол арқылы өмір-уақыт шындықтарын шеберлік пен шешендік тұрғысынан терең толғайды. Көне кезең көріністері, көшпелі өмір суреттері, ұлттық менталитет пен елдік-ерлік болмыс, атамұра тағылымы, т.т. әр алуан салыстыру мен көркемдік өрнектер арқылы серпінді, дәлелді, шешен сөз етіледі.

Айтыс мұрасы:

- ұлт мұратын, адам әлемін, мәдени-рухани құндылықтарды кең көлемде, шабытты шақ пен талантты қолтаңбаға сай серпінді де сенімді жеткізеді. Қарсыласын көңіл көкжиегімен көкке көтереді. Артық-кем тұстарын бүкпесіз баяндайды. Ақиқатты ту етіп, өмір өнегесіне, шындық сипаттарына табан тірейді. Қайсыбір айтыстан да адам әлемі, еңбек мұраты, өмір-

уақыт шындықтары, тұрмыс суреттері кең орын алады.

Алыс – жақын елдердің ақын-жазушылары ұлт руханиятын, қазақ өнерін, импровизациялық дәстүрді өзгеше құбылыс ретінде айрықша атады (орыстар – Н.Тихонов, М.Шолохов, К.Симонов, С.Маршак, П.Кузнецов, Л.Пенковский, беларус – Я.Купала, армян – А.Геворк, венгер – И.Тренчени, румын – В.Вынту, қырғыз – Қ.Ақиев, тәжік – Г.Лахути, чех – Б.Пашкова, т.б.). Мұны, сөз жоқ Ж.Жабаевтың аса бай шығармашылық мұра-мирастарына қатысты да айтуға әбден болады.

Ж.Жабаев мұрасының мәңгілік мерейі де осында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Ғ.Аяған, Х.М.Әбжанов, Д.А.Махат. Қазіргі Қазақстан тарихы /оқулық/. А., «Раритет», 2010.
2. Қазақ мәдениеті /энциклопедиялық анықтамалық/. А., «Аруна», 2005.
3. М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы /20 том/. А., «Жазушы», 1985; Р.Бердібаев. Кәусар бұлақ. А., «Жазушы», 1989; Ш.Сәтбаева. Уақыт шуағы. А., «Ғылым», 2000.
4. Қазақ халық әдебиеті /хрестоматия/. А., «Рауан», 1990.
5. Әдебиеттану /терминдер сөздігі/. Семей-Новосибирск, «Галер-Пресс», 2006.
6. Қазақ әдебиеті /энциклопедиялық анықтамалық/. А., «Аруна», 2005; Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр /анықтамалық/. А., «Ана тілі», 2004; Қазақ әдебиетінің тарихы /10 томдық/. 7-том. А., «Қаз Ақпарат», 2004; Жамбыл Жабаев творчествосы. А., «Ғылым», 1989.
7. М.Жолдасбеков. Асыл арналар. А., «Жазушы», 1990.

Резюме

Земля Казахстана богата талантами, в том числе в области гуманитарной сферы. Ученый Р.Турысбек пишет жизнь и творчество народного поэта-импровизатора Ж.Жабаева в аспекте литературной связи тюркского мира. Научная статья рассматривает выявление основной тематики произведений, раскрывая реализма в произведениях народного поэта, актуализация творческого наследия Ж.Жабаева с научной точки зрения.

Resume

Kazakh's land riches with their big talents, including in area of humanitarian sphere. Scientist R.Turysbek write about life and works of people's poet-improvisator J.Jabaev in aspect literature connection of Turkic world. In the scientific article considers exposure main themes of works, opening with point of scientific realism in works of people's poet, relevant of creative heritage of J.Jabaev.



Мендібай ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

ОРАЗАЙ ЖЫРАУ

Оразай жырау Тұрғалиұлы 1964 жылы Бесқала (Қарақалпақстан) өлкесінде «Нұрым түбек» ауылында туған. Бұл өлкеде «Марқаның сағасы», «Қуаныш жарма» деп аталатын елді мекендерде қазақтар көп

шоғырланған еді.

Оразайдың үшінші атасы Мешітбай Қызылорда, Бесқала, Хорезм аймақтарына белгілі ақын болған екен Мешітбай ақын 1862 жылы туып, 1899 жылы 37 жасында қайтыс болады.

Мешітбайдың әкесі Шоңқара өткен ғасырларда Сыр бойында ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Жанқожаның жүз батырының бірі болған. Қариялардан қалған бір әңгімеде Шоңқара жау ортасында қалғанда Жанқожа батыр басына қауіп төніп тұрғанына қарамастан жаудың ортасында қоршауда қалған Шоңқараны аман алып шығады.

Оразай жырау Тұрғалиұлы «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Көк өгіз», «Төрехан», «Алты жасар Құлыбек», «Ақ Кете Шернияз», «Қарасай-Қази», «Әбу Шаһима», «Дариға палуан», «Асау – Барақ», «Сәдуақас сақи» қисса-дастандарын жырлайды. «Мен жас кезімнен бастап ән-күйге әуес болдым,-дейді Оразай жырау. - Домбыра тартуды үйреніп алған соң ауылға келген жыраулардан терме, қиссалар үйреніп алып ауылда тойларда, мектеп қабырғасында орындап жүрдім. Менің өнерге деген құштарлығым мектеп қабырғасында басталды. Бастап ән салып жүрдім. Кейін термеге ауыстым. Ержете келе қисса-дастандарды орындап жүрдім. 187-ге тарта халық әндері мен қазақ сазгерлерінің әндерін орындап жүрдім...»

Жыр алыбы Жамбылдың Отанына, Кенен ақынның еліне сонау Бесқала жерінен қоныс аударып келген Оразай жырау бүй деп сыр шертеді: «Қазақстан – менің тарихи Отаным, Қасиетті Әулие ата жеріне, Қордай еліне келгенімді мақтан тұтамын. Осы өңірді өзім таңдап алдым. Жұбайым да, жыршылық-жыраулық

дәстүрді дамытып жүрген ұл-қыздарым да жырдың кені, ақындықтың ортасы болған осы өңірді ұнатты. Амандық болса жыр алыбы – Жамбыл атамның, жырдың кені – Кенен атамның игі ісін жалғастырып, жыршылық-жыраулық мектепті ашып, халқымыздың рухани дәстүрі болған жыршылық-жыраулық өнерді жандандырсам деймін...»

Оразай жырау – Бесқала қазақтарының ішінде терме-толғауларды, қисса-дастандарды орындауда өзіндік ерекшелігі бар, талантты өнер иесі. Бұл өлкеде қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін елге насихаттайтын жыршы-жыраулар көп болды. Белгілі ғалым, филология ғылымының кандидаты Қайыржан Аралбаев Бесқала қазақтарындағы жыршы-жыраулық өнер туралы: *«Қарақалпақстан (Бесқала) аймағындағы қазақ әдебиетінің өзіндік тарихы, ерекшелігі бар, мұндағы жыраулық-жыршылық дәстүрдің өзге аймақтарда кездеспейтін өзіне ғана тән ерекшелік сипаты бар екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген ақиқат...»*-деп жазатыны бар (Қ.Аралбаев, «Туған жердің жыршысы», кітапта: Алдаберген Тасқынбаев, «Шарла, жырым, әлемді...», «Қарақалпақстан» баспасы, Нөкіс, 1999 жыл, 3-бет).

Қазіргі таңда Қордай ауданында той-мерекелерде жырауды жырлату дәстүрі қайта түлеп келеді. Әрине, мұндай игі істің басы-қасында жүрген де – осы Оразай жырау.

...Әлқисса, Шыныбай әйелі мен екеуі ерте өліп, одан Тортай деген бір бала қалыпты. Оны Құлтай асырап, соның қолында болыпты. Күндерде бір күн Байбөрі малын аралап жүріп, менің балам болса, осы малдың қызығын көрер еді, мына жорғаларды мінер еді, өзім өліп кетсем бұл мал кімдікі болып кетеді деп, баланың

жоқтығынан қайғырып далада жүріп жылап айтқаны:

Көңілі мұңлы, қайғылы,
Көкірегі шерлі екен.
Бір перзенттің жоғынан,
Дәйім қайғы жер екен.
Көзім ашық дүниеде,
Өткенім бе дер екен.
Байбөрі хаққа налыды:
«Алмадың Алла жанымды,
Қайтіп шыдап жүремін,
Бір баланың жоғынан,
Ағайын жеді малымды.
Қадір Алла жаратқан,
Өзің болған панайым,
Бір баланың жоғынан,
Зорлық қылды маңайым.
Үкім қыла сөйлейді,
Баласы көп ағайын.
Ескерер күнің бар ма екен,
Жаратқан Алла, құдайым?
Сүйегім кетті жасық боп,
Досым кетті қашық боп.
Көрер көзім көр болды,
Бір Аллаға ашық боп...

Тойға жиналғандар Оразайдың зарлана айтқан жырын беріле тыңдап отыр. Анда-санда: «Өй, де!..»-деп тыңдарманның біреуі айқай салса, Байбөрі байдың мұңлы күйін аяп кеткен қарт әже: «Беу, қарағым-ай!»-деп қояды. Оразай жырау онан әрі:

Жасымды аққан тия алмай,
Перзенттің дағы өтеді.
Баласы жоқ адамның,
Әркімге ақысы кетеді.

Байбөрі қу бас деген сөз

Сүйегімнен өтеді.

Жаратқан патша құдай-ай,

Перзентке зар қып қойғанша,

Жаратпасаң не етеді?!-деп жырлайды.

Жырды тыңдап отырғандар бейне бір Байбөрі өздерінің ортасында зар жылап отырғандай сезінеді. Жаңа ғана «Беу, қарағым-ай...» деп Байбөріні аяп отырған әжейдің енді көзіне жас келеді...

Бұл – Оразай жыраудың Жамбыл облысының Қордай ауданындағы бір тойда жырлаған жыры. Қордайда мұндай тойлар Оразай жыраусыз өтпейді.

Қордай ауданының «Сары бұлақ» ауылына қоныс аударып келген жыршы-жырау Қуантай Бұзаубаев пен «Жамбыл» ауылына қоныс аударып келген Оразай жырау Тұрғалиұлы көне эпостық жырларды той-думандарда елге насихаттау ісімен айналысып жүр. Бесқаладан (Қарақалпақстаннан) келген жыршы-жыраулардың алдарына қойған мақсаттары – Қордай ауданынан жыршы-жыраулық мектеп ашу. Ал Қарақалпақстандағы қазақ жыраулары туралы филология ғылымының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаевтың былай деп жазатыны бар: *«Жыршы-жыраулықтың дәстүрі Қарақалпақстанда өте күшті, онда жыршылық өнері өте бағалы екені анықталды. Қазақ жыршы сақталған жаңа эпикалық аудан Қарақалпақстан жаңа фольклоршылар үшін аса қызығалықты, жанды мағлұматтар беретін тың өріс секілденіп отыр. Қарақалпақстанда тұратын қазақ ақын-жыраулары жыршы-жыраушылықтың дәстүрін бүгінге дейін қолдан бермей келген, осы өлке орындаушыларын таныстыру сөз құдіретін, фольклорды қадірлейтіндерге гажайып табыс болып*

көрінетіні сөзсіз. Бүкіл Орталық Азия мен Қазақстан бойынша алғаш атап көрсетілгендей жыраулардың қазіргі бай жері – Қарақалпақстан» (Р.Бердібаев, «Жыршылық дәстүр», Алматы, 1980 жыл, 31, 32-беттер).

Осындай жыршылық – жыраулық дәстүрдің дамыған жерінен келген Оразай жырауды жергілікті қазақ кәсіпкерлері қолдап-қуаттаса, нұр үстіне нұр жауар еді.

Қордай ауданының «Сарыбұлақ», «Жамбыл» ауылдарында жыршы-жыраулар мектебі қалыптасып келеді. Мұндай дәстүрлі мектепті қалыптастыруда өз өнерлерімен еңбектеніп жүргендер Қуантай жырау Бұзаубаев, Оразай жырау Тұрғалиұлы, әнші Өтеубай Дінікұлұлы, онан соң Оразай жыраудың ұлы - Ақсұңқар, қызы – Нұрия, ұлы – Нұрғиса. Осы «Сарыбұлақ» ауылында сазгер, әнші Марат Абыллаев та жыршылық-жыраулық өнерді елге насихаттап жүр.

Тұрғалидың әкесі Ниетқабыл жоқтаушы болған. Бесқала қазақтарында жоқтаушы деген өнер иесі қаза болғандардың жақсы істерін ел-жұртқа өнеге етіп жоқтау жырын айтатын болған. Ниетқабыл жоқтаушыны халық құрметтеген. Жоқтаушылық өнер аса қиын өнер болғаны белгілі. Жоқтаушы жоқтау жырды өзі шығарған немесе атақты ақынға жоқтау жырын жаздырып, соны жаттап, көпшілік алдында орындайтын болған. Жоқтаушы көп халықтың алдында жоқтау жырды адамдардың көңілін босатып, зарлап айтатын болған. Жоқтау айтудың өзіне тән әдісі, айтылатын жоқтау жырдың өзіндік мақамы болған.

Ниетқабыл жоқтаушының жоқтау жыры:

...Қой десең, халқым, қояйын,
Қойдан да бағлан сояйын.

Кешегі жүрген Қабылбек,
Орнына кімді қояйын?.. -

деп аяқталатын болған.

Ниетқабыл жоқтаушы 1892 жылы туып, 1961 жылы қайтыс болған.

Оразай жырау қазір Жамбыл облысының Қордай ауданында тұрады. Репертуарында он-он бес қисса-дастандар мен жиырмадан астам термелер, елуден астам халық әндері бар. Қазіргі таңда Ақсұңқар, Нұрия, Нұрғиса атты ұл-қыздарын жыршылық-жыраулық өнерге баулып жүр.

- Менің ұстазым – Раманқұлұлы Наурызбек жырау,- дейді Оразай жырау. - Жас кезімнен оның термелеріне қатты қызықтым. Қиссаларды нақышына келтіре орындайтын. Ауылда той болса Наурызбек жырау келіп, халықтың ортасында батырлық жырлар мен ғашықтық қисса-дастандарды орындайтын. Мен көптеген қисса-дастандарды осы Наурызбек жыраудан үйрендім...

Оразай жырау «Қыз Жібек» қиссасының екі нұсқасын біледі. Екінші нұсқасында Төлеген қайтыс болған соң Жібек Төлегеннің інісі Сансызбайға тұрмысқа шығады.

- Менің екінші ұстазым – Әбдімұратұлы Қарасай жырау болды,- дейді Оразай жырау Тұрғалиұлы Бесқала қазақтарының жыршы-жыраулары туралы әңгіме өрбітіп. - Қарасайдың шын аты – Қалқаман. «Қарасай-Қази» деп аталатын қиссаны жырлай берген соң оны халық Қарасай жырау деп атап кеткен. Мен «Қарасай-Қази», «Төрехан», «Асау-Барак», «Қыз Жібек», «Ақ Кете Шернияз», Ерімбет Көлдейбекұлы жырлайтын «Дариға палуан», «Сәдуақас сақи» қисса-дастандарын осы Қарасай жыраудан үйрендім. «Алты жасар Құлыбек», «Едіге», «Көк өгіз», «Орақ-Мамай», «Алпамыс», «Қобыланды батыр» қисса-дастандарын

Наурызбек жыраудан үйрендім...

Оразай жырау Тұрғалиұлының шығармашылығы туралы жақында «Қазақстан-Тараз» телеарнасы «Герме» деген телебағдарлама бойынша хабар көрсетті. Оразай жырау тұңғыш рет Әулиеата жұртшылығына өзінің жыршылық-жыраулық өнерін көрсетті. Сонда Оразай: «Қазіргі таңда жыршылық-жыраулық өнерді дамытуға жағдай баршылық. Жастарымыз да жоқ емес. Бірақ оларға қолдау көрсету қажет. Жоғары оқу орындары мен колледждерде жыршы-жырау мамандығын дайындайтын арнаулы факультеттер ашу қажет...», - деп өз ұсынысын білдірді. Бұл ұсынысты әрине, тек Оразай жырау ғана айтып отырған жоқ, осындай халқымыздың рухани мұрасын насихаттауда жыршы-жыраулар дайындайтын арнаулы оқу орындары болуы қажет. Бұл жаңарған жаңа Қазақстан үшін өте қажет.

Оразай жырау Қордай ауданында қарап жүрген жоқ. Өзі жасап жатқан «Жамбыл» ауылы мен «Славный», «Степное», «Қақпа тас», «Жаңа тұрмыс», «Беріктас», «Сарыбұлақ», «Қайнар» ауылдарында өз өнерін көрсетіп, жастардың рухани мұқтажын қанағаттандырып жүрген өнерлі жандардың бірі. Жыршылық-жыраулық өнерді дамыту үшін бар күш-қайратын жұмсап жүр. Төңірегіне жас жыршылар мен жырауларды топтап, оларға өзінің тәжірибесін, білімін беріп жүр. Ұлдары Ақсұңқар мен Нұрғиса әке жолын қуып, қисса-дастандар үйреніп жүр. Қызы Нұрия да аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, өнердің аспанында жарқырап көріну үшін қанатын қомдап жүр.

Оразай жырау жыршылық-жыраулық өнерді ел ішіне насихаттаумен бірге халқымыздың ұлттық дәстүрі-беташарды да дәріптеп жүрген ұлтжанды азамат. Жаңа

түскен келіннің бетін ашатын да – осы Оразай жырау. Тойларда терме-толғаулар мен қисса-дастандарды күн батқаннан таң атқанша, таң атқаннан күн батқанша жырлап жүрген де – осы Оразай жырау. Халық әндері мен қазақ сазгерлерінің әндерін де шырқап жүрген – Оразай жырау. Ел ішінде тәлім-тәрбиелік мәні бар аңыз-әңгімелерді, өсиет сөздерді де айтып жүретін – осы Оразай жырау. Ел ішінде ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлердің де қайта жандануына ықпал етіп жүрген – осы Оразай жырау. Ол айтады: «Ел ішінде қиссашы ақындар мен жоқтаушыларды қайта әкелу керек. Жоғары оқу орындары мен колледждерде қиссашы мен жоқтаушы мамандықтарын да ашу керек...»

Бұл – шынымен қолға алатын жұмыс. Елдің зиялы азаматтары қарап жүрмей, осындай дәстүрлерімізді қайта түлетуге ат салысып жүруі қажет-ақ. Орталық Азияда жасап жатқан түркі халықтары өздерінің ұлттық дәстүрлерін жалғастырып, өскелең ұрпақтарды рухани мәдениетпен тәрбиелеп жүр. Өзбек түркілері келін түскенде келіннің бетін ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен ашады. Түркімен түркілерінде де сондай. Біз де келіннің бетін жыршы-жырауға, домбыраның сүйемелдеуімен ашуымыз қажет.

Осы тұрғыдан алғанда Оразай жырау Тұрғалиұлының ел алдында істеп жүрген қызметін қолдап-қуаттауымыз керек. Оның репертуары күн өткен сайын қисса-дастандармен толыға түсуде. Ол өзінің репертуарына Кеңес Одағының Батыры, атақты жазушы Б.Момышұлы туралы жазылған осы жолдардың туындыгерінің «Бауыржан батыр туралы қисса», «Сәмен батыр туралы қисса» атты қиссаларын елге насихаттау ісін қолға алып отыр. Мұның өзі Оразай жыраудың ұмыт бола бастаған жыршылық-жыраулық өнерді қайта

түлетіп, ел қорғаған батырларымыз туралы жазылған қиссаларды той-думандарда жырлап, халқымыздың рухани сұранысын қанағаттандыруда үлгілі еңбек етіп жүргенін тағы бір дәлелдейді.

Қазіргі таңда Оразай жырау – музыкалық білімін көтеру үшін Тараз қаласындағы оқу орынында музыкалық білім алып жатқан талантты студент. Ол: «Болашақта Тараздың бір жоғары оқу орнында «Жыршы-жырау» деген мамандық ашып, осы мамандық бойынша жас жыршылар мен жырауларға ұстаздық етем...»,- дейді. «Елімнен не алам деп емес, еліме не берем деп кел» дегендей, Оразай жырау қазіргі таңда халқымыздың рухани байлығы болған қисса-дастандарды жырлауда өскелең ұрпақтарға үлгі болып келеді.



Ардақ АБДЫРОВА,
Павлодар мемлекеттік
педагогикалық институтының
аға оқытушысы.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ ЛИРИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Қазақ поэзиясына адам сезімін, махаббатты өзіндік бір нақышпен, шынайы тебіреніспен беруді алып келген, махаббатты жырлаудың негізін салған ақын – Т.Молдағалиев. Оның өлеңдері – адам сезімін, жан толқындарын, жүрек қылын шертер қазақ

поэзиясындағы сыршыл лириканың биік үлгісі. Т.Молдағалиев жырлары туған жерді, болашақ ұрпақты, дос-жаранды, әйел затын сүйеге, сағынуға, аңсауға арналған.

Ақын жүрегінде мәңгілік махаббат мұнарасы орнаған, мөлдір сезімді адамдардың өзіне сезіндірудің шебері, махаббат жыршысы.

Жаздағы жасыл терек сарғайыпты,
Сарғайған сағынышындай махаббаттың.
Жанарың жасқанды да жабырқанды,
Мұң айттың махаббаттың тіліндегі
десе, енді бірде:

Сен кеткен соң жүрегім от боп жанбады,
Сен кеткен соң албыртып жүрген жүрегім
Күздегі күңгірт бұлт басқан таудан аумады.
Жылайын деп көзімнен тамшы тамбады.
Жылайды жаным, жылайды менің жүрегім,
Жарқылдап жалған күлгенмен, - дейді.
Ақын адамды күйзелген сәтінен кең алады.

Ендеше, ақын да өз айтпақ ойын бейне, образ арқылы жеткізуі шарт. Ақын лирикалық қаһарманын тек құрғақ баяндап қоймай, сол бейнені, образды берген жағдайда ғана туынды анағұрлым көркем шықпақ.

Т.Молдағалиев поэзиясындағы игерілген ұтымды эпитеттер көздеген өзекті идеяға бағындырылған. Көріктеуіштер белгілі бір нысанды әрлендіре түсіп, өзекті идеяға қызмет етумен ерекшеленеді. Өлеңдеріндегі «от болып жанған, шоқ болып жатқан күндер», «ақ боранды аяз қысқан түндер» лирикалық қаһарман күйзелісін ашуға бағытталған.

Т.Молдағалиев махаббатты жырлауда көбіне сезімді табиғат аясында суреттейді. Мәселен, «Көктем түні» өлеңінде:

Қыз бен жігіт бейнесін
Құшағына орап ап,
Мәз болысып, сөйлесіп,
Кетті толқын домалап.
Бәрін көрдім дегендей
Ай барады тау асып.
Жұлдыздар тұр көгенде
Бір-біріне қарасып. [1, 78]

Үзіндіде автор қыз бен жігіт бейнесін табиғатпен байланысты суреттейді. Толқын кәдімгі адамша «мәз болып», «сөйлесіп» және де құшағына орап алады. Ақын шеберлігі сол – аз сөзбен көп сурет бере алған. Мәселен, қыз бен жігіттің қалай тұрғандығын, т.б. жіпке тізе бермей, оны «Ай барады тау асып», «Жұлдыздар тұр көгенде // Бір-біріне қарасып» қолданыстары арқылы табиғатты *жандандырса*, «Бәрін көрдім дегендей» теңеуі арқылы да жайып салады.

Т.Молдағалиев махаббатты жырлауда лирикалық қаһарманның ішкі сезімін де сәтті өріп береді:

Ел көшіп кеткен ұқсаса кеудем далаға,
Сен кінәлі емессің, жаным, сен кінәлі емессің. [1, 71]

Автор ішкі сезімді беруде теңеуді сәтті қолданады, яғни, «ел көшіп кеткенге» ұқсауы кеуденің «бос» екендігін танытумен бірге ақынның өзіндік сөз қолданысы. Келесі тармақтарға үңілсек, ақынның келісті сөз саптауларын байқаймыз:

Шуақты күлкің, *арманшыл қара* көздерің
Кетті ғой, рас, бақыты болып өзгенің. [1, 71]

Ақын дәстүрлі эпитеттерді орынды жұмсайды. Лирикалық қаһарман өзі ұнатқан қыздың бейнесін бір-екі детальмен танытады, яғни, «шуақты күлкің» эпитеті арқылы оның айналасындағыларға жылу шашатын тартымды, қылықты қыз екендігі, «арманшыл қара

көздерің» қолданысынан қыздың тартымды сұлулығы аңғарылады. Сонымен қатар лирикалық қаһарман сезімі де, ішті өртеген өкініш болмаса да бір ауыз сөзбен беріледі. Осы өлеңдегі «Лаулап бір жанған *махаббат оты* неге өшсін» деген тармақта да жиі қолданылатын, әсіресе, махаббат тақырыбында орын алған «махаббат оты» метафоралық тіркесі кездеседі.

Осы тәріздес метафоралық тіркес мына өлеңде де бар. Мысалы:

Жан сәулем, ынжықтықты кешесің бе,
Көз жасым тұр *бақыттың кесесінде*. [1, 74]

Осы үзіндідегі құбылтудың түрі ақынның өзіндік сөз саптауын да аңғартады. Қарапайым адамның бақыт пен кесе сөздерінің сөйлем құрауының өзі екіталай еді, ал ақын сезімге әсер ететін, бір-біріне қатысы жоқ сөздерді сәтті қиыстырған. Осындай сөз саптаулар басқа өлеңдерінде де бар. Мысалы,

Жасым кіші болғанына өкінгем,
Өкініштің бұлты ұялап кеудеме. [1, 79]

Осындағы «өкініштің бұлты» метафоралық тіркесі – ақынның өз қолтаңбасының айғағы. Сол бұлттың «ұялауы» да ауыстырумен сәтті берілсе, оның кеудеге ұялауы да оқырманға әсер етпей қоймасы анық.

Келесі бір өлеңінде:

Махаббат боп сен тұра бер, сәулешім,
Адалдықтың мен де жолын бұзбайын. [1, 82]

Тармақтардағы «адалдықтың жолы» деген дәстүрлі болып кеткен метафоралық тіркесі де – Т.Молдағалиев қолданысының айнасы.

Әдетте, жиі кездесетін тіркестермен қатар, Т.Молдағалиевтің стиль ерекшелігін танытатын қолданыстары да мол. Келесі тармақтардағы

Тұрды ғой *от сезімдер* жанарда көп,

Имендік біреу байқап калар ма деп, [1 74] - «от сезімдер» тіркесі де көп ойды аңғартады. Әдетте сезім сөзі «нәзік сезім», «ыстық сезім», т.б. сөздермен тіркесіп жұмсалса, ақын екі адам арасындағы ынтықтықты «от сезім» *метафоралық эпитеті* арқылы жеткізген.

Ғашықтық жырларды ақындар, көбінесе, сүйген, ұнатқан адамына арнап жазатындығы белгілі. Көп ғашықтық жырларда сұлу қыздың тұтас портреті берілмесе де, сұлулығын танытатын жолдар, қолданыстар, шумақтар жиі кездеседі. Т.Молдағалиевте де ондай өлеңдер жоқ емес. Мәселен, бүгінде жастардың, халықтың арасында жиі айтылатын әнге айналған өлеңнің мына бір тармақтарына назар аударайық:

Қара көзің, қара шашың төгілген

Қара көзің не жылаған, не күлген.

Қалтырағты менің тұла бойымды

Бала кезден соған ғашық едім мен. [1, 78]

Қыз да әсем, қыздың әсемдігін әйгілеген өлең де әдемі. Алдымен өлеңнің әуезділігі, құлаққа жағымды, көңілге қонымдылығы назар аудартады. Бірыңғай «к» дыбысына құрылған дыбыс қайталаулар ғана емес, сонымен бірге көбінесе жағымсыздықты білдіретін «қара» сөзінің өзі бұл өлеңде сұлулықты паш етіп тұр. Бірі екіншісіне сәуле түсіретін әрі оқырман назарын өзіне аударту үшін қолданылған «қара» сөзін қайталаулар сонымен бірге эпитет болып табылады. Ақын қыз шашының ұзындығын «төгілді» ауыстыруымен береді. Өзі қара шаштың төгіліп тұруы лирикалық қаһарманмен бірге оқырманды да сезімге бөлейді. Келесі шумақтарда лирикалық қаһарман ойы өрнектеледі:

Жүрегімде жоқ алдамшы бөтен ой,

Алдай алсаң, сен-ақ алдап кете ғой.

Өлімді адам мойындаған секілді

Махаббатты мойындайды екен ғой. [1, 78]

Көп өлеңдерде жиі кездесетін «ой» сөзі «алдамшы бөтен» эпитетімен берілген. Автор бұл қолданыс арқылы лирикалық қаһарман сезімінің таза екендігін, көңілінің ақ екендігін жайып салады. Ал соңғы тармақтардағы пәлсапалық ойлар, өмірден түйгендері теңеу арқылы өріледі.

Ақынның ендігі бір «Сыр» өлеңінің де көркемдік ерекшеліктері назар аудартады:

Жақсы көрдің, ғашық болдың бір қызға,

Қолың жетпес көкте тұрған *жұлдызға*.

Мен қоштадым тірлік – *қызғалдағыңды*,

Дедім саған: - Басқа адамға *жұлғызба!* [1, 79]

Үзіндідегі «жұлдызға» қолданысы арқылы ғашық болған қызын айтып ауыстыра қолданса, екінші жағынан символ ретінде де қарауға болады. Келесі тармақтағы «тірлік – қызғалдақ» ауыстыруы да алдағы тірлігіне қызғалдақтай болсын деген тілектен туған ауыстыруға ұқсайды.

Өткен сезімді қимай лирикалық қаһарман:

Аппақ еді, нәзік еді балғын ой,

Саған мәңгі тіледім мен абырой....

Махаббат – *оқ* бір-ақ рет атылған,

Махаббат – *жау* қан майданға шақырған... [1, 80] -

дейді.

Осындағы алғашқы тармақтағы ой сөзін аппақ, нәзік әрі балғын сөздері тұтаса келе ой сөзін айқындап тұр. Келесі тармақтарда махаббатты ақын оқпен ауыстырады. Олай қолдануының белгісі ретінде «бір-ақ рет атылған» қасиетіне қарай қолданылғандығы айтылады. Келесіде махаббатты жау сөзімен ауыстырады, мұндағы себебі де лирикалық қаһарманның жеке басындағы жағдайларға

байланыстылығы өлеңді тұтас оқығанда байқалады.

Махаббат сөзін ауыстыра қолданған қолданыстар мына тармақтарда да кездеседі:

Махаббат та дәл осылай – ерлік пенен батылдық,
Сен өтесің бар қиыннан жүрегіңді көпір ғып. [1, 80]
Лирикалық қаһарман махаббатты ерлік пенен батылдыққа балайды, себебі өзі басынан кешірген сол сезімнің неге жетелейтінін жақсы біледі.

Ақын Т.Молдағалиев өлеңдерінде әсірелеуге құрылған тармақтар да жоқ емес. Лирикалық қаһарман сезім үстінде:

Күннің өзін күлдіреміз екеулеп,
Нұрлы таңның бақшасында мекендеп. [1, 82]
Лирикалық қаһарман ғашық адамның көзімен қарайды. Оған айналаның бәрі де шуақты, жайдары, әсем, себебі көңіл-күй мен сезімін ғашықтық кернеп тұр. Автор осы әсерді жеткізуде «таң бақшасы» метафоралық тіркесін сәтті құрып, өзіндік сөз қолданысын танытты.

Ақын Т.Молдағалиевтің махаббат лирикасында суреттіліктен гөрі баяндауға құрылған шумақтар да бар. Ол тармақтар арқылы автор лирикалық қаһарман сезімін танытқан:

Сен түсіме кіресің күнде менің,
Саған деген махаббат бұл дегенің.
Сен ән шырқа деген соң ән шырқадым,
Сен үндеме деген соң үндемедім. [1, 101]
Шумақтың әр тармағы бірыңғай «с» әрпіне аллитерацияға құрылып, өлеңге әуезділік дарытып тұр. Аллитерацияны қолданған ақын өлеңнің құлаққа жағымды естілуіне, әуезділігіне мән берген.

Т.Молдағалиевтің «Бала күнде сонау қалған» деп басталатын өлеңінің мына шумақтары оқырманды жылы сезімге бөлейді:

Мен кетіппін басқа жанның

Жанарының шуағына жылынып.

Сол орамал – жастық жалын

Жүрегінде қап қойыпты тығылып.

Жылдар кейін қарар емес,

Өмір – тұлпар қаңтарылмас белдеуде.

Аузым, әттең, барар емес

Со бір аппақ орамалды бүгін маған бер деуге! [1, 124]

Махаббат тақырыбы әлемінде өзіндік поэзия топтамасын қалдырған ақын Т.Молдағалиев поэзиясында идеяға жету мақсатында шарттылық, дерексізді жандандыру, дерексізді заттандыру, теңеу, эпитет сияқты басқа да көркемдегіш құралдарды өрілте пайдаланған.

Шығармада, нақтырақ айтсақ, поэзияда ақын өз ойын анағұрлым әсерлі жеткізу жолында көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін дерексіз ұғымдарды заттандырып, сол арқылы жандандырып жырлау барысында туынды әсерлігін күшейтеді. Мұндай әсерлілік Т.Молдағалиев шығармаларында да молынан кездесіп, өзіндік бір озық үлгісін береді.

Мен сені көрмесем де ғашық боппын,

Жүріппін мұңға батып жасып көп күн,

Самалмен бірге кіріп көкірегіме,

Көңілімнің терезесін ашып кеттің.

Келтірілген үзіндіде «Жүріппін мұңға батып жасып көп күн» тармағындағы «мұңға бату» тіркесі лирикалық қаһарман сезімін ашуға мегзеліп, сол тұстағы оның махаббат сезімінің салмағын діттеуге арналған. Әдетте «бату» сөзінде жағымсыздық реңк бары белгілі, ал бұл жерде жай бату емес, «мұңға бату» лирикалық қаһарман бөленіп отырған қайғының қаншалықты екенін анықтауға қызмет етіп тұр. Әрі дерексіз мұңның пішін,

қалыпқа ие болғаны соншалық, оның батуы дерексізді заттандыра отырып, әсерлі кестелеудің нышанына айналған. Келесі тармақтарындағы лирикалық бейненің көкірекке самалмен кіруі. Сөзбе-сөз түсіндіргенде адам көкірегіне кіру мүмкін емес. Бұл тек шарттылық нәтижесінде ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондай-ақ соңғы тармақтағы «көңілінің терезесін ашып кетуі» лирикалық қаһарманның сезім салмағын арттыра түседі. Осы жолдағы «көңіл терезесі» тіркесін ауыстыру тіркесі (метафоралық тіркес) деп аламыз.

Ақын тілінде дерексізді жандандырулар да өз шеберлігімен көрінген.

Кейде тасып, кейде жасып,

Үнсіз мұңға берілем.

Кейде онымен қолтықтасып,

Жүрген жандай желігем.

Келтірілген мысалдағы «қолтықтасып» сөзінің көмегімен дерексіз «мұңның» жандануы (адам ғана қолтықтасып жүре алады) жүзеге асқан. Т.Молдағалиев тілінде көздеген идеяға жету барысында осындай дерексіз ұғымдарды (мұң, көңіл, қайғы, т.б.) жандандыру, заттандыру молынан кездесіп, ақын суреткерлік шеберлігін анықтай түседі. Сондай-ақ ақын шығармаларында кейіптеуді ұтымды пайдаланудың да тамаша үлгілері кездеседі. Мәселен, «Сен кеткен соң албырт жүрген көңілім // Күздегі бұлт басқан таудан аумады» тармақтарындағы «жүру» сөзі кейіптеу екені сөзсіз. Жансыз көңілдің тірі жан иесіне тән әрекетке көшіп жүруі және оның шартты сөз қолданыс әсері екенін де айтқан жөн. Т.Молдағалиев ақынның тіліндегі арманға шөлдеу, жастық шақты өңгеру сынды шарттылықтар да көздеген идеяны ашу жолындағы әсерлік белгілері болмақ.

Жылайды жаным, жылайды менің жүрегім,
Жырқылдап жалған күлгенмен, - тармақтарынан
шарттылық жемісін көреміз. Мұның бәрі оқырман
аянышын, сол арқылы лирикалық қаһарман сезімін
қорғау идеясын негіздейді.

Т.Молдағалиевтің махаббат лирикасындағы
ауыстыруды (метафора) қолдануында шеберлік
айшықтарына куә боламыз. Лирикалық қаһарманның
сүйіктісімен болған шақтардағы көңіл-күйін көрсетуде
баламаларды түйдек-түйдегімен пайдаланған. Жұпыны
үйдегі жанның бейнесін нақты ашу барысында, ғашығы
жоқ өзін «күн қақтаған тақырға», ал ол бар жерде өзін
«найзағайға», «айдын көлге», «көгалға», «жанатын
отынға» балайды. Мұның бәрі лирикалық қаһарман
сезімін сәулелендіре түседі. Одан әрі ауыстырудың
ұлғайған түрі де ұшырасады. Ақын қызды мөлдір көзден
үзіліп түскен жасқа, көңілдегі қырды кезген қиялға,
көңілін күздегі күңгірт бұлт басқан тауға балайды.
Жекелеп қарастыратын болсақ, қыздың пәк сезімінің
символына айналған «мөлдір» сөзі лирикалық бейненің
бейкүнә қалпын ашуда ерекше қызмет етіп тұр.

«Ақын өлеңдеріне қарап отырсақ, мұңаю, уайымға
салыну да кезігіп қалып жатады. Алайда мұңаю,
жабығудың бәрі зиянды, мәні аз деуге болмайды.
Күйзелу арқылы да адамдардың өсу мүмкіндігі бар,
адамды жамандық арқылы сынап тексеру, оның
егілген тұстарындағы адамгершілігіне үңіле білу, адам
өмірін жан-жақты, терең зерттеуге бағыттайтын бір
жол осында. Т. Молдағалиевтің жетістігі де осы — ол
адамды шаттану ғана емес, қапаланған сәтінен де кең
алып, жан-жақты қарастырады.» [Жүсіпов Қ. Өлең —
сөздің патшасы. А, 1991ж.]

Қорыта келгенде, махаббат әлемінде өзіндік орны

бар ақын Т.Молдағалиев лирикалық қаһарман мен лирикалық бейне арасындағы сезім қылын шертуде жоғарыда келтірілген мысалдар әрі көркемдігімен, әрі бір-бірімен жымдаса келіп, махаббат тақырыбына назар аударуға, оны қорғау идеясын ашуға қызмет еткен. Бұл — қазақ поэзиясында ақынның өзіндік шоқтығы бар тұлға екендігінің дәлелі. Ойды жай жеткізу мен бейнелі жеткізудің арасындағы ара салмақты өлшеп жатудың өзі артық. Бейнелі сөз жағымды, әсерлі естілумен қатар, сөйлеушінің көңіл-күйін, көзқарасын, талғамын, бағасын байқататындығы анық. Белгілі ғалым Т.Қоңыров өте орынды аңғартады: «Ол - әдебиет өсіп-өнетін топырақ, ол – әдебиет тыныстайтын ауа» [Т.Қоңыров. Қазақ теңеулері. А., 1978 ж.]. Ендеше, махаббат лирикасы тақырыбын қарастырғанда да тіл бейнелілігі мәселесіне көңіл бөлген жөн.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Т.Молдағалиев. Үш томдық шығармалар жинағы. А., 1988 ж.

ЕСКЕ АЛУ

Бір кісідей нәр алып құтты өңірден,
Бұл өмірге ырзалық пәк көңілмен,
Жаны нәзік жаралған Тұманбайдай
Махаббаттың жыршысы өтті өмірден...

Сұлу сезім, тәтті ойдан жаратылған
Өлеңдері жастармен таң атырған.
Тұманбайдай бақытты ақын жоқ-ау
Жыр көгінде тұлғасы дара тұрған!

Айгүл НАЗАРЫМБЕТОВА,
№163 мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.

Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы.

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ БАЛА ДАМУЫНДА АЛАТЫН ОРЫНЫ

Қоғамдық жаңғыру кезеңінде, Қазақстандағы әлеуметтік, саяси, экономикалық қатынастардың институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойылып отыр. Осының өзі қоғамдағы отбасының орыны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп, жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты. Қазіргі педагогика, қоғамтану, саясаттану, психология, философия, әлеуметтану, демография секілді ғылым салалары адамның дамып қалыптасуындағы отбасының өзіндік орынын баса көрсетуде.

Отбасында ата-ана өзінің баласын қандай адам етіп тәрбиелеуді өздері алдын ала белгілейді. Отбасы тәрбиесінде қолданылатын әдістер де өзгеше екені белгілі. Онда баланың аз да болса өзіндік өмір тәжірибесі, әдет, дағдылары, құмарлығы мен қызығулары қалыптасады. Көптеген ғылыми-педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде қоғамдық мекемелердегі тәрбие қаншалықты ғылыми негізді болса да, баланың дамып-қалыптасуына отбасы тәрбиесінің ықпалының аса пәрменді болатынын көрсеткен. Бұлай болуының басты себебі – отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-

қатынас сипатында екені тағы белгілі. Алайда Кеңес одағы кезіндегі идеологияға байланысты отбасы тәрбиесі адам өміріндегі басты кезең емес, керісінше, оның құны төмендеп, қоғамдық тәрбиеге ерекше мән берілгені белгілі. Сол себепті Кеңес одағындағы азаматтардың өмірі туған күннен бастап алдын ала жоспарланатын – ясли, балабақша, бастауыш мектеп, орта мектеп, кәсіптік орта оқу орындары, жоғары мектеп, т.б. баланы отбасында емес, мектепте тәрбиелеу, оқыту арқылы ұйымдастыру бағдарламалары жасалып, жұмыс жүргізіле бастады.

1994 жыл Біріккен Ұлттар Ұйымымен Халықаралық отбасы жылы деп белгіленіп, әлемдік қауымдастықтың бұл мәселеге мән берілуі көзделген еді. Осы шараның нәтижесі ретінде қазіргі күні Қазақстанда «Отбасы және демография», «Отбасын әлеуметтік қамсыздандыру қоры», «Ана және бала денсаулығы» секілді ұйымдар қызмет етуде. Атаулары көрсетіп тұрғандай, бұл ұйымдардың әрқайсысының өз функциясы бар болғанымен, олар ата-аналардың педагогикалық сауатын ашу, отбасы тәрбиесінің шарттарымен қаруландыру мәселесін шешпейді. Баланың отбасынан қашықтап, оның ықпалынан сырт қалуының психикасына әсерін Т.В.Лодкина, А.И.Захаров, В.С.Мухина, Е.О.Смирновалар атап көрсеткен. А.Н.Леонтьев, С.А.Козлова сынды ғалымдар балаға отбасы жылулығының ықпалын айқындаса, жақын адамдардың ықпалын баланың алдымен сезініп, түйсінуі және сөз түрінде бейнелеуінің маңызын А.В.Запорожец, А.Д.Кошелева және т.б. белгілеген. Отбасы тәрбиесінің терең эмоциялы сипаты, қаны бір адамдар арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасы, ата-ана мен баланы жақындатудың маңызы

Ю.П.Азарова, И.В.Гребенников, Т.А.Маркова, А.Г.Харчев, т.б. еңбектерінен көрініс тапқан. Қазіргі заман отбасыларының дефектілерін М.И.Буянов «неблагополучные» дейді, З.Матеичик, Х.Фигдор, т.б. ажырасудың бала психикасына ықпалын белгілеген. Екінші некенің бала тәрбиесіне, дамуына теріс әсерін Е.П.Арнаутова, А.И.Захарова, Е.И.Кульчицкая, т.б., жалғыз бала тәрбиесі туралы А.П.Усова, егіздер тәрбиесін Р.Скиннер, К.Витек, т.б. зерттеген. Бала психикасының қалыптасуына ананың әсерін психотерапевт А.И.Захарова, психолог Д.Б.Эльконин, А.Я.Варга, т.б. зерттеген.

Отбасында бала тәрбиелеу ешқандай дайындықты керек етпейтін қарапайым әрекет секілді болып көрінеді. Көпшілік қауымның осындай көзқараста екені оларға қойылған сұрақтар мен өткізілген сауалнамалар, әңгімелерден белгілі болды. Жалпы мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі, бастауыш мектеп жасындағы бала тәрбиесі жан-жақты зерттеліп келгенімен, ауылды жерлердегі ата-аналарды отбасында бала тәрбиесін ұйымдастыруға даярлау не болмаса педагогика, психология саласынан элементарлық болса да білім беріп, сауатын ашу мәселесі елімізде әлі күнге зерттеуге алынбаған. Сондықтан бұл мәселелер педагогика, психология ғылымдарының алдындағы өзекті зерттеу аясын айқындайды.

Отбасы бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол – адам үшін ең үлкен мәнге ие орта.

Отбасы – белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан отбасылық өмір – жеке адамның азамат

болып өсуінің негізі.

Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Өйткені бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Оған дәлел: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми-техникалық және көркемдік шығармашылық үйірмелерінің жүйесін кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу; отбасы мүшелерінің демалуы үшін шипажайлардың, демалыс үйлерінің жүйесін кеңейту; аналар жағдайын еске алып әйелдердің халық шаруашылығына қатысуын үйлестіру.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру жатады.

Отбасы, барлық уақытта да, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасының өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуы.

Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады. Ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, өзара үйелмендік,

тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да – осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтану жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы адам. Ол балаға моральдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады.

Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білімі жоғары болған сайын олардың балалары мектепте жақсы оқиды. Қазіргі ата-аналар жұмысбасты болғандықтан, бала тәрбиесі көбінесе білімі төмен ата мен әжелерге жүктеледі.

Қоғамда жүріп жатқан тұрғындардың материалдық жағдайға байланысты жіктелуі отбасы тәрбиесіне материалдық жағдайы әр түрлі ата-аналардың қарым-қатынасына әсер етеді. Отбасында балаларға отбасылық бюджеттің 25-50%-ы жұмсалады. Материалдық кірісі мол отбасыларда педагогикалық көрсоқырлық, тойыну жағдайына алып барады. Тойынғандық дегеніміз – өмірге, өмірдегі материалдық және рухани құндылықтарға деген жеккөрінішті, келеке етерлік қатынас.

Жастайынан осындай ортада өскен балалардың

арасынан торығушылар, қаңғыбастар, «қызықты» әсерді іздеушілер өсіп шығады.

Қазіргі кезде отбасының «уақталу» үдерісі жүруде. Ол дегеніміз – жас ата-аналардан тұратын әжесіз, атасыз отбасылар. Бұл отбасының беріктігін нығайтып, дербес ұжымды қатынастырады. Қиындықтар достық пен ынтымақтастықты нығайтып, қуаныш пен қайғыны бөлісуге тәрбиелейді. Дегенмен, жас отбасында алғашқы кезде тұрмыстың түзелмеуі, бала тәрбиесі сияқты қиындықтар кездескенімен, оларды шешу – қоғамның құзырында.

Отбасы мүшелерінің келуі, туған бала санының азаюы да отбасы дамуының ерекшелігін құрайды. Қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте күрделі: олар – ата-аналардың жұмысбастылығын; мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеуі; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуы; әйел ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың «өзі үшін өмір сүруге» ұмтылған тоғышарлық ұмтылысы және т.б. Бала туудың азаюы – шағын отбасындағы тәрбие әдістерін жасау деген сөз және педагогикалық проблеманы алға тосады.

Қазіргі отбасы ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90%-ы – тұрмыс қолайсыздығы мен дайындықсыздың салдары. Дегенмен, барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс-жанжал, отбасылық кикілжіңнің алдын алады.

Бір балалы отбасы көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын

жағдайға қалдырады. Мұндай отбасыларда аға, әпке сияқты, тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сынып кезінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз.

Нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті — қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеппен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ алып-сату пайда табу немесе пайдақорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әр түрін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне «өзінше» қиындық әкеледі.

Өркениетті қоғам дамыған сайын отбасындағы бала саны азайып келеді. Аз бала отбасында, негізінен, бір баласы бар отбасында, ішкі отбасылық тәрбиенің ең

басты жағдайы жоқ, ол – балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік жақтарын басым етеді.

Толық емес отбасында, ата-анасының біреуі жоқ болған отбасыларда тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай отбасылардың көбінде ана және бала ғана болады.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы – ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі, көбінесе, насихат, жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады.

Микроклиматы жағымсыз, отбасы өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айқай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекеттерге толы отбасында тәрбие проблемалары туындайды.

Ата-ана құқығынан айырылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет оларды ата-аналық құқықтарынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте олардың өмірі өз мәнін барынша жоғалтады, өйткені өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді.

Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жекеменшіктің пайда болуына, жеке адамның баю мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты отбасылар пайда болып бастайды. Мұндай отбасыларда тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе мұндай отбасындағы

бала балалар ұжымдарынан алшақ болады, оның ерекшелік сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін.

Отбасының жоғары материалдық ауқаттылығы отбасы жұмысын ұйымдастыруда қолайсыз жағдайлар туғызады. Мектеп отбасы әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды жеңуге тырысуы керек.

Осылайша, демократиялық қоғамда ата-ананың бала тәрбиесіндегі қызметі толығымен қалпына келетінін есте ұстауымыз керек. Алайда қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бала тәрбиесінде қиыншылықтар туғызып отыр. Ата-ана мен отбасы тәрбиесінің маңыздылығы – баланың құндылық бағыттарын, оның моральдық қасиеттерін қалыптастыру.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру. Бұған баланың күн ырғағы, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті бос уақытын ұйымдастыру жатады.

Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі – ұтымды ырғақ жасау. Күн ырғағына өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен, кезектесіп өтуі, талаптарды орындау, жақсы әдеттерді қалыптастыру жатады.

Балалардың күн ырғағы И.П.Павловтың іліміне негізделеді. Ол жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігін көрсетті. Күн ырғағы баланы жинақтылыққа, тіл алғыштыққа, дәлдікке, мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Күн ырғағын жасауда ата-ана баланың жасын, үй

жағдайын, денсаулығын, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің кеңесін, отбасы мен мектеп ырғағының бірлігін еске алуы тиіс. Отбасында күн ырғағының негізгі элементтері – еңбек, демалыс, ойын, сабаққа дайындалу, тамақтану, ұйқы, т.б. дұрыс алмасып отыруы қажет. Күн ырғағын сақтау негізінде мидың үлкен жарты шарының қабында рефлексстер жүйесі пайда болады. Мысалы: бала белгілі бір уақытта ұйықтауға үйренсе, оның ми қабатында тежелу үдерісі басым болады да, тез ұйықтауға кіріседі. Сондықтан ата-аналар балалардың белгілі бір уақытта сабаққа дайындалуға, тұруға үйретулері, яғни, ырғақ элементтерінің берік орындалуы тиіс.

Сонымен, дұрыс ұйымдастырылған күн ырғағы белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады, ал әдет келешекте бала қажетін қанағаттандырады.

Отбасы жағдайын және баланың жас ерекшелігін ескере отырып, оны ата-аналар түрлі еңбек іс-әрекеттеріне үйретулері қажет. Бала – отбасы мүшесі, ол өз міндетін адал ниетпен орындауы қажет және оның өз міндетін адал ниетпен орындауы – зор қуаныш. Отбасының бала еңбегіне артық салмақ түсірмей, парасатты ұйымдастырғаны жөн. Үйге берілген оқу тапсырмаларын үнемі орындап отыруға бақылау жасау, көмектесу, балаларды өз бетімен жұмыс жасай білуге үйрету.

Балалардың бос уақыты – бұл шығармашылық елігу, қызығу дүниесі. Бала бос уақытында қоғамдық пайдалы істерге, спорт ойындарына, кинофильмдерге, спектакльдерге қатысады.

Көптеген отбасыларында ата-аналардың балаларымен бірігіп серуендеуі ізгі дәстүрге айналады. Егер ата-аналар қоршаған табиғат және өз өлкесінің көз

тартарлық көрнекі орындары жөнінде әңгіме өткізсе, мұндай серуендердің танымдық маңызы зор болады.

Отбасылық тәрбиенің басты жағдайларының бірі – бұл ерлі-зайыптының өзара махаббатына, көзқарасының, мүдделерінің, сенімділіктерінің және ұжымдық іс-әрекеттерінің бірлігіне негізделген татулық. Мұндай ортада қиыншылықты жеңе білетін қабілетті, байсалды, ақжарқын адамдар өседі. Олар ұжымда жеке басының қамын ойламайды, басқа адамдар үшін де өмір сүре алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ю.П.Азаров. Отбасы педагогикасы. М., 1985.
2. К.Оразбекова. Отбасы психологиясы. А., 2000.
3. А.О.Пинт. Ата-аналар, сіздер үшін. А., 1972.
4. В.А.Сухомлинский. Ата-ана педагогикасы. А., 1983.
5. В.А.Сухомлинский. Балаға жүрек жылуы. А., 1976.
6. Ж.Қоянбаев. Семья және балалар мен жетекшілер тәрбиесі.
7. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. А., 1995.
8. В.Сатир. Как строить себя и свою семью. М., «Педагогика-Пресс», 1992.

ОТБАСЫ

Жақсы адамдар алдыңнан жол ашады,
Ал жаманы талтүсте адасады.
Егер көңіл бөлмесек отбасына,
Онда елдің белгісіз болашағы...

БАЛА ТӘРБИЕСІ

Адам баласының қасиетті міндеттерінің бірі – дүниеге ұрпақ әкеліп, артына із қалдыру. Баласының жақсы болғанын армандамайтын ата-ана жоқ. Тіпті, баласының болашағы үшін отқа да, суға да түсетін ата-аналар да баршылық. Кейде баласының келешегіне алаңдаған ата-ана өз мекенін ауыстыруға дейін барады. «Ұлың жақсы болсын десең, ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол» деген өнегелі сөз де содан шықса керек. Бала тәрбиесі туралы сөз ете қалғанда, «Алты айлық баласын тәрбиешіге әкелген ата-анаға, сіз балаңыздың 1,5 жыл тәрбиесін өткізіп алдыңыз, баланы іштен тәрбиелеу керек» деген еврей халқының мысалын келтіріп жатамыз.

Жер бетінде қазақтан асқан балажан адам жоқ шығар. Бір қызын бір ауыл болып тәрбиелейтін халықтың өз үлгісі өзінде.

Бала тәрбиесі – қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Бірақ баламызды осы мақсаттарға сай тәрбиелеу үшін үлкен еңбек, күш-жігердің қажет екенін бәріміз білсек те, мойнымыз жар беріп, бала тәрбиесімен айналыса бермейміз. Кейін баламыз есейген сәтте, «сен маған тартпағансың, мынаны олай істемедің, ананы бұлай істемедің, өмірге,

іс-әрекетке қырсызсың» деп кінәлап жатамыз.

Баланың әр қылығы қызық. Бірақ сол қызықтауды да талғап, талдап қарамаса тағы болмайды. Кішкентай кезде баламыздың әрбір сөзін, одан қалса, біреуді сыбағандығын әуес көреміз, оны тіпті ересектерге айтақтап, қыздыра түсетініміз тағы бар. Баламызды үлкендерді сыйла, құрметте деп тәрбиелеудің орнына өзіміз теріс жолға салып отырғанымызды бағамдай бермейміз-ау! Кейін өскенде сол баланың өз ата-анасына тілі тимесіне кім кепіл?! Бала кез келген істе өзін ынталандырып, өзгелердің қолдайтынын сезсе, сол іске бейімделіп, әдеттеніп кетеді.

Бала тәрбиесіндегі тағы бір кемшілік – бала жетістігін көре білу, жігерлендіру, ынталандырумен байланысты. Баламызды мадақтауымыздан гөрі, жекіруіміз асып түсетінін мойындауымыз керек.

Біз баламызға үнемі талап қойғышпыз. Әуелі талапты қоймастан бұрын, балаға өзіміз үлгі көрсетуіміз керек емес пе? Қонақ келсе баламызды басқа бөлмеге жіберіп, кейде тіпті дұрыс тамақтандыруды да ұмытып жатамыз. Баламыздың туған күн тойын атап өтеміз, онда да баламыз үшін емес, көбінесе, өзіміздің ағайын-туыс, дос-жарандарымызға да арналатыны шындық.

Үй-ішінің ұсақ кикілжіңдерін балаға көрсетпеудің орнына керісінше болып жататыны да өкінішті. Бала көзінше қырсыз мінез көрсету де, өзге адамдарды жамандау да бала бойында теріс көзқарастарды қалыптастыруға негіз болады.

Жалпы біз балажан халық болғанымызбен, оны тұлға деп танып, ақыл иесі ретінде қабылдай бермейміз. Көпке топырақ шашудан аулақпыз, дегенмен, мұндай көріністердің арамызда көптеп кездесетіні анық. Біздің ойымызша, баламыз біздің айтқанымызды

істеп, айдағанымызбен жүретін, әлі ақыл-есі толмаған тіршілік иесі дейміз де, оған өте қатаң талап қоямыз. Сол талаптың үдесіне шыға білмесе, баламызды жер қылып жасытамыз. Үлкендер баласына үнемі жекіп, дауыс көтеріп сөйлейтін болса, бала жасық болып өседі. Осындай отбасында тәрбиеленген балалар екі түрлі болып өседі. Біреулері-бозөкпе, жасық болса, екіншілері- айқайлап сөйлемесең, сөз өтпейтін «сабаздың» өзі болып шығады. Алдыңғылары үнемі жалтандап, өздігінен шешім қабылдай алмаса, кейінгілері өмір бақи жүйкемізді жұқартып, бетіңнен алып отыратын болады.

Бала тәрбиесі кезек күттірмейтін, күн тәртібінен ешқашан да түспейтін өзекті мәселе болып қала бермек. Сондықтан да, мынау өзгермелі заманда баламызды өзімізге жат етпей, жақсы тәрбиелеудің бірнеше жолдарын ұсынамыз.

Бала тәрбиесімен айналысуда өз тәжірибемізден жинақтаған, ата-ана басшылыққа алу қажет деп санаған ұстанымдарды назарларыңызға ұсынамыз:

1) Баланың, ең алдымен, денсаулығын қадағалауға көңіл бөлу. Денсаулық – тәннің ғана емес, жанның да кепілі. Дені сау бала ғана оқу мен тәрбиеге ықыласты болмақ. Балаңызды кішкентай кезінен денсаулығын күте білуге, денесін шынықтыруға дағдыландырыңыз. Денесін шынықтырып қана қоймай, ұқыптылық пен тазалыққа да үйретіңіз. Үйрету дегеніміз тек қана ақыл айту емес, көрсету, өзіңіздің үлгі болуыңызда.

2) Баламен жақын дос, сырлас болуға тырысу. Бала үшін ең жақын адам ата-ана болғанымен де, бала ата-анасынан жасқаншақтап, ұялшақтайтын кездері жиі болады. Сондай сәттерде дұрыс қадам жасап, балаңызды бауырыңызға тарта білу өте маңызды.

Балаңыз өзінше жасырып жүрген сырын айтып, сізбен бөлісуі мүмкін. Сіздің балаңызға тұлға ретінде қарап, онымен ақылдаса отырып, бірлесе жұмыс істеуіңіз балаңызды жігерлендіреді, оның әр қадамын сенімді ете түседі.

3) Бала қандай да болсын қате іс жасаса, жекіп дүрсе қоя беруден гөрі түсіністікпен қарау әлдеқайда пайдалы. Ондай кездерде бала өзі де қуыстанып, ата-анасынан қорқып тұрады. Керісінше, балаңызға ақыл айтып, жол көрсетсеңіз, мұның пайдасы көбірек болмақ. Сондай-ақ кейбір кезде баламыздың беделін өзге балалардың алдында түсіріп жатамыз. Бұл баланың ар-намысына тиіп қана қоймай, оны өзге достарының арасында қор етіп көрсетеді, беті қайтқан бала көбінесе төменшіктеп жүреді. Ең бастысы – қателікті бетке басып, мойындатуда емес, жақсысын алдымен айтып, баланы жігерлендіре отырып, кемшіліктерін жұқалап жеткізу, сонымен қатар кемшіліктерді жою жолдарын көрсету.

4) Бала болған соң, өз қатарластарымен бірде дос болып, бірде ренжісіп жатады. Тіпті, кейде таяқ жеп келуі де мүмкін. Ондай сәттерде баланың арасына түспеген абзал. Бала қылығын жақтап, арасына түссеңіз, бала соған әдеттенеді, қит еткеннің бәрі өзiңiзге жеткізіп отырады. Мұндай жағдайда балаңызды сырттай бақылаған дұрыс. Балаңыз үнемі орынсыз таяқ жеп жататын болса, әрине араласуға тура келеді.

5) Балаңыздың немен айналысатынын, қандай іске икемді екенін бақылау. Шамаңыз келсе, баланы бейімі бар істерге баулыңыз. Мұндай істер баланы дамытып қана қоймай, басқа зиянды әдеттерден сақтайды. Бос, жұмысы жоқ бала зиянды істерге біртабан жақын болады. Баланы үнемі ынталандырып отыру керек. Бала

өз ырқымен істемеген істен тез көңілі суып, айналасына бейжай қарайтын болады. Баланы өз жасынан ерте шаршатып алудан сақтанған абзал.

6) Баланы еркін тәрбиелеу. Балаға қарым-қатынасыңыз жылы болғаны дұрыс. Балаға қатты сөйлеу оны сізден алыстатады.

7) Бала кішкентай кезінде барлық ақпаратты еш кедергісіз қабылдай береді. Сондықтан балаңызды ақпараттарды талғап қабылдауға, өзінің көзқарасын ашық білдіруге, ойланып сөйлеуге үйрету қажет.

8) Кейбір балалар табиғатынан тынымсыз болады. Балаңыздың бойынан осындай сипаттарды көрсеңіз көңіліңізге қорқыныш ұяламасын.

9) Бала тәрбиесіндегі ең негізгі тетік – баланы өз күшіне сендіріп үйрету.

Отбасында осы іспеттес, ақыл-кеңесті есіңізге ұстасаңыз, орыстың ұлы педагогы Сухомлинский айтпақшы, «мектептің басты міндеті – әрбір адамның дарындылығын ашу, оны толыққанды шығармашылық, интеллектуалдық еңбек жолына бағдарлау».

Осы баяндамамды атақты қазақ халқының мақтанышы, жазушы-педагог Мағжан Жұмабаевтың тамаша сөздерімен аяқтағым келеді.

«Бала ауру болса, баладан емес, тәрбиешіден; бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы».



ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Мазмұны

1-бөлім.

Қазақ фольклорының зерттелуіне шолу.

2-бөлім.

а) Қазақ мақал – мәтелдерінің танымдық сипаты.

ә) Қазақ халқының ертегілері мен жұмбақтары туралы.

3-бөлім.

Қорытынды.

4-бөлім.

Пайдаланылған әдебиеттер.

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе

Адамдықты іздесең,

Жаттап тоқы көңілге.

(С.Торайғыров)

Зерттеу мақсаты:

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі болғандықтан, оны білу – әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы. Осы тілді меңгеруде қазақ халықтық фольклорының алатын орыны ерекше. Ол тіл қазынасының ішіндегі – балқаймағы. Фольклор негізінен оқиғалар, фактілер, өмірлік жағдайлар, іс - әрекеттердің қалып – күйін құрайды.

Олардың мағынасы фольклорлық – бағыттаушылық

салада қалыптасады, себебі, халық даналығының басты мақсаты – рухтағы құндылықтар жүйесіне енудің амалы.

Мақал-мәтелдерде халық даналығы сәулеленіп, тіл иесінің өмірлік философиясының ұстанымдары, соны аяққандай алатын әлеуметтің арқасында этностың қарапайым – этикалық философиясы да көрінеді.

Зерттеу нысаны:

Қазақ фольклорының сипатын оқыту процесі.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Шығармашылық ізденісті дамытудың жаңа бағыттарын айқындау, оңтайлы құрылымын жасау.

Қазақ фольклорының зерттелуіне шолу.

XX ғасырдың соңындағы танымдық бағыттағы зерттеулердің басты ерекшелігі ретінде тілдегі адам фольклорының «этнос болмысы және тіл әлемінің өзара сабақтастығының зерделенуін» көрсетуге болады.

Мұнда «этнос болмысы» ұғымының аясына ұлттық діл, ұлттық сана, рухани-заттық мәдениет, филологиялық-діни дүниетанымын, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, жөн-жосық, ырым-жоралғы, т.б. ұлттық құндылықтар жүйесінің барлық компоненттері бірігіп, тіл фактілері өте кең ауқымда пайдаланылады.

Кез келген тілдің қоғамда қалыптасқан өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, екінші – көркем шығарма тіліне тән эстетикалық қызметі. Тілдің үшінші қызметі – кумулятивтік қызмет. Ол – тілдің ғасырлар бойы қалыптасқан сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізетін игілікті қасиет. Себебі, фольклор – бүкіл халықтың рухани қазынасын бойына жинап, сақтайтын, ұлттық рухтың табы сіңген рухани дүние.

Мәлік Ғабдуллин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген еңбегінде қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс – тіршілігін сипаттайтын мақал – мәтелдердің, ертегілердің өмір танытқыштық мәні мен қызметіне тоқталады. Автор өнер – білімді, ерлік – еңбекті, бірлік – ынтымақты уағыздайтын фольклордың мағынасын ашып, олардың әдеби – эстетикалық мәнін айқындай түседі. Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі фольклор барлық қырынан зерттеліп жатыр. Ғасырлар бойы жасалған фольклордың танымдық, ұлттық – мәдени, салт – дәстүр, т.б. ерекшеліктерін таныту да – бүгінгі күннің басты талабы.

Мұзафар Әлімбаевтың да аударма мәселесіне қатысты 1967 жылы жарияланған «Өрнекті сөз – ортақ қазына» атты зерттеуінде қазақ фольклорының шығу тарихы, білдіретін мән – мағынасы, қолданылуы және жаңа мақал – мәтелдердің жасалу жолдары жайында бағалы пікірлер айтып, орыс тілінен қазақ тіліне аударудағы автор тәжірибесі ортаға салынады.

Қазақ фольклорының танымдық сипаты.

Тіл халықтың мәдени-ұлттық ментальдылығын танытып, адамның дүние туралы білімін қалыптастырады. Өмір сүру барысында шынайы дүниенің моделін жасайды, сол арқылы танымның нәтижесін сөзде бекітеді. Тілдік тұлға тілдің сол бейне шеңберінде қолданылады.

Кез келген халықтың ауыз әдебиеті бар. Ауыз әдебиеті ғылымда «фольклор» деп аталады. Фольклор – ағылшын сөзі. Қазақ тіліне аударғанда «халық шығармасы», «халықтың ауызша шығарған көркем сөздері» деген мағынаны білдіреді. Фольклор жазба әдебиетінен бұрын туған. Шығармалар ауыздан – ауызға ауызша тарап, біздің заманымызға жеткен.

Халық жақсы, бақытты өмірді болашақтан күткен, болашаққа сенген, армандаған. Бұл арман халық шығарған көркем шығармалардан орын алған.

Шығарма мазмұнын халық есінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген. Ауыз әдебиетінде халықтың өмірі, тұрмысы жан-жақты қамтылған. Сондықтан әдебиетті халық өмірінің айнасы деп тегін айтпаған.

Қазақ ауыз әдебиеті әр салада дамыған. Оның негізгі түрлері:

- ертегілер;
- мақал-мәтелдер;
- жұмбақтар;
- эпостық жырлар;
- лиро-эпостық жырлар;
- тарихи жырлар;
- тұрмыс-салт жырлары.

Ауыз әдебиеті жазба әдебиетінен бұрын туған. Ауыз әдебиеті де, жазба әдебиеті де көркем туынды болып есептеледі. Екеуінің өзіне тән айырмашылықтары бар. Ауыз әдебиетінің жазба әдебиетінен айырмашылығы:

1. Ауыз әдебиеті – ұжымдық шығарма. Ауыз әдебиеті шығармаларының белгілі, нақты авторы жоқ. Жазу болмағандықтан алғашқы шығарушылар ұмытылып қала берген.

2. Ауыз әдебиеті – көп нұсқалы шығарма. Шығармалар ауыздан-ауызға тарау арқылы өзгерістерге ұшыраған. Айтушылар өздерінің өзгертулерін енгізіп отырған. Сондықтан олар көп нұсқалы болып келеді.

3. Ауыз әдебиеті шығармаларында қайталаулар, тұрақты ұйқастар, қалыптасқан дағдылы сөздер жиі кездеседі. Мысалы, қазақ ертегілерінің басым көпшілігі:

«Ерте, ерте, ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен,

Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен»,-
деген жолдармен басталады.

Қазақ халқының халық ауыз әдебиеті – бай, асыл қазына. Одан біз халқымыздың тарихын білеміз, қазіргі заманымыздың маңызын түсінеміз.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілері халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен таныстырады, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелейді.



«Өнер алды – қызыл тіл» деп көркем сөздің адам өміріндегі маңызын халқымыз жоғары бағалап, ауыз әдебиетінің түрлерін балаларды табиғатпен таныстыруда, оларды еңбекке, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеуде ұтымды пайдалана білген. Үлкен тойларда, жиындарда ақын-әншілер айтысып, өнер сайысын өткізетін. Осы жөнінде Сәкен Сейфуллин «Үлкендердің құрған әңгіме, жыр-дүкені балаларға сабақ, оқу, өнеге болады»,- деген.

Халқымыздың асыл мұрасы – ауыз әдебиеті қазақ елінің сан алуан салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен таныстырады, әр кездегі адамдардың арман-тілегін, көзқарастарын білдіреді, терең мағыналы, қанатты көркем сөздері оқушылардың талғамдарын күшейтіп, дұрыс сөйлеуге үйретеді.

Әдеби ертегілердің кәдімгі ертегілерден айырмасы – оларды шығарған, жазған авторы белгілі болады. Әдеби ертегілер көбінесе ел арасында ауызша айтылып келген әңгіме-аңыздардың негізінде туады. Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» ертегісінде Толағай батыр туралы және батырдың атымен аталған Толағай тауы туралы аңызы арқау болған.

Орыс әдебиетінде А.С.Пушкин «Солтан патша туралы ертегі», «Балықшы мен алтын балық туралы ертегі», «Алтын этеш туралы ертегі» жазған. Әдеби ертегілер өлеңмен де, қара сөзбен де айтылады.

Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, шыншыл ертегілер болып бөлінеді.

Ертегілер ауызша айтуға құрылған. Ертегілердің дәстүрлі бастамасы, дамуы, шешуі болады.

Жұмбақтар

Жұмбақтар – фольклордың ең ескі түріне жатады. Адам атының үш қырлығын танытатын жанр. Ол барлық елдің әдебиетіне тән.

Ертеде адамның ақыл – ойының деңгейін жұмбақпен сынайтын болған. Жұмбақта белгісіз зат белгілі бір затқа салыстырыла суреттеледі. Жұмбақталатын заттар: адам, адамның дене мүшелері, табиғат туралы, оқу – білім, ғылым, техника жаңалықтары, т.б.

Қазақ жерінде балалар мен жастар жиналғанда жұмбақ айтысу өткізіп, ой жүйріктігін сынға салып отырған. Жұмбақты дұрыс шешу үшін бір затты екінші бір заттың түсіне теңеп салыстыру, ұқсас және ерекше жерлерін байқай білу қажет.

Жұмбақ көп оқуды талап етеді. Адамды көркем сөзге үйретеді, адамның ой – қиялын дамытады. Мысалы:

1. Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Сурет сала біледі.

(қырау)

Без рук, без ног, а рисовать умеет.

(иней)

2. Қысы-жазы шешпейтін көйлегі бар жасылдан,
Өзгертпейді еш кейпін жаралғандай асылдан.

(шырша)

3. Зимой и летом одним цветом.

(елка)

ФОЛЬКЛОР

Зор қазына – қазақтың фольклоры,
Алтыныңнан көреміз артық оны.
Өйткені, ол – құралы тәриенің,
Жас ұрпақты өсірген – салты, жолы!

Бала ғашық қызықты жұмбағына,
Ішінде оның ғажап сыр тұнғанына.
Еліктіріп аңыз бен ертегісі,
Керемет бір патшалық құрғанына...

Рамазан НҮСПОВ,

педагог.

Шығыс Қазақстан облысы,

Үржар ауданы,

Көктерек ауылы.

АБАЙ АЙНАЛАСЫ, МЕКТЕБІ

Ресей ғалымдары А.С.Пушкиннің ғұмырының 6 күні ғана зерттелмей қалды деген тұжырымды алға тартып, өкініш білдіреді.

Абай мен Шәкәрім бәйтеректің қос бұтағындай немесе құстың қос қанатындай ғұламалық білімнің, өнердің ажырамас құбылысын жасаған құндылық бастауы — «Алашорда» тұлғаларына ұласқаны баршамызға аян.

Большевизм мен Алашорда қатар өмір сүруі мүмкін құбылыс та емес. Мұны қазекең «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деп тұжырымдай салған.

Елімізде Мұхаңнан бастап, Қайым ақсақал қостаған талай ғалымдарымыз Абай тақырыбын, Абай қоғамын қомақты зерттегеніне куәміз.

Кезінде кейбір тұлғалардың еңбектері, маңызды халықтық оқиғалар туралы жақтың жігін мүлдем ашуға болмайтын да дәуірді кештік... Бұл тәсіл сол оқиғаны халық санасынан мәңгі өшіруге апаратын әккі жол еді. Тіпті, Абайға, қоғамға маңайлатуға келмейтін істердің, кейіпкерлердің нағыз халықтық еңбектерінің өңін айналдырып, кері ағар дәріптеу заңдылық құбылыс та болды. Солай болмаса, басқа жол да жоқ еді.

Халық ішінде сақталған «Құнанбайдай әкең болса, Абайдай балаң болса» деген сіңісті нақыл да бар.

Одан әкенің балаға, баланың әкеге деген сүйіспеншілігін, ыстық ықыласын, арасындағы тәрбиелі сыйласымдық, тапқырлық, білімпаздық, шешендік сынды үлгі-өнеге тұтарлық құбылыстарды байқауға болады.

Десе де, ел ішінде Ұлылар туралы олардың төңірегінде жинақталған кейбір елеусіз мысалдарға тоқталып өткенді жөн көрдік. Абай сүйер қауымға, оны зерттеушілерге мысқалдай болса да септігі тиіп жатса, нұр үстіне нұр жауар еді.

1. Абай бала күнінде бірде сырқаттанып қалған Құнанбайдың көңілін сұрап келген Ақ Найман Шаншар деген адамды аттандырып жатып:

- Жасыңыз 70-тен асса да неге жалғыз жүрсіз?- дейді.

- Е, басы-көзім сау болса, мені қайдағы жау алады дейсің,- деп, жүріп кетіпті. Құнанбай сонау әріден аңғаратын тәсілімен:

- Әй, балам-ай, мына пәледе нең бар еді, мені сипап өте шықты ғой,- депті. «Соқыр десе Құнанбайға тиеді» деген. Ел құлағына сіңісті болған қауесетті тағы бір еске алғандай күй еді.

2. Зайсан өңірі, ондағы Бұтабай болыс (Аға сұлтан да болыпты) ауылы Құнанбайдың аса бір сыйласып, қоян-қолтық араласқан ауылдарының бірі болған екен. Осы өңірге Құнанбайдың әпкесі Тайбала (Кейбіреу қарындасы дейді) ұзатылады. Тайбала да елі сыйлаған ақылды адам болады. Тайбала – танымал Алаш қайраткері – Отыншының әкесі Әлжанды тәрбиелеп, өсіріп жеткізген анасы.

Бірде Құнанбайды да Бұтабай қонаққа шақырады. Тегі бір сүріндіру мақсаты да болды ма екен. Ерден деген шешен адамды дайындаса керек. Ерден айтады:

- Құнанбай нөкерлерімен жайғасып отырғаннан

кейін, есіктің алдындағы қарсы беттен нөкерлерімен қоңыраулатып мен түсемін. Бәрің мені кұрақ ұшып қарсы аласыңдар. Құнанбайға сәлем берген соң қошаметтеп төрге Құнанбайдың жанына шығарасыңдар. Мен бір тізерлеп отырып, бір тостаған қымыз ішемінде, өте асығыс екенімді айтып, сендердің «Отыр» деп жабысқандарыңа қарамай шығып кетемін. Жік-жаппар болып тағы мені шығарып саласыңдар. Бүрсігүні Құнанбай аттанарда тағы келемін,- дейді.

Құнанбай нөкерлерімен аттанып жатқанда Ерден нөкерлерімен қайтып оралады. Қазақтың салты бойынша қонаққа хош айтып, ел салтымен қозы көш жерге дейін шығарысады. Ерденнің астына мінген құласы тік қарғиды да, ауыздығымен алысып, біресе Құнанбайдың қасынан, біресе топтың ішінен алғатын шауып ерсі әрекеттерді қайталай береді. Сонда Құнанбай:

- Ереке, атыңыз әлей, құс қанатты керемет жануар екен,- дейді. Ерденнің да күткені сол болғандай.

- Е, немене, Шыңғыстың бойындағы балалы сайтанды көрмей, менің астымдағы атымды көрдің бе?- деп тағы шауып кетеді.

Сөйтсе, Қодар мен Қамқаның атағы жалпақ елге әбден жайылып болған екен. Бұл оқиғаны ойластырып, ұйымдастырған Бұтабайдың әкесі деп те айтады.

3. Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңі Базаралының тақыр атын сипаттаған, аттың сыны туралы жазғаны екен. «Қолыма осы ат түспеді-ау!»- деп қызығатындар да мол болған екен. Бір болыс сайлауы кезінде тақыр атты ұры алып кетеді. Базаралы топты адаммен ат ойнатып, Құнанбай ауылына келеді. Шәкәрімнің 14-17 жас аралығындағы кезі екен. Жүгіріп шығып:

- Баз, аға, бір-бір сойылы бар кісің не? Атыңды мен іздетіп, таптырып берейін,- дейді. Базаралы:

- Әркім өз ағасына аударған заман, сен ез ағанды аударсаң, мен сені аудардым,- депті. Іс бітіммен тынады. Шәкәрім мен Базаралы өзара түсініскен.

4. Басында Базаралыны Құнанбай жақсы көріпті. «Базаралы қолын созғанда қашатын әйел бола ма екен?» -дейді екен. Оның үстіне Құнекеңнің Кіші жүзден асқабарғандағы Базаралыға берген бағасын қосыңыз.

Айдаудан қайтқан Базаралы Құнекеңнің үйіне сәлем беріп кіріп келе жатқанда, тоқал атып тұрып, сабаның піспегінің сабын ұстай қалады.

- Әй, байқұс, сенің осы жерің ғой талай жердің дәмін татқызған!- деп, ол базнамен тоқалдың сауырын қағып, төсін сипап, уқалап құшақтайды. Тоқал:

- Талай жердің дәмін татқызса, арамызда жеңгетай Құнанбай ғой,- дейді.

- Е, мен не деппін,- деп кәрілікке бой алдыра, басын көтере берген Құнекеңе:

- Еркек сен қызыққанда, Базаралыға әйел мен қалай қызықпаймын?- дейді Нұрғаным

5. Ақ қоян терісінен тігілген бөрік киген Базаралының басына қайта-қайта қарай берген Оспанға ол:

- Әй, әкем, өлмесек деген аң бар, соның терісі. Жасым жетті, өлмес үшін киіп отырмын,- депті.

6. М.Әуезов. 5-том. «Жазушы», Алматы, 1980 ж. 49-бет. «Оспанның Еркежан, Зейнеп, Торымбала деген үш әйелі бар» - дейді.

Оспан өлген соң, оның жесірі Торымбала ықтиярсыз Ұлы Жүз Қордай өңіріндегі нағашы жұртына келіп алады екен. Шашы ұзын, ерекше киінген аса сұлу көрікті адам екен.

Ол: «Менің теңім – қырғыздың манабы Шабдан

немесе Қордайдағы Жаныс Қасқарау Ноғайбайға тиемін. Абай мені алмады,- дейді.

Ол Ноғайбайға тиеді.

Ноғайбай Сұраубай бастаған нөкерлерімен Ұлы Жүз бен Орта Жүздің шекарасы – Ақсу маңына барып, Абай бастаған топпен жесір дауы бойынша келіссөз жүргізген екен.

7. Базаралы жазасын өтеп, алғаш Иркутскден оралған шақтың бірінде Абай бастаған топты адаммен бір үйде қонақта отырғанда сәлемдесуге Әріп ақын келіп қалады. Сонда Әріп:

Қолды жуып жатырмыз сапылдатып,

Тобықтылар ет жейді қапылдатып.

Қазы-қарта, жал-жая бар екенін

Қыран құстай шалдым-ау үйде жатып,- дегенде, топ ішінен біреулер: «Ой, өлеңінді Базаралыға арна, Базаралыға арна!»- деседі.

Базаралы – Қауменнің баласына,

Барып келдің Үркіттің қаласына.

Жазықсыз сонша жерге жер аудартар

Жақындап пең біреудің анасына,-

дегенде отырғандар Әріпті әрі қарай сөйлетпей, төрге шығарады.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дегендей, Мұқаң: «Абай алды әдебиет мектебі сияқты да болады. Тікелей шәкірттері – өз балалары Ақылбай, Мағауия және Көкбай, Шәкәрім», - деген еді. Абай бастауынан нәр алған шәкірттерінің бірі – Әріп Тәңірбергеновті Абай аса құрметтеген екен. Халқына қайта оралған Әріп қауышқалы көп уақытта болған жоқ. Ақындардың айтқан сөзі шапқан қылышпен пара-пар емес пе?

Абай Әріпті «Сыбанның көк перісі» дейді екен. Ол айттысқа түсіп, сөз қағыстырғанда селкілдеп кететін әдеті

бар, орыс және қытай тілдерін жетік меңгерген зерек адам болған екен Әйгілі «Біржан-Сара» айтысының авторы. Әріптің нағашысы – Тобықты елі. Сондықтан жиендік базынасын аямай-ақ тілімен төгілткен көрінеді. Бірде Абай Көкбайдың кебісін қояды. «Сыбанның көк перісі пәле іздеп отыр» деп Көкбай көрген бетте өлеңнің тиегін ағытады:

Тобықты ежелден-ақ аты шулы,
Шешесі жерік болып ішкен уды.
Жерігі «у» құдықтан қанбаған соң,
Баласы тентек болып солай туды.
Сонымен тентек болып шыққан мұқым
Кешегі ақ найзаның заманында
Қалмақ түгіл қазақтың алған зықын,- дегенде, Әріп
домбырасын қағып-қағып жіберіп:

Арғынның ақын Көкем – келімсегі,
Өзі – би, ешкімге жоқ берімсегі.
Өліп қалған шешесімен қалжыңдасып,
Кәдімгі бейне өзінің келіншегі.
Кім жамандап сөз қылар шыққан қапты,
Ол байқұс бар жазығы сені тапты.
Болмаса Қанжығалы қарт Бөгембай,
Қай Тобықты белсеніп қалмақ шапты?- деп төске
өрлейді.

Осылай басталатын екі ақынның айтысы ауыздықпен алысып, дес бермей қыза шапқан бәйге атындай, алма кезек сөз маржанын төгілдіреді. Абай екі ақынды одан әрі егестірмей, әрең дегенде: «Сыбанның көк перісін тышқан жеңбесе, адам баласы жеңе алмайды», -деп тоқтатыпты.

1924 жылы мамыр айында Үш биікте қатты ауырып жатқан Әріптің халін сұрауға Көкбай келеді де, былайша өлеңдетеді:

- Халімді келіп едім білейін деп,
Бір ауыз қалжың айтып көрейін деп.
Кеше гөр айтқанымды, жиен едің,
Жатырмысың ахиретке жүрейін деп.

Әріп:

- Халімді біле келген Көкбаймысың?
Артымнан өліп қалсам жоқтаймысың?
Сөзіңді сенің айтқан кешпей кетсем,
Өлген соң сүйегімді соттаймысың?
Мен кеттім дүниені саған тастап,
Өлмейтін ұзақ өмір сен-ақ жаса.
Шаншыма, шақпа тілді адам едің
Өлсең де қияметке соқпаймысың?
Осымен артты қысып тоқтаймысың?

Көкбай:

- Сабазым, әлі бүтін парасатың,
Тоқтадым, енді күй жоқ таласатын.
Сайраған сау кісідей, бұлбұлым-ай,
Кезеңге шығып тұрсың ары асатын.
Мүбәрак құтты қылсын сапарыңды,
Жұмаққа нәсіп етсін тартарыңды.
Бір туған парасатты, егізім-ай,
Бұзғалы енді тұрсың қатарыңды.
Бақыл бол, қолыңды әкел, жиен,
Ахиреттік сапарыңда жеңдің, жиен.
Қарағым, жадыраушы ем көргенімде,
Мұң айтар кісі де жоқ, қалдым иен.

Әріп:

- Хош, Көке, айтыса алдық бақылдықты,
Айтысып көп қолдандық ғапылдықты.
Көзіңнен мені қимай жас шығардың,
Елжіреп елестеттің татулықты.
Тапсырдым бір аллаға сені, Көке!

Дұғада есіңе ап жүр мені, Көке!
Келесің сен де бір күн өмір өтсе,
Уақытша қалып тұрсың сен бір күн ерте.
Алпыс асқан пайғамбардың жасындамын.
Отқа жағар ошақтың қасындамын.
Бойға біткен тамырлар солғын тартып,
Өлмесемде өлімнің қасындамын.

8. Абай болыстық сайлауға түскенде Тобықты елінен Тәуірбек деген қайратты, батыр тұлғалы, әрі шешен, ақын адам болыстыққа таласады. Сол Тәуірбек қалмаққа барымтаға барғанда қолға түсіп, 3 жыл тұтқында болады.

(М.Әуезов. 6 том. «Жазушы». Алматы, 1980 ж., 228-бетте.) «Ең әуелі Серкені сескендірмек болып, Тәуірбек дейтін Мұқырдың қазағы оны боқтап, тіл тигізеді. Бетін қайтармақ, жасытпақ әрекеті» деп атайды. Әріп жасы егделей бастаған шағында старшина болады. Құтты болсын айтуға, сәлем беріп Тәуірбек келеді де:

- Ассалаумағалайкум, кәрі старшина,
Ендігі кәрілердің бәрі – старшина.
Көрмегелі көп айдың жүзі болды,
Мал-жан аман ба, Әріп старшина? - дейді.

Әріп:

- Уағалейкумассалам, Тәуірбегім,
Мақтауға арғы атаңды ауыр көрдім.
Жібек бау арғымақтан озам дейсің,
Қалмақтан қаңғып келген жауыр көгім,- деп,
Абаймен болыстыққа түскен дәмесін алға тартады.

9. Әріп Сергиопольде (Аягөз) сотта тілмаш (аудармашы) болып қызметте жүргенінде Көкбай біреуден қарызын ала алмай сотқа шағымданады. Арызының аяғына көрші бөлмеде сотпен бірге отырған

Әріпке арнап бір шумақ өлең жазып жібереді. Сол шумақ:

Әрқашан Арғын – аға, Найман – кішік,
Найманша едірейме күйіп-пісіп.
Қызметімді тездеп бітір, төбеңмен жүр,
Күнде саған мәлимен ісім түсіп.

Әріп:

- Асықпа бітіремін қызметіңді,
Тапсырған құрбылықпен міндетіңді.
Арғынға Көкше сенен Қызай жақын,
Одан да түзесеңші өз бетіңді.

Көкбай:

- Көкше атам – Тобықтының бел баласы,
Бұл сөзіме ешкімнің жоқ таласы.
Нарынбайды Ташкендік сарт дейді ғой,
Сол секілді қазақтың бір жаласы.

Әріп:

- Тобықты Арғын емес Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің, өзің жүрсің.
Құдай куә теңдесім – Алтай, Қарпық,
Арғынмын деп көтерген кеудең құрсын!

Өлеңнің жауаптарын бір бөлмеден екінші бөлмеге хатшы жалғастырып әкеп тұрған екен. Абай бұл екеуінің айтысын төмендегідей қорытындылайды:

Ақ сопы дүниеден ұлсыз өткен,
Енеден жалшысынан бала біткен.
Өкіреш Найман ұлы болмаған соң,
Атасыз да Найман көп деп ап кеткен.

Жоғарыдағы «Қызай» руы Матайдан тарайды. Алатаудың ар жағында тұрады. Арқа елі ішінде сақталған ауыз деректерде «Жоңғар шапқыншылығы кезінде Ұлы жүздің бірқатар руларымен бірге Қызай елі жоңғарларға беріліп қалады. Кейін жаудың беті қайтып,

жоңғарлар ығысқанда Қызай руы Арғын, Найман руларына қосыла алмай, әлденеше көш қашықтықта көшіп отырған» екен дейді.

10. Құнанбай әкесі Өскенбайға сонау Көкшетауға апарып, Үш жүздің басын қосқан тарихи дүбірлі ас береді. Ол өлерінде балаларына айтқан өсиетінде:

- Маған дүбірлі, ұлан асыр ас бермеңдер! Айықпайтын дауға қаласыңдар!- депті Құнанбай өлгенде таяқ ұстап тұрған Абайға Арғын Сапық би келіп көріседі.

Абай мырза, мұңайма,

Мұңайғаның ұнай ма?

Қарсылық қылу бақилық

Бір жаратқан құдайға,- деген екен. Абай таяғын үйге сүйреп, бойын тіктеп тұрып биге ізеттілік көрсеткен екен. Құнанбайдың жаназасына 11 мың адам жиналған екен. Семейден ояз тәртіпті қадағалауға 200 солдат жіберіпті.

11. Абайдың кемелденген шағында кешкілікте қонақ үйіне Манап деген адам келіп қонады. Ел «Сары» дейді екен. Ертеңінде Манап аттанарда Абай:

- Ана кісі – абыройлы, малды адам. Тегін жүрмеуі керек, бұйымтайын сұраңдаршы!- дейді. Манап:

- Абай мырза, бұйымтайым – өз балам тілімді алмайды, соған кеңес салып келіп едім-дейді. Сонда Абай:

Өз ішіңнен шыққан қолаба,

Ұрып соққанмен бола ма?

Сыртынан оның байқап жүр,

Маңына бірақ жолама!- деп жауап береді. Мұндағы «Қолаба» деген сөз төлінен жеріген малды телітін құрым киіз екен.

12. Тоғжан жағынан оның шөбересі Үржар ауданының тұрғыны 75 жастағы Камалхан Сәдуақасқызы

Тоғжан жағында жинақталған деректерге төмендегідей сілтеме жасайды. «Абай Тоғжанды бір тойда көріп ғашық болады. Тоғжан 16-17 жастағы қыз екен. Абай 21-22 жас шамасында. Абай Құнанбайға Тоғжанды ұнатып қалғанын келіп айтады. Құнанбай Тоғжанның әкесі Сүйіндікке барып жолығады. Бірақ Сүйіндік келіспейді. Құнанбаймен бас араздығы бар екен. Және Тоғжанның ұзатылу тойына Құнанбай ауылын шақырмайды да. Абай жолдастарымен Тоғжанның ұзатылып бара жатқан көшін сыртынан келіп көреді. Көш жанына бара алмайды. Көзіне жас алып, көштің қарасы үзілгенше «Айттым сәлем, Қаламқас» әнін шығарып, айтып тұрған екен дейді.

Тоғжанның болашақ күйеуі Бодықбайдың 3 жасында әкесі өледі. Шешесі Көкпектіден Шыңғыстаудағы төркініне ертіп келеді. Содан Бодықбай нағашысының қолында оның баласы, Мотыш руы болып ержетеді. Кейін есейгенде Тоғжанмен Көкпектіге көшіп барады. Тоғжан екінші баласына босанған тұста үш-төрт көштік жерге Абай аң аулай жүріп, Тоғжанды іздеп барғанда суық тиіп, қатты ауырып қалады. Бір емшіні әкеп қаратқаннан кейін барып беті бері қарайды. Абай Тоғжанның күйеуіне арнап «Ақ қозы» деген өлең шығарады екен. Тоғжан туралы «Абай» журналының 2008 жылғы №3 санында жарияланған. Бүгінгі Абайды зерттеуші ғалымдарымыз «Мұхаң Тоғжан өміріндегі аумалы-төкпелі оқиғаларды әбден білген» деп пайымдайды.

(Жалғасы бар)

Көгершін ТӨЛЕУБАЕВА,
Семей қаласындағы
№3 жалпы орта білім беретін
мектеп-кешенінің мұғалімі.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ

(11-сынып)

Еңбек – адам тіршілігінің арқауы, өмір сүруінің басты шарты, оның жан дүниесінің, сана-сезімінің қалыптасуының негізгі көзі. Еңбек ету арқылы адам өзіне, өмір сүріп отырған қоғамына қажетті материалдық және рухани игіліктерді өндірумен бірге өзінің адамгершілік қасиеттерінің ұнамды жақтарын (еңбексүйгіштік, тәртіптілік, жинақылық, ұқыптылық, т.б.) біртіндеп қалыптастырып отырады, оның өзіне-өзі қызмет ете алу қабілеті, іс-тәжірибелік іскерлігі мен дербестігі, ынтасы мен тапқырлығы, белсенділігі шындала түседі.

Жеке тұлғаның тұтастай дамуының түп негізін құрайтын еңбек тәрбиесінің мәселесі – ұлы ойшыл Шәкәрімнің өз шығармашылығында арқау еткен басты тақырыптарының бірі.

Ақын-ағартушы Шәкәрімнің педагогикалық көзқарастары қыр халқының жас ұрпақты өсіру мен оқытып тәрбиелеудегі талаптарына сүйеніп негізделген. Шәкәрім Құдайбердіұлының педагогикалық

мұраларының негізі – “Қазақ айнасы” кітабында жастарды еңбекке баулу мәселесі сөз болды. Еңбек адамның ақыл-ойы дамуының маңызды факторы болып табылады. Балаларға, әсіресе, еңбек әрекеті үлкен әсер етеді, оларға заттар мен материалдарының жаңа қасиеттерін біртіндеп аша отырып, олардың нақтылы дүние туралы түсініктерін кеңейтеді.

Сондықтан да Ш.Құдайбердіұлының мұраларынан еңбекке үйретіп, өсіп келе жатқан ұрпақтың білім алуы мен тәрбиеге маңызды құрамды бөліктерін аңғарамыз. Ақын, ойшыл ұстаз Шәкәрім халықтың еңбек барысында әлеуметтік жағдайы, санасы, мәдениеті, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бір-біріне мейірбандығы мен парасаттылығы, ұлттық ерекшеліктері, салт-дәстүрі сол халықтың еңбексүйгіштігіне, еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін болжай білді.

Еңбек тәрбиесі оқу мен білім алудың негізі деп түсіндірген Шәкәрім Құдайбердіұлы жас ұрпақтың барлық тәрбиесінің көзін еңбектен іздеді. Ол еңбекпен қоғамдық еңбектің тұтастығын, парасаттылық, білімділік, мейірімділік сияқты ізгі қасиеттер жеке тұлғаның қалыптасуын қамтамасыз ететінін аса көрегендікпен дәлелдеді, оған өлең жолдарын арнады:

Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай, ар сақта, оны біл.

Талаптан да білім мен өнер үйрен,

Білімсіз, өнерсіз болады ақыл – тұл,- деу арқылы жастарды халыққа қызмет көрсетуге, еңбекке үндейді.

Күнделікті еңбек ету, тер төгудің маңыздылығын дәлелдейтін “Піскен мен шикі” атты мысал өлеңі арқылы оқырман ойына қозғау салады. Мұнда ақын анда жүріп елден адасқан бай баласы мен кедей баласының арасындағы аспан мен жердей айырмашылық – еңбекке

байланысты екенін шынайы суреттеп, ой елегінен өткізген. Ештеңе көрмей, “даяр асқа тік қасық” боп өскен бай баласы тіршілік тауқыметін тартып өскен кедей баласының анағұрлым өмірге икемдірек екеніне көз жеткізеді. Еңбек адамды ақылды да тапқыр ететініне иландырады. Адам бойындағы еңбекпен жинақталған тәжірибе өмір бойы саған жол көрсетеді, сенің темір қазығың деген философиялық тұжырым айтады. Шәкәрімнің пайымдауынша, барлық жаман әдеттен арылудың жалғыз жолы – еңбек ету.

Адамзат баласын алға жылжытудың, ой-өрісін ілгерілетудің де құралы – еңбекте деп пайымдайды. Оған ақынның мына өлеңдері тағы да дәлел:

Сен бола көр аққа жақ,

Болам десең адам.

Адал еңбек берер бақ,

Бассаң соған қадам.

Айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды жанның

Таппасы жоқ бұл өмірде, осынымды ұқ, балам!

Ал “Мал жимақ” өлеңінде “Еңбек етпеген ішіп-жемейді” деген халық қағидасын дамыта түседі:

Жатып ішкен жан тыныш, салғырт-салақ,

Оған арам характер, ой ойламақ.

Іздемеген кісіге қайдан келсін

Таза киім, жылы орын, таза тамақ.

Немесе:

Бастан таза жаратты, сен таза бол,

Ұқсаң, анық айттым ғой, бұл-тура жол.

Мақтан күйлеп, арамнан мал жинасаң,

Орның – дозақ, сорлы – сен, айтқаным сол!- деп арамдықпен мал жима, адал еңбекпен күнелт деген тағылымы мол ой айтады. Ақын өз заманының парасатты азаматы ретінде адамгершіліктің нәрін,

ақылдылықтың дәнін себудің негізгі жолы – адал еңбекке шақыру деп түсінді.

“Тумақ, өлмек- тағдырдың шын қазынасы” атты өлеңінде адам бар жерде қаза бар, ал өлмеу үшін мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек сияқты қасиеттерге ие бол деген ой айтады. Арттағы қалдыратын асыл ісің – адал еңбегің. Сол үшін келешек ұрпақ сені құрметтейді, мақтан етеді.

“Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр” өлеңінде “ақылмен әрекет ет, еш адамға зорлық қылма, ақылыңды таза, адал еңбекке жұмса” деген пікір айтады.

Сонымен қатар, ақын адамзат атаулының қас жауы, адамды алға бастырмайтын ең жаман қасиеттеріншектікті өткір сынға алады. Оның айтқанына көнсең, өмір бойы қор боласың, ол- өнер мен білімнің кеселі, өмір бойы жолыңды кеседі, адам бойында күннен күнге өседі,- деп қатаң сақтыққа шақырады:

Еріншектің несі артық өліктен де,

Өзің сына оларды көріп кел де.

Байқарсың еріншектің төмендігін

Көп мініп шабан тартқан көліктен де.

Ақын еңбектің жекелеген адам өміріндегі емес, бүкіл адамзат баласының биік рөлі мен тарихи маңызына зер салады: “Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбекті анық бақ” деп білді және өзі де адал еңбек етуге ант етеді:

Адамдық борыш, ар үшін,

Барша адамзат қамы үшін,

Серт бергем еңбек етем деп

Алдағы атар таң үшін!

Осылайша үн қатқан ақын өзгелерді де еңбек етуге шақырады. Кім еңбек етіп, халқы үшін адал іс тындырса, тарихта оның жарқыраған ізі қалады деп, еңбек етуді әрбір азаматтың қасиетті парызы деп есептейді. “Ең алдымен, барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу

керек” дейді Шәкәрім өзінің жаман әдеттерден құтылу жолындағы “Ар ілімі” жобасында.

Шәкәрім Құдайбердіұлының “Қалқаман- Мамыр”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Еңлік-Кебек”, “Нартайлақ пен Айсұлу”, “Дубровский”, “Қодардың өлімі” сияқты дастан-поэмаларынан да қазақ халқының тұрмысы мен еңбек дәстүрі туралы ойларын көруге болады.

Шәкәрім жастарды еңбекке тәрбиелеудің әртүрлі жолдарын, ең алдымен, отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын және мінез-құлығын қалыптастыруда отбасының рөлі ерекше зор екенін көрсетеді. Баланы тәрбиелеу дүниеге келген күннен басталу керек, сондықтан әр отбасын халықтық тәрбие әдістерімен қаруландыру қажет деп санады. Олар: баланы сүйу, оған сенім білдіру, үлгі-өнеге көрсету, борыштылық сезімдер. Мұның бәрі әке-шешенің балаға деген қатынасынан, үлгі-өнегесінен басталады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлім-тәрбиелік тағылымдары адамның бойына адамгершілік, еңбек қасиеттері оны ұлағатты ұстаз, ғалым, ұстаз тәрбиеші қатарына қосады.

Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдері еңбек тәрбиесінің құралы болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ұласатын өмірлік тәжірибені қалыптастырады және халықтың даму барысында шешуші рөл атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы еңбек тәрбиесімен қатар жүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шәкәрім. Иманым. А., «Арыс», 2000.
2. Ж.Әбиев, С.Бабаев, А.Құдиярова. Педагогика. А., 2004.

3. Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. (Құраст. Т.Шаңбай). Семей-Новосибирск, «Талер-Пресс», 2006.

4. Абай. 2001, №3, 65, 66-беттер.

5. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері. Конф.баяндамалары. Семей, 2005, 443-447-б.

**Гүлсім ТӨЛЕУҚЫЗЫ,
Қарағанды қаласындағы
№27 ЖББ орта мектебінің
математика пәнінің мұғалімі.**

ЖЕКЕ-ДАРА ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗІ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

Рухани әлеуметтік дамуда диагностика – ең қиын, өте күрделі процесс. Осы мақсатта қолданылатын әдістемелер күрделі және өте ауқымды. Қатесіз қорытынды жасауда, бірдей емес диагностикалық үміттілігін көтеруде денсаулықтың деңгейін анықтайтын комплексті тексеру жүргізіледі.

Ұстаз еңбегі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан ғана емес, мұғалімнің әдістемелік даярлығын да тұрақты жетілдіруді талап етеді. Іс-әрекет нәтижесінде сәйкес қойылған мақсат мұғалімнің педагогикалық процесс жағдайы жайындағы ақпараттарды игеру дәрежесіне тікелей тәуелді болады. Міне, осыдан келіп, педагогикалық процестің өту барысы мен кезеңдер нәтижелері әрі қорытынды көрсеткіштері туралы ақпарат алу мақсатында мұғалімдерде сыныптың

педагогикалық процесін диагностикалау білімі мен дағдысы болуы қажеттілігі туындайды. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «педагогикалық диагностика» терминіне біршама анықтама берілген. «Диагноз» грек тілінен аударғанда танып білуді білдіреді. Педагогикалық ақпарат. Басқару нысаны туралы мәлімет мектептің, сыныптың педагогикалық процесінде, отбасында қашанда әрқилы:

- ақпарат ұзақ мерзімді (жылдық, жарты жылдық, тоқсандық)

Перспективті жоспарлаудың негізін құруы тиіс:

- ақпарат мұғалімге жекелеген оқушылармен, сынып жұмысымен жұмыс жүргізудің міндеттерін реттеуге мүмкіндік тудыруы қажет;

- ақпарат оқушылармен жүргізілетін жұмыс мазмұнын сұрыптаудың негізін салуға лайық болуы шарт;

- ақпарат әрбір сынып оқушысын нақты іс-әрекетке үйретуге, нақтылауға қызмет етуі керек.

Ең алдымен мұғалімге ақпаратың үш түрі аса қажет:

1. Бастапқы ақпарат, ол оқушылар туралы алғашқы мәліметті алуға көмектеседі (сынып оқушыларының ережесі, оқушылардың білім, білік дағды сапалары);

2. Тактикалық ақпарат, ол оқушылармен жүргізілетін жұмыс формаларын (жекелеген шаралар өткізу) дұрыс құрастыруға көмектеседі.

3. жедел (ағымдағы) ақпарат, ол алдыңғы екі түрлі толтыруға педагогикалық процесс жағдайы туралы нақтылы мәлімет алуға жол ашады. Ақпараттың бұл түрі қысқа мерзім бөлігінде толықтырылып отырылады. Дегенмен, оның мәні тез жойылады (оқушылардың сабақтан қалу себебін жою, жаңа материалды түсінбей қалған жағдайда көмек көрсету, т.б.)

Ақпараттық көздер – педагогикалық процестің негізгі сипаттамаларын талдау материалдары мен олардың көрсеткіштері:

- оқушылардың үлгерімі;
- оқушылар ұжымының қалыптасуы;
- оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі;
- оқушылар отбасының әлеуметтік психологиялық портреті;
- психологиялық ұжымның жәй-күйі:

Педагогикалық процестің аталған бес сипаттамасының әрқайсысының бірқатар көрсеткіштері бар. Олар төмендегідей:

1. «Оқушылардың үлгерімі» сипаттамасының көрсеткіштері оқушылар үлгерімінің жалпы пайызы, үлгерім сапасының пайызы, оқушылардың оқу-танымдық біліктерді меңгеру сапасының пайызы;

2. «Оқушылар ұжымының қалыптасқандығы» сипаттамасының көрсеткішіне мыналар жатады: сыныптың сайланған белсенділерінің сәйкес келу пайызы, «оңашаланған» балалар пайызы, «қиын» балалар пайызы. Ұжым неғұрлым ұйымшыл болса, «ешкіммен араласпайтын», «қиын» балалар аз болады;

3. «Оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік белсенділігі» сипаттамасының көрсеткіштері: қоғамдық міндеті бар сынып оқушыларының пайызы. Қоғамдық белсенділік жоғары болған сайын оқушылар ұжымының қалыптасу деңгейі де «үлгерім» сипаттамасының барлық көрсеткіштері де жоғары болады;

4. «Оқушылар отбасының әлеуметтік-психологиялық портреті» сипаттамасының көрсеткіштері: отбасы құрамы (толық, толық емес) ата-анасының мамандығы, қоғамдық жағдайы, толық емес отбасынан шыққан оқушылар пайызы, сыныптың, мектептің қоғамдық

өміріне қатысатын ата-аналар пайызы;

5. «Педагогикалық ұжымның жағдайы» — оқушылар ұжымын қалыптастыру әдістемесін білу, дарындылармен, тәрбиесі нашар балалармен жұмыс істеуге дайындық.

Педагогикалық процестің барлық сипаттамалары бойынша шынайы диагностикалық мәліметтер алу үшін: ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері, оқушы әрекетінің өнімін зерттеуді, сауалнаманы, сабақты, оқу мен оқудан тыс әрекеттің барлық түрлерін талдау, бақылауды, әңгімелесуді, социаметрлік талдауды, әртүрлі диагностикалық карталар толтыруды, тестілерді пайдалану керек.

Сынып жетекшісі, өз жұмысын, ең алдымен, оқушыларды олардың арасындағы қарым-қатынастарды, оқушылардың отбасын зерттеу арқылы бастайды. Зерттеу барысында сынып оқушыларының тәрбиелік дәрежесі анықталады. Соған байланысты мақсат пен міндеттер айқындалады. Отбасының тәрбие жұмысын зерттеуді ұйымдастыру өте маңызды. Отбасы – іштей тұрақты, тұйық ұжым. Мұғалімнің өте маңызды қасиеті – бақылағыштығы. Мына төмендегі ұсынылып отырған отбасының диагностикасының әдісі оқушылардың отбасыларымен жұмысында әдетте кездесетін мәселелерді табуға мүмкіндік береді.

Көрсеткіштер	жоғары	орташа	төмен
Ата-ананың мақсат мүдделері, әлеуметтік құндылық бағыттары			
Ата-ананың, баланың өмір әрекетіне қатынасы			
Ата-ананың өнегелі мақсат бағыттары			

Отбасындағы өзара қатынас мәдениеті			
Ата-ананың тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін түсінуі			
Оқушылардың отбасы өміріне араласуы			
Балалардың іс әрекетінің мақсаты мен себеп-салдарының адамгершілік негізі			
Оқушылар іс-әрекетінің біліктері мен тәсілдерін игеруі			
Ата-ананың мектеппен байланысы			

Осылайша мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестің өзара қатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады.



Төлеубек АЛТЫНБЕКОВ,
Шығыс Қазақстан облысының
Үржар ауданындағы
«Қаратұма» орта мектебінің
музыка пәнінің мұғалімі.

БЕЙЫТШІЛІК ҚҰСЫ

Сабақтың мақсаты: *білімділігі* – оқушыларға табиғаттың бір бөлшегі құстар жөнінде түсінік беру; *дамытушылығы* – оқушылардың ойлау, есте сақтау, ырғақтар, ән айту қабілеттерін дамыту; *тәрбиелігі* – табиғат сыйын бағалай, қадірлей білуге тәрбиелеу.

Түрі: музыкалық, жұмбақ сабақ, түсіндіру. **Көрнекілігі:** оқу құралдары, бор, тақта, суреттер, ямаха аспабы, баян, домбыра, буклеттер, нота сызбалары. **Әдісі:** түсіндіру, үйрету, сұрақ-жауап. **Оқыту тәсілі:** жекелей, жалпылама, топтық. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, музыка.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Тексеру, ынтасын сабаққа аудару.

2. Қазақстан Республикасы Әнұранын айту.

3. Өткен сабақты сұрау. (Ауызша сұрақтар беру)

- Оратория дегеніміз не?
- «Ғасырлар үні» ораториясын кім жазды?
- Қапан Мусин кім? Қандай поэмасы бар?
- Хор түрлерін ата?
- Әншілердің дауыс түрлерін атаңдар?
- «Қыз Жібек» операсын кім жазды?
- Ария дегеніміз не?
- Жібектің ариясын орындаған әнші кім?
- Күй дегеніміз не? Күйдің түрлері қандай?
- Либретто дегеніміз не?

Тірек сызбалар қолдану.

**Музыка
әдебиеті**

- Батырлар жыры.
- Тарихи әндер.
- Тұрмыс-салт әндері.
- Табиғат әндері мен күйлері.
- Арнау әндер мен күйлер.
- Төрт түлік малға арналған.

- Еңбек жайлы.
- Жан-жануарға арналған.
- Құстарға арналған әндер мен күйлер.

Құстарға арналған нақыл сөздер, жұмбақты тап ойыны.

(Мұғалім) 1. Көлдің көркі, сәні екен,
 Ұшқанда сазды әні екен.
 Ақындар оны мақтаған,
 Адамдар қорғап сақтаған. *(Аққу)*

(Оқушы) Қазақ халқы сүйікті ұлдары мен қыздарын сұлулықтың, нәзіктіктің, махаббаттың, символы — аққуға теңеген. Аққу киелі құс деп санаған. Аққуға арнап ақын сазгерлер ән-күйлерін шығарған Мұқағали Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» шығармасы, Нұрғиса Тілендиев «Аққу» күйін, П.Чайковский «Аққу көлі балетін» жазған.

(Мұғалім) 2. Аузындағысын құсып,
 Үй салады пысық. *(Қарлығаш)*

(Оқушы) Қарлығаш — қазақ халқының қай кезде де сүйкімді құсы. Адамның досы, қамқоршысы, жанашыры, еңбекқор, адал құс. Әр елдің қарлығашқа байланысты ырым-жоралғылары бар.

1. Түсіңе қарлығаш кірсе, бақытқа кенелесің.

2. Қарлығашқа оқ тимейді.

3. Қарлығаш көрсең, қалтанды қак, буда-буда ақша түседі.

(Мұғалім) 3. Көзі - тұздай,
 Тұмсығы – мұздай.
 Қызыл етік киіп ап,
 Жүгіргені қыздай. *(Көгершін)*

(Оқушы) Көгершін — көп халықтарда бейбітшіліктің рәмізі, ол жер бетіне тыныштық пен береке әкелетін құс деп саналады.

IV. Жаңа сабақ.

Кітап бетін ашқызу (82-бет).

Өтетін тақырыбымыз: «Көгершін – бейбітшілік құсы». (84-бетті ашу).

Мұғалім: - Көгершін – дүние жүзінің көптеген халықтары үшін бейбітшіліктің белгісі.

Бейбітшілік нышанын басқа құстарға телітін халықтар да бар. Мысалы, жапондықтарда ақ тырналар – бейбітшілік белгісі. Сондықтан олар ақ тырналарды қағаздан жасап, бір-біріне – сыйға тартқан. Ал қазақ халқында шынайы тазалықтың, сұлулықтың белгісі – аққу. Аққу құсының мүсіні қазақ халқының саз аспаптары домбыра, қобыз құрылысына өте ұқсас.

Бүгінгі үйренетін әніміз – «Ақ көгершін».

Әнді талдау.

- Тақырыбы.
- Авторлары.
- Екпіні.
- Нота сауаттары.
- 2/4 өлшеміне дирижерлап ДО мажор гаммасын айтқызу. Дауысқа жаттығу жасату.

Әнді аспапта ойнап көрсету. Әр сөйлемнен кейін тыныс белгілерін дұрыс алу.

Дауыс интонациясына көңіл аудару. Қайырмасында жоғарғы биік дыбыстарды анық айту.

5. Сабақты бекіту: Сызбанұсқаны толтыру арқылы сабақты қорытындылаймын.

Бейбітшілік
белгісі

А.Жұбанов

Ақ көгершін



Орташа

2/4

Викториналық сұрақтар:

1. Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады?
2. Қандай құс хат тасушы атанған?
3. Құстың негізгі мекені?
4. Қазақ қандай құсты киелі деп санаған?
5. Еңбекқор құс.

VI. Қорытындылау. Адам мен құстардың достығы сонау ерте заманнан-ақ басталған. Оған дәлел – қазақ халқының айтылатын ән-жырлары мен күйлері. Сондықтан құстарды қорғап жүру – біздің міндетіміз.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма беру: «Ақ көгершін» әнін жаттау, нота сауаттарын қайталау, құстар туралы мақал-мәтелдер жаттап келу.



Дәмеш МӘЙКЕНҚЫЗЫ,
Солтүстік Қазақстан облысының
Айыртау ауданындағы
№2 «Саумалкөл» мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ШЕБЕРЛЕР ТАЛАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау, қазіргі заман талабына сай оқытудағы жаңа технологияларды қолдана отырып, оқушыларды тіл оқытудағы жаңалықтан сырт қалмауға баулу, СКТТ-ның элементтерімен таныстыру; **дамытушылық** – оқу, аудару, жаттау, сұрақ-жауап арқылы оқушылардың тыңдау, көру, есте

сақтау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың қазақ тіліне қызығушылықтарын арттыру, тілге деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.

Көрнекілік: оқулық, текше-сызба, жаңылтпаштар, суреттер, сөзжұмбақтар. **Түрі:** дәстүрлі емес, сайыс сабағы.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Мұғалім: - «Ғылым күніне» арналған «Шеберлер таласы» атты сайыс сабағымызды бастаймыз. Сайыс 8 кезеңнен тұрады. Сабағымызды Ы.Алтынсариннің «Шеберлер таласы» әңгімесі негізінде, қазақтар мен мешерлер арасындағы дауы бойынша өткіземіз. Оқушылар 2 топқа бөлінеді: 1 топ – «қазақтар», 2 топ – «мешерлер».

Негізгі бөлім.

Мұғалім оқулық бойынша «Шеберлер таласы» әңгімесін оқи бастайды:

- 1878 жылда, мен сот орынында тұрғанымда, екі адам бір-бірімен ұрысып, арызға келді. Біреуі – мешер, біреуі – қазақ. Екеуі де іскер, жер үй, ағаш үй істеп, көп ақша тауып жүруші еді. Ұрыстарының себебі:

Мешер айтыпты:

- Қыстың күні тоңармыз, өзімізге бір жер үй салып алалық.

Қазақ айтыпты:

- Жоқ киіз үй істеп алалық, қысымызға да, жазымызға да бұл қолайлы, біреу жұмысқа шақырса, киіз үйді қыс болсын, жаз болсын артып жүре береміз.

Мешер айтыпты:

- Ой, киіз үйің құрысын, не күндіз, не түнде бір жылынбай, бүрісіп отырғаның.

Қазақ айтыпты:

- Сенің ағаш үйің құрысын көшсең артуға болмай-
тын.

Сонымен, біреуі киіз үйді, біреуі ағаш үйді мақтап,
таласып отырып, ақырында маған келіпті.

Екеуі де өзіме белгілі ақкөңіл, бейнетқор адамдар
еді. Сондықтан бұл дауды шешу үшін біз екі топтың
арасында сайыс өткізіп жіберейік.

1-кезең. «Қос тіл – қос қанатың» атты аударма
ойыны.

1-топтың тапсырмасы: Киіз үйге байланысты
сөздерді айту, аудару.

2-топтың тапсырмасы: Ағаш үйге байланысты
сөздерді айту, аудару.

2-кезең. Сөзжұмбақты шешу, аудару.

1-топ. («Ел ерсіз болмайды» мақалы)

2-топ. («Көп біл, аз сөйле» мақалы)

3-кезең. Сұрақ-жауап.

1-топқа:

1. «Ескендір» поэмасын жазған қазақтың ұлы ақыны
кім?

2. Суретте қазақтың қай ұлттық аспабы бейнеленген?

3. Экологиялық апатқа қай теңіз ұшырады?

4. Қазақстанның ең терең көлі қай көл?

5. Қазақтың батыр қыздарынан кім мерген болды?

6. Суретте қазақтың қандай дәстүрі бейнеленген?

2-топқа:

1. Қазақтың атақты палуаны кім болған?

2. Қобызды кім жасап шығарған?

3. «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарлама қай
жылы жарияланды?

4. Қазақстанның ең ащы көлі қай көл?

5. Ұлттық теңге қай жылы енгізілді?

6. Суретте қазақтың қай дәстүрі бейнеленген?

Мұғалім: -Сонымен екі топтың тапсырмалары жақсы орындалып жатыр. Енді осының негізінде әңгіме авторы былай жалғастырды. Сонда мен айттым:

- Киіз үй көшіп-қонып жүруге қолайлы, ауасы да ағаш үйден жақсырақ болады. Соның үшін, сен қазақ, бір шағын үй тігіп ал. Сен мешер бір жер үй істеп ал. Сонымен жаз киіз үйде, қыс жер үйде тұрарсыз және жыл сайын біреудің үйін жалдап жүрген ақшанызға киіз үй мен жер үй істеп алсаңыз, ақырында бұл пайдалы болар, - дедім.

Екеуі шығып бара жатқанда шақырдым:

- Екеуің жер үйді бірігіп істейсіңдер ме, жоқ бөлек істейсіңдер ме?- деп сұрадым.

Қазақ айтты:

- Үйін мешер өзі істей берсін, мен киіз үй тауып аламын.

Сонда олардың келіспей тұрғанын көріп, тағы да екі топқа тапсырмалар беруге тура келді.

4-кезең: Фонетикалық талдаудың түрлерін көрсету.

1-топ. Математикалық тәсілмен «киіз» сөзін талдау.

2-топ. Дәстүрлі тәсілмен «ағаш» сөзіне фонетикалық талдау жасау.

5-кезең. «Мақал – сөздің көркі» атты шешендік ойыны. Мақал-мәтелдерді аяқтау.

1-топқа:

1. Оқусыз - білім жоқ, (білімсіз – күнің жоқ.)

2. Өнер алды - (қызыл тіл.)

3. Отан үшін - (отқа түс.)

4. Көп сөз – көмір, (аз сөз – алтын.)

2 топқа: 1. Мектеп – кеме, (білім – теңіз.)

2. Өмір - (үлкен мектеп.)

3. Бірлік болмай, (тірлік болмас.)

4. Жақсыдан үйрен, (жаманнан жирен.)

6-кезең. «Мықты болсаң жаңылдыр» - жаңылтпаш сайыс ойыны. Жаңылтпашты қателеспей, тез айтып беру. (Оқушыларға бір-бір жаңылтпаштан беріледі)

7-кезең. Фонологиялық талдау.

1 топ. «Қаңбақ» сөзін талдайды.

2 топ. «Шеберлер» сөзін талдайды.

8-кезең. «Кім тез?» ойыны. Сызба бойынша сөздер құрастыру.

Тапсырмалардың орындалуына қарап, өзіміздің әңгімемізді жалғастырайық.:

Сонда мен айттым:

- Сен мешер, жаз болса мынау қазақтың киіз үйінде бірге тұрарсың, соның үшін киіз үйдің жарты ақшасын сен төле, сен қазақ, қыс болса мешердің жылы земля екесінде бірге тұрарсың, соның үшін землянені сен де бірге істе.

Екеуі де риза болып шығып кетті.

Мұғалім: - Сонымен екі топтың күшімен біз мешер мен қазақтың арасындағы дауды шеше алдық.

ЕКЕУІ ДЕ ЖАҚСЫ ЕМЕС

Киіз үйін талқандап отын қылар
Қас наданды арамза шоқындырар.
Қорқақ қоян секілді бүкқан жаман,
Арыстандай ақырған омындырар.
Бәрінен де дұрысы тіршілікте –
Артын бағар әліптің ақылдылар.

Алма ҚҰЛБАЕВА,
Алматы қаласындағы
№166 «Арман» бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі.

ӘЖЕМНІҢ ҚҰРАҒЫ

(Үш-төрт жасар «Бәйтерек тобы»)

Мақсаты: балалардың ой-қиялын дамыту, жапсыру, мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; қағаздың түр-түсін ажыратуға және пішініне қарай орналастыра білуге үйрету; жапсыру, мүсіндеу техникасы мен ептіліктерін дамыту.

Білім беру саласы: қатынас, шығармашылық. **Оқу іс-әрекеті:** жапсыру, мүсіндеу, тіл дамыту. **Көрнекілік, қажетті құралдар:** суреттер, құрақ көрпеше, үлгі сурет, түрлі түсті қиылған қағаздар, ақ қағаз, желім, ермексаз, сүрткіш.

Барысы.

I кезең. Психологиялық сәт.

Бақшамызға барамыз,

Досымызды табамыз.

Сәлемет пе, міне, мен

Доспын енді сенімен.

(Орындарында маршпен жүреді, бір-бірінің қолдарынан алып сәлемдеседі, құшақтасады).

II кезең. Балалар орындарына отырады.

Тәрбиеші: - Балалар, сендердің әжелерің бар ма? Қайда тұрады? Аты кім?

(Әжелері бар екенін, қалада, ауылда тұратынын,

атын айтады).

- Әжелерің не істейді?

(Тамақ пісіреді, ертегі айтып береді, шай қайнатады).

Тәрбиеші сұрақтар бере отырып әженің сырмақ, көрпеше құрап отырған суретін көрсетіп әңгімелеседі. Құрақ көрпе жайында айтып, көрпені көрсетіп, неден жасалатынын, түр-түсіне назар аудартады.

Енді бұндай көрпешені қағаздан құрайды. Әр балаға төртбұрыш, үшбұрыш салынған табақшалар қойылады. Балалардан пішіндері сұралады *(Балалар үшбұрыш, төртбұрыш екендігін айтып береді).*

- Ал, енді, балалар, тұрайық. Құрақ көрпе жасамас бұрын бойымызды сергітіп алайық. Далаға көз жіберейікші. Бүгінгі ауа райын сипаттайық *(Сол күнгі ауа райын терезеге қарап айтады. Ашық не жаңбырлы, бұлтты, жел соғып тұр, т.б.)*

Сергіту: «Жаңбыр».

Жаңбыр, жаңбыр, жауасың,

Жанымызға дауасың.

Біз ойнайтын ауланың

Тазартасың ауасын.

(Қолдарын жоғары көтереді, кеудеге қояды, алдыға созады, жоғары көтереді).

Орындарына отырады, жапсыруға кіріседі. Құрақты дұрыс орналастырғаны қадағаланады, кейбір балаларға көмек көрсетіледі. Бәрін орналастырып болған соң желімдеуге тапсырма беріледі. Құрақ көрпешені жапсырып болған соң балалардың жұмыстарын үлкен ақ қағазға қойып барлығының құрақтарын біріктіргенде үлкен көрпе болғанын, әженің құрағына ұқсас болғанын айтылады. Сәтті шыққан жұмыстарды ерекшелей көрсетеді.

(Балалар өздері жапсырған құрақ көрпесін және достарының жұмыстарының ұнайтынын айтады).

- Балалар, жаңа сендер әжелеріңнің ауылда, басқа қалада тұратынын айттыңдар. Енді көздеріңді жұмып әжемізге бара жатқандай елестетейік (*Магнитофон арқылы машина моторының дыбысы естіледі*).

- Ненің дыбысы? (*Машинаның дыбысы*)

- Дұрыс. Ендеше біз әжеміздің ауылына машинамен бара жатқанда жолдан не көреміз? (*Үйлер, ағаштар, машиналар, бағдаршамдар*)

- Бағдаршамнан қалай өтуді білеміз бе? (*Қызылда өтуге болмайды, сарыда дайындалады, жасылда ғана жүруге болады*).

Ойын: «Бағдаршам».

Тосын сый. Топқа қолында қоржыны бар әже кіреді. Балалар әжемен сәлемдеседі.

- Балалар, бұл кісіні таныдыңдар ма? (*Әже*)

- Қолындағы не? (*Қоржын*)

- Енді әжемен танысайық.

- Әже отырыңыз, жолдан шаршап келген шығарсыз?

Әже өзінің ауылда тұратынын, осындай немерелері бар екенін, оларға ертегі айтып беретінін, құрақ көрпе, құрт, қатық жасап беретінін айтады.

- Онда, әже, біздің балалар сізге арнап «Ақ әже» әнін орындап береді (*Ән орындалады*).

Әже: - Ой, балалар, қандай тамаша болды, өнерлі екенсіңдер. Бүгін мен сендерге арнап құрт, май, ірімшік әкелдім және сендерге бүгін құртты қалай жасайтынын үйретейін.

Балалар әжемен бірге құрт жасайды, жасау барысында есу, домалату, жалпақтау әдістерін еске түсіреді (*Балалар тұздалған қамырдан құрт жасайды*).

- Ал, балалар, жасаған құрттарыңды мына өреге

жарайық кепсін.

Әже балалар сізге тақпақ айтып берсін.

1-бала: - Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі!

2-бала: - Бөбегіңнің тілегін
Қабыл алшы, әжетай.
Ұзақ өмір – жүз жасап,
Жүрші, әже, қамықпай.

3-бала: - Тентек болсам кешірген,
Айналайын ақ әжем.
Аялаған, өсірген,
Ардақтысың сен, әжем.

Әже: - Ал, балалар, мен енді қайтайын. Сендер сияқты немерелеріме барайын. Бата берейін, сау болыңдар! *(Балалар бата алады, әжемен қоштасады).*

III кезең.

- Енді бізге бүгінгі оқу іс-әрекетін қорытындылайық. Бүгін біз құрақ көрпе, құрт жасадық. Бүгін барлықтарың белсенді, ұқыпты қатысыңдар. Оқу іс-әрекеті аяқталды.

ҚҰШТАРЛЫҚ

Біреу құштар көңілге түйгеніне,
Біреу құштар жер болып жүргеніне.
Ең керемет құштарлық бұл өмірде –
Қарай беру сұқтанып сүйгеніңе!

Әйгерім БӨЛКЕНБАЕВА,

М.Горький атындағы мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Қарағанды облысы,

Шет ауданы.

Ақсу-Аюлы мекені.

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» ПОВЕСІНДЕГІ «ЖАТСЫНУ» МӘСЕЛЕСІ

Оралхан Бөкей замандас бейнесін кестелеуде рухы күшті адамдарды, мөлдір махаббатты, жан тазалығы мен сұлулығын жымдастыра пернелейтінін көреміз.

Дей тұрғанмен, кең де тар дүниенің кеселді кесірінен, зіл-зала кесапатынан өздерін аман сақтап қалу үшін безектеген жандар ғұмырын да суреттеуі алдыңғы қатардан көрінеді.

Повестегі кейіпкерлердің бәрі – жалғыз. Нюра Фадеевна – еріксіз жалғыз ұлына еріп, елінен кеткен адам. «Біреуді Құдай қаңғыртады, енді біреулер Құдайға көнбей өзі қаңғырады» демекші, бақсының моласындай жападан-жалғыз қалғанына өмір бойы налиды. Жалғыздықтан әлі күнге дейін құтыла алмай қор болдым-ау» - деп күрсінеді де Нюра кемпір повесте. Ал Ерік: «Жалғыз ұлын осыншалық жеккөретін шешені көрсемші Құдай-ау, менің жазығым не? Үстінен құс ұшырдым ба? Тамақтан, киер киімнен тарықты ма? Екі сөзінің бірінде «ел, ауыл» деп, зарлайды да отырады, сол елінде, сол ауылда құшақ жайып қарсы алатын ағайын, туғаны отырғандай. Сол елі емес пе еді «мүйіздеп айдап

шыққан», - деп есептейді.

Тау кезген шал адам – орманның ортасында жүріп күнәға батқанша, ағаш-орман арасында таза өмір сүргенді қалайды. Сондықтан ол бір ұл мен бір қызды асырап, оларды қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауасынан да, ішімдік пен аяқ шалар ағайын ала ауыздығынан да ада, таза ұрпақ етіп тәрбиелемекші. Пәле-жаладан, өсек-алдаудан, меңдуана желіндей желіктірер әуен мен әумесер қылар айғай-шудан да алып қашқысы келеді. Яғни, қоғамнан өзі лайықты орнын таппағандықтан, еріксіз елден кеткен.

Айна да – Еріктің етегіне еріп, жалғызсырап жүрген образ.

Таған – өмірмен, қираған қоғаммен, дүбірлі дүние заңдылықтарымен күресіп жүрген адам. Ол да қоғамнан безеді, жатсынады. Жүрек қалауы басқа болғандықтан, ол да еріксіз елден, қоғамнан кеткен.

Қиялдан туған ақ боз атты қыз да, шындық өмірдегі Бекзат та жалғыз. Әр кейіпкердің өзіндік әлемі бар. Ондағы ең басты тұлға – өздері. Әркім өзі үшін, тек өзі үшін тіршілік етеді.

Қомақты қоғам, дүбірлі дәуірден өгейси көшіп, өз қотырын өзі қасыған оқшау кәсіптері бар әрқайсының. Мысалы: Еріктің кәсібі – омарташылық, Тағандікі – маскүнемдік, шалдікі – аңшылық. Олар мына былық-шылығы мол дүниеден басқаны іздейді, күйбің тіршіліктің қамытын киіп, кейіп пендешіліктің құлына айналған ортаға сыймайды.

Осылайша Оралхан Бөкей қоғам мен оның субъектісі, жеке адамның, арасындағы қатынастарды терең талдайды. Жеке тағдыр иелерінің жан әлеміне, мақсат-тілегіне, ой-пікіріне ене отырып, олардың қоғамды жатсынуынан құрайтын жүйесіне, оның даму сырына

баға беруге талпынады. Әрі оқырманға өзіндік көзқарас қалыптастыруға үндейді.

«Экзистенциализм – өмір сүру философиясы.

Адам – өз өмірінің себепкері әрі өзінің ауыртпалығын өзі көтеруші», - дейді С.Кьеркогор.

Экзистенциализмнің негізгі белгілері мынадай:

1. Қандай да болмасын білімнің көзі адамның нақты болмысын талдаудан басталады. Адам болмысы – жалғыз ақиқат.

2. Адам өзінің жекелік мақсатына ұмтылу барысында ғана өз табиғатына үңіледі. Өмір сүру, өзінді-өзін қалыптастыру, өзінді өзің ғана талдау.

3. Қандай да болмасын ортақ мақсат пен жалпы мүдделіктен бөлек болады. Адамның жекелік болмысы ғана оны абсурдтық әлем, абсурдтық өмірден құтқарады.

4. Адам өзінің күнделікті өмірде өзін экзистенциалист ретінде, яғни, нақты қайталанбайтын тұлға екенін сезіне бермейді. Ол үшін шекаралық ситуация, өліммен бетпе-бет келу керек. Сонда ғана адам өзінің шын бостандығын сезіне алады. Сонда ғана өзінің «жападан жалғыздығының» сыртқы әлеммен сәйкессіздігін түсіне алады.

Повесте Айна да, Таған да осындай күйге ұшырайды. Себебі олар – экзистенциалистер.

«Айна орманға бет ала бергенінде шарбақтың ағаш діңгегіне жіп байлап мойнына тұзақтап салып, жан таласа шегінген Тағанды көрді. Жүрегі алқымына кептелді. Таған болса тырбанып шегініп әлек, ол көткеншектеген сайын жіп тартыла шіренеді. «Өлді-ау» деп ойлады. Әрең дегенде орнынан көтеріліп көмекке ұмтылды. Бұл кезде Тағанның шеке тамыры адырайып, көзі алайып, көгеріп-сазарып, демі тартыла қырылдап, буына бастап еді...

- Мен өлген жоқпын ба? - деп сұрады Таған Айнадан.
- Тірісіз, аға. Енді бір бес-он минут кешіксем...
- Кешіккенің жақсы еді. Айнам, мен үшін ендігі қалған өмірдің қызығы жоқ. Нюра апа мен өзіңе ризамын, адам қалпына келтірудің барлық әрекетін жасадыңдар. Мен бұл дүниеде шіріген жұмыртқамын, ешкімге керегім жоқ...» Бұл – Тағанның өз-өзіне қол жұмсағандағысы. Осыған ұқсас Айнаның жан күйзелісін де аңғарамыз.

«Осы кезде Таған да оқыс аянып далаға шыққан. Ең әуелі көргені – өзен жағасында жанып таусылуға айналған отқа қақтанып тұрған Айна. Алғашында істің мән-жайын түсінген жоқ. Қасына барып білейінші деп беттей бергенде, теріс қарап сұлқ тұрған келіншек жалт бұрылып, Тағанды көрген соң, «бұл қайдан шыға келді» дегендей Қатын суына қарай тұра жүгірді.

Жүгірген бойы екпінін бәсеңдетпестен жарқабақтан суға секірді... «Айна!’ Тоқта!..»-деп, айғайлай ұмтылған жігіт ағын ала қашқан желдің денесін қуа жар жағалай безектеп алдынан шыға ол да секірген. Құтқарды. Өлітірісін білмейді. Аяқ-қолын кергілеп, жаттығу жасатып дем берді...

- Не күн туды, Айнам? Битке өкпелеп, тоныңды отқа салғаның не?

- Бит емес-ау, итке өкпелеп... Сіз маған мынаны айтыңыз: Өлімге қимадыңыз, ендеше өлімнен де бетер қорқынышты осы қарғыс атқан үйге тастап кетесіз бе? Бәрібір бұл жерде тірі жүруім екіталай». Айнаның түңілуі реніштен, өкпеден, ызадан, көңіл толмаушылықтан болып отыр.

К.Ясперстің пікірінше: «Өлім, қиналу, үрей, айыптылық, күрес, діни экстаз, рухани ауру адамның өмір шектеріне жатады. Тек осы минуттарда ғана адам өзінің нағыз өмір сүру деңгейін (өзінің табиғатын)

ұғынады, ал кәдімгі уақытта олар кәдімгі болмыстың күнделікті, тікелей болуы арқылы жасырынып жатады».

Таған да, Айна да осы кейіпте көрінеді.

Бұл көтерілген жатсыну мәселесінің идеясы қоғамды жатсынып жүрген Айнаның: «Бұл жалғанда сенерің, сүйенерің, құтқарарың, қол ұшын берерің болғанға не жетсін», - деген сөзімен және Тағанның: «Бұл дүниеде қашып тығылатын жерің, сыбырласар сырласың, еркелетер елің болғанға не жетсін. Халықпен қақтығысып жүргенге не жетсін!» - деген ойымен беріледі.

Меніңше, қоғамнан қалыс қалып қоймау үшін, қалып қойған жағдайда қатарға қосылу үшін, ең әуелі, адам өзін жеңу керек. Өзіңе сеніп, өзіңе-өзің тәрбиеші болуың керек. Егер сен өзіңнің бұл жалғанда бар екеніңді, қолыңнан іс келетінін іскерлігіңді дәлелдесең ғана басқалармен қатарласасың.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оралхан Бөкей. «Атау кере» повесі.
2. Е.Аманшаев. «Жалғандағы жалғыздық».
3. Әлия Бөпежанова. «Болмыспен бетпе-бет». («Парасат» журналы 1990, №12, 18-19-б.)
4. С.Финкельстаин. «Экзистенциализм и проблема отчуждения в американской литературе».

ПИҒЫЛ

Бүгінде адам пиғылы тым күрделі,
Айналасын біреу жүр бүлдіргелі.
Бәрінен де жаныңа қатты батар
Сенген досың жалт беріп күйдіргені.

Әртісхан БАЙҒАНЫС,
Успенев орта мектебінің мұғалімі.
Қостанай облысы,
Федоров ауданы.

ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК ЖӘНЕ ТАПҚЫР СӨЗДЕР

Шешендік өнердің қайта жаңғыруы – қоғамдық қажеттілік. Еліміз тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болған тұста шешендік өнердің қажеттілігі күн санап артып келеді. Ел тәуелсіздігі өзімен бірге тіл тәуелсіздігін, ұлт тәуелсіздігін, сонымен қатар, еркіндікті де ала келді.

Осындай қоғамда ұлттық құндылықтарымызды барынша көрсетуге біз еріктіміз.

Шешендік өнер қашанда қоғаммен бірге дамып, бірге өркендеп келді. Ол халықтың әлеуметтік жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне тікелей байланысты болды. Шешендік өнердің тарихына көз жіберсек, әсіресе, тәуелсіздік жолындағы күресте өте-өте белсенді қызмет атқарған.

Жалпы, шешендерді халық жақтаған. Өйткені, олар халықтың мұңын жақтап, сөзін даттаған. Қарапайым халықтың айта алмай жүрген ойын, әзіл-қалжыңмен тапқыр сөзбен жеткізген.

Шешендер – нағыз қара қылды қақ жарған, әділ болған. Олар: атысқандарды бітістірген, тентекті түзеген, қалғығандарды оятқан, тұралағандарды тұрғызған, ел бастаған көсемдерге ақылшы, кеңесші

болған – ақылды сөздің арыны, қуатты сөздің күдіреті болған.

Қазақ ұлтының сан ғасырлық рухани мәдениетінің жоғалмай, бүгінгі күнге жетуіне ат салысқан – осы шешендік өнер.

Жалпы, қазақ халқы – сөзге шешен. Асыл сөзді ежелден бағалап, сөзге тоқтаған халық. Қай жерде болмасын ел арасында нелер шешен, атақты дүлдүл ақындар, әзілқой адамдардың болғаны рас. Халық арасында олардың есімі мәңгі сақталып қалады. Халық оларды Пәленбай, пәленше жерде пәлен деген екен деп еске алып отыратын.

Әсіресе, сөз тапқанға қолқа жоқ дегендей, жиын-тойларда, небір халықтың арасында бас қосқан жерлерде айтылған әзіл-сықақ әңгімелер, шымшыма сөздер, шешендік сөздер халық арасында көптеп сақталған.

Сондай шешендік сөздерді әліде халық арасынан көптеп табуға болады.

Шешендік сөздердің нақты белгілерін анықтау үшін төмендегі бірнеше белгілеріне назар аударайық.

- шешендік және тапқыр сөздердің қоғамдық қажеттіліктен туындайтынына көз жеткізу;
- шешендікке анықтама беру;
- қазақ шешендігінің тамырын табу;
- негізгі шешендік сөздердің сөзі – байырғы сөздік қорымыздан екеніне көз жеткізу;
- шешендік сөздің сапалық белгілерін анықтау;
- шешендік және тапқыр сөздердің поэтикалық тіліне талдау жасау;
- олардың табан астында сөз тауып айтып, тапқырлығына көз жеткізу;
- олар халық құрметіне бөленгендігін көрсетіп, халық құрметтеп, сөздерін жатқа айтуы;

- сөздерін жай қара сөзбен де, табан астында тақпақтап айтқан шумақтарына қарап, нағыз дарын иесі екендеріне талдау жасау;

- осындай нағыз тума таланттарды көптеп жинақтап, халыққа танымал ету;

- оларды кейінгі ұрпаққа дәріптеп қастерлеу.

Шешендік сөздерді жинау әдіс-тәсілдері:

Сұхбат түрінде ауыл ішін аралап, ел аузынан естіп, жазып алу және оларды топ-топқа бөліп саралау, топтастыру, жинақтау, қорыту әдістері.

Шешендік сөздің нақты белгілері:

Ауыл арасында, халықтың аузында айтылып жүрген шешендік және тапқыр сөздердің авторлары – белгілі өмірде болған адамдар. Және олардың, қазіргі кезде әлі ешкім де жинақтамай, тек халық аузында ғана айтылып жүргенін басып айта кеткен жөн деп санаймын. Сондықтан оларды шешендік сөз қорына кіргізуге болатыны бізге нақты дәлел болып отыр. Халық арасында айтылып, мәңгі есте қалған шешендік және тапқыр сөздер – олардың нағыз шешен әдеби тілмен шешіліп сөйлеуі. Олардың басқа ешқандай тілді араластырмай таза сөйлеуінде.

Екінші бір әрекеті – сол сөйлеген адамның ақыл-парасатын көрсететін тұстары.

Үшінші әрекеті – тыңдаушының, көпшіліктің ойына әсер етуі.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- қоғамдық қажеттіліктерді қамтиды;
- тауып айтылған сөз, даналық сөз, көркем сөз, білгір сөз;

- көпшіліктің мұрат-мақсатын көздейді;

- халықтың көңіл-күйін көтереді;

- ойлау заңдарын жетік білуі;

- сөз дәлдігі, қысқа да нұсқалығы, ой айқындылығы.

Қазақ халқының ежелден асыл сөзге баға бергені туралы да айтылды.

Қазақ шешендік өнерінің тарихының түпкі тамыры – көне түркі тас ескерткіштерінен басталады. Түркі халықтарының бәріне ортақ Қорқыт атаның нақыл сөздері болсын, Жүсіп Баласағұнның дастаны болсын, кешегі ұлы ғұламалардан шешендік сөздерінің тамыры тереңнен таралғанын біз жақсы білеміз. Ақыл-ойға негізделген сөйлесім әрекеті рухани топқа ғана қатысты болады. Қазақ шешендік өнерін теориялық тұрғыдан зерттеу А.Байтұрсынұлынан басталады.

Байтұрсынұлы зерттеулері – қазақ шешендік сөзінің сипаты мен түрлері, тілдік-көркемдік белгілері туралы жазылған алғашқы еңбек.

Ол «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шешендік сөздерді және шешендік өнерді сөз өнеріне жатқызып, сөз өнерінің ішкі және сыртқы қалпын теориялық жағынан толық негіздеп береді.

Шешендік өнерді әдеби тұрғыдан қарастырып, шешендік сөздерді жинақ етіп, құрастырған Б.Адамбаев болды. Оның деректерінде шешендік дауларды, шешендік арнауы, шешендік толғауларды атайды да, бұларды халық ауыз әдебиетінің түрі ретінде қарастырады.

Дегенмен, сөзімнің басында өзім айта кеткендей халық арасында айтылып жүрген, әлі қағаз бетіне түсіп, жарық көрмеген шешендік сөздердің бірнешеуін ғана үлгі ретінде көрсете кеткенді жөн көрдім.

Бұл шешендік және тапқыр сөздерді жинағанда шешендікке қатысты жоғарыда айтқан талаптарға сай келетініне көзімді жеткіздім. Қай сөзді айтқанда олардың еш қысылмай табан астында суырып салып

сөз тауып айтуы және тілінің тазалығында басқа тілде шұбарламай өзіміздің байырғы тілімізде де таза сөйлеуі шешендік сөздің басты қағидаларының бірі болып отыр. Сондықтан, әсіресе, тіл мамандарына айтарым біз шешендік сөздер тақырыбының қорын молайтып, тыңнан әзіл-қалжың, тапқыр шешендік сөздер болса, білгенімізді айтып таратсақ, еш ағаттығы жоқ па деп ойлаймын. Өз ауылымда тұратын сөзге шешен, көпті көрген, ауыл ақсақалдарынан және ақжаулықты әжелерімізден, данагөй ағаларымыздан естіген, білген шешендік сөздерінен жинаған сөздерден үзінді. Жұпар Рахатайұлы атамен сұхбат:

- Ал, енді ақылды көп жасағаннан сұрама көпті көргеннен сұра дейді біздің халық. Ендеше сіз көп жерді араладыңыз, көпті де көрдіңіз, өз өмір сүрген кезеңдеріңізде халық арасынан қандай шешендерді білесіз? Сол шешендік сөздерден есте қалғандары болса, айтып берсеңіз.

- Қалқам, жасым 75-ке келді. Күлсағи әжелеріңмен отасқаным 50 жыл асып барады. Ол рас, көп көп жерді араладым. Мен алдымен «оралман» деген сөздің шығу тегімен сіздерді таныстырайын.

Бізде Сүйінбай деген сөзге шешен адам болды. Ол кісі бірде Үшқара деген жерде малын бағып отырыпты. Малы қатты жүдеу, арық болып көп шығынға ұшырапты. Ренжіген Сүйінбай ақсақал сол жерден көшіп бара жатып жерге айтқаны:

- Сені Үшқара деп атапты ғой елім. Мен саған үш қарамақ түгіл бір де қарамаймын!

Енді саған қайтып оралман! Оралман! Оралман! -деп үш қайтара айтып кеткен екен.

Қарағым, «оралман» деген сөз оралмаймын деген сөзден шыққан. Бізді қазір қандас бауырларымыз солай

атап жүр ғой деп ренішін де білдіріп қойды.

Қазіргі жағдайда Успенровка ауылында тұрып жатқан қазақтардың арасында көбінде сөзге шешен, тапқыр, алғыр ойлы Шәкәрбайұлы Жаубай туралы көбірек айтады. Жаубайдың ел арасында айтқан қалжың, шешен, тапқыр сөздері көптеп сақталған. Біздің ауылда ол кісімен бірге жүріп, тұстас өмір сүрген адамдар баршылық.

Шәкәрбайұлы Жаубай 1946 жылы Монғолияның Бай-Өлке аймағының Цэнгэл деген жерінде балалық отбасында дүниеге келген. Бала кезінен сөзге шешен, алғыр болып өсіпті. Ол 8 жылдық орта білімді бітіріп, әскерден келген соң, өмір бойы колхозда тізгінші болып істейді.

Ол табан астында сөз тауып, өлең де шығаратын. Халық әркезде мұндай адамдарды құрмет тұтып, сөзін естіп бір жасап қалатын. Атақты Алдар Көсе сияқты халықтың мұңын жоқтап, әділдікті сүйген адам болған. Сондықтан қарапайым халықтың ойындағы сөзін мынау бастық, мынау қара демей, теріс ісі болса, бетіне басып айтып отырған.

Жаубайдың түрі – сары, көзі – көк, басы – қасқа, орташа бойлы, кең жауырынды адам болыпты. Ол жақсы көрген адамына қоң етін кесіп беретін жомарт болыпты. Қазір 62 жаста. Монғол елінің Бай-Өлке аймағында тұрып жатыр.

Кезінде Жаубаймен бірге тізгінші болып бірге істеген, жолдас болған Жамалханұлы Зия ағайдың әңгімесінен:

- Мен Жаукеңмен болған бір күнгі әңгімемді айтып берейін. Бірде Жаукең екеуміз жайлаудан қыстаққа бір малшының ауылын көшірдік. Жол қиыр, әбден алыс

көп жүріп, келетін жерімізге түнде жеттік. Көшірген үйдің қарт әжейі бар еді. Күні бойы шай ішпеген әжейдің басының сақинасы ұстап, ауырып қалыпты. Әжей машинадан әрең түсіп:

- Ойпырым-ай, басым-ай, басым-ай! - десе керек.

Сонда Жаукең тұрып:

- Ой, әже, сіздің басыңыз май болмағанда, кімнің басы май болады. Бір үйдің тәтті дәмдісін өзің жейсің, - деп қалжыңдапты.

Ертеңінде үйге қайтып келе жатып, жолда аудан әкімі Жүкейді кездестірдік. Сәлем беріп, амандықты сұрастық. Жүкей мен Жаубай құрдас адамдар еді. Амандықтан кейін Жүкей тұрып:

- Осы сенің өңің қалайша сары, көзің көк? - деп сұрады.

Сонда Жаукең:

- Менің өңіме, түсіме сондай таң қалсаңыз, апамнан сұрағаныңыз жөн болар деген екен.

Содан екі машина қатар жүріп судан өтетін болдық. Бастықтың машинасы жаңа алдымен жүріп, судың терең жеріне тұрып қалды. Ал, Жаукең судың сырын біледі екен. Өткелді дұрыс тауып, ар жаққа өте шығып:

- Бастық машинасына сенеді. Ал, мен Аллаға сенемін! - деген екен.

Жарысұлы Әнуарбекпен сұхбат

Жаубай сөздерінен. Сөз тапқанға қолқа жоқ.

- Жаубайдың бала кезі екен. Ол бірде 3-сыныпта оқып жүріпті. Сабақ оқымай келген соң мұғалімі ренжіп директорын ертіп келіпті. Директор:

- Бұған екі қой! - депті. Сонда Жаубай тұрып:

- Соғым уақыты таяп қалды ғой, бір қойды өзіңіз соғымға сойыңыз - депті.

Жалпы Жаубай деген кісі көп жыл колхозда тізгінші болып жұмыс істеген. Ол кезде қоралы қой баққан

малшылар қойдың қиын үлкен арқалы машинамен таситын болған. Қиды кептіріп, отын ғып жағатын болған. Бір күні бір қойшы кепкен қиын қыстауына түсірейін деп Жаубайға келіп:

- Жауке, қиымды түсіріп берші,- деп өтініш жасапты.

Сонда Жаукең тұрып:

- Бір-екі қалақ сұйық май ішсең, қиың өзі-ақ түседі,- деген.

Ел Қазақстанға көшіп, елдің іргесі сөгілген заманда Әнуарбек елге барып жүріп Жаукеңді көшеден кездестіріп, сәлем беріп:

- Жауке, тымағыңыздың төбесі неге тесіліп қалған?- деп сұраса

- Е, қалқам заман тозып, кемпір озып, тымақтың төбесі тесілген заман, қолдың көбесі сөгілген заман болды ғой деп кейіпті.

Жаубай бір үйге жол-жөнекей түссе, ол үйдің әйелі шай құя қоймапты. Жаукең үндемей кетіп қалыпты. Жаукең тағы бірде машинасымен әлгі ауылдың тұсынан өтіп бара жатса, әлгі үйдің иесі тоқтатып:

- Әйелімді ауруханаға жеткізіп берші деп өтініпті. Жаукең:

- Жарайды, - депті.

Әйел машинаға отырған соң:

- Сізді бір жерден көрген сияқтымын, - депті.

Жаукеңнің басы қасқабас болса керек. Жаукең тымағын шешіп:

- Әлгі шай бермеген тазың мен боламын,- деп әйелді ұялтып тастапты.

Жаукең қасында екі-үш жолдасы бар танымайтын бір ауылға түсіпті. Қасындағы жолдастары сен

үндемей отыр. Біз сені орыс, тіл білмейді,- деп қояйық дейді. Содан Жаукең үндемей отырыпты. Бір уақытта дастарқан жайылып, тамақ қойылады. Үй иесі:

- Орыс не жейді дейсің? Ал, өздерің асқа келіндер!- деген екен.

Сонда Жаукең шыдамай:

- Қазақ не жесе, орыс соны жейді, - деп тамаққа бас қойған екен.

Жаубайдың өзі қасқа, қасындағы жолдасы Тікей деген кісінің беті тыртық адам болыпты. Олардың әкелген жүгін өлшеп алатын бастықтары Мағзам деген кісі болыпты. Мағзамның бойы аласа, кішкене кісі болса керек. Жаубай алыстан шаршап келгенде қоқаңдаған бастығына:

- Жаубай тазды бастаған Тікей тыртық,

Жүк артуға жарамайды доңғалақ жыртық.

Алыстан арып-шаршап келгеніңде,

Алдыңнан қоқаңдайды Мағзам тылтық,- деген екен.

Жаукеңнің бұл өлеңі халық арасында күлкіге айналып, ел оны жаттап алған екен.

БІР ДОСЫМ БАР

Бір досым бар менен пайда көретін,

Бір досым бар маған көңіл бөлетін.

Бір досым бар бағыңды іштей қызғанар,

Бір досым бар жолымда шын өлетін,

Бірақ соған жан емеспін сенетін...

Мұратбек ИМАНҒАЗИНОВ,
І.Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік
университетінің профессоры, ф.ғ.д.

МИФ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҰҚСАС СЮЖЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

Рим мифологиясындағы Ромул мен Ремнің тууы мен Римнің негізін қалау туралы сюжеттерден қазақ жұртындағы бөрі тотеміне жақын келетін тұстарды анық аңғаруға болады. Негізінен рим тарихшылары мен әдебиетшілері Ромул мен Ремнің арғы аталары Троя түбінен келген деген пікірге ойысады. Ал олардың аман қалып, өмір сүруі бөріге байланысты миф көп ретте қазақ мифологиясымен сарындас келеді. Оның қысқаша оқиғасы төмендегідей:

Троя түбіндегі қантөгіс қырғыннан иллириялық патша **Дарданның ұрпағы Анхис бен Афродитаның батыр ұлы Эней** ғана кәрі әкесін арқалап, Ида тауына тығылып, аман қалады. Энеймен бірге оның ұлы **Асканий** да бірге кетеді. Эней көп жылдар бойы теңіз бен құрлық жолымен ұзақ сапар шегіп, Италия жағалауларына жетіп, сол жерде тұрақтап қалады. Оның сапар шеккен мифтік маршруты нақты тарихи-географиялық атауларға ие. Эней қираған Троядан шығып, Ида тауын біраз паналап, теңіз жолымен алғашында Фракияға, одан Македонияға, Критке, Делос пен Лаконияға (Спарта жері), Аркадияға барып, өзіне ыңғайлы тұрақ таба алмайды. Ионий теңізінің аралдары Эпир, Сицилия, Карфаген арқылы

Италияға жетеді. Жергілікті Италия тұрғындарымен талай жылдар соғыса жүріп, оларды жеңеді де, **Латин патшаның қызы Лавинияға** үйленеді. Тұрақтаған аймағы **Лациум** деп аталады. Трояндық Эней Лациумда қала іргесін көтеріп, оның атын **Альба-Лонга** деп атайды. Бұдан қазақтың эпостық батыры Алтайлы Аңшыбайдың әке-шешеден айырылып, кейін өскен соң, су жағасындағы екі пері қызына үйленіп, сол жерге өзінің ұрпағын тарата бастайды. Басқа аңыздардағы Нұх пайғамбардың, Еркенекон аңызы немесе Нукуздың басқа бір жерден қашып шығып, өзіне тұрақты жер тауып алып, сол жерде адамзат ұрпағын көбейтіп, бір ел болған жайт Энейдің де басынан өтеді.

Талай жылдар өтіп, көп өзгерістер болады. Альба-Лонганы Энейдің кейінгі ұрпағы – Нумитор басқарып, ел мен жерді байлыққа кенелдіріп, атағы шартарапқа жайылады. Бірақ бақытсыздық пен қайғы айтып келмейді. Қала маңында тұратын Нумитордың кіші бауыры Амулий қатігез де арамза еді. Оның басты мақсаты - ағасын тақтан тайдырып, оның орнына жайғасу. Осы мақсатқа жету үшін ол қандай да арам жолдардан жиренбей, ойлаған, діттеген жеріне жетеді. Қартайған, әбден сілікпесі шыққан, әлсіз Нумитордан енді одан ештеңе шықпас деген оймен оны өлтірмей, билікті тартып алады. Тек оның баласы мен ұрпақтарынан қорқып, олардың көзін жоюға кіріседі. Ұлын қапысын тауып, мерт қылады да, қызы Рея Сильвияны оның ерікінсіз **ошақ тәңіриесі Вестаның (гректерде Гестия)** шырақшысы (весталка) етіп қояды. Вестаның шырақшылары ешуақытта да тұрмысқа шықпайтын болған, заң қатаң сақталған. Олар Вестаның ғибадатханасында қызмет істеп, ешқайда шықпауы керек. Бірақ тәңірдің жазуы басқаша еді. Көп ұзамай

Рея Сильвия аяғы ауырлап, егіз ұлды дүниеге әкеледі. Аңыз бойынша олардың әкелері **соғыс құдайы Марс** (гректерде **Арес**) болса керек. Негізге тартып **Ромул** мен **Рэм** бала шағынан қорқу мен сескенуді білмейтін, шыншыл да соғысқұмар болып өседі.

Амулий болған оқиғаны естігенде қатты ашуланып, кейін сабасына түскенде, бойын қорқыныш билей бастайды. Оның себебі де бар еді, өйткені балалар өскенде, атасы үшін кек қайтарар деген ой оның мазасын алып, түн ұйқысын бөледі. Амулий Рея Сильвияны жазалап, егіз балаларды Тибр өзеніне тастауды бұйырады.

Амулийдың сарайындағы құл егіз балаларды себетке салып, өзен жағасына алып барады. Тибр өзені тасып, жағалауын су басып жатқандықтан, құл өзенге түсуден сескеніп, егіз ұлды су жағасына қалдырады. Ойы — кемерінен асқан су, себетті ағызып әкетіп, балалар өзенге батып өлер деген тоқтам. Су шынымен-ақ көтеріліп, нәрестелерге қауіп тудырады, бірақ, Марс тәңіриесінің құдіреті болар, себет өзен жағасындағы бұтаға ілініп, ажал құрығы балаларға жетпейді.

Тибрдың буырқанған мол суы азайған соң, егіз ұл себеттен құрғақ жерге құлап, ащы айқайға басады. Су ішпек болып, өзен жағасына келген қаншық қасқыр айқайды естіп, жақындап келіп, егіздерді тілімен жалап, иіген емшегін нәрестелердің аузына тосады. Біршама өсіп-жетілген балаларды патшаның бақташысы тауып алып, оларды өз тәрбиесіне алады. Аттарын **Ромул** мен **Рем** деп қояды. Бауырлар денелерін шынықтырып, түрлі ойын-жаттығулар жасап, аз уақыттың ішінде батыл жауынгер, мерген болып, аң аулауға да шыға бастайды.

Жас батырлардың атағы шартарапқа тарап, құрметке кенеледі. Егіздердің атақ-даңқын естіген қарапайым адамдар мен бақташылар, қашқындар мен құлдар Ромул мен Ремнің қосына келіп, қатарларына қосылады. Егіздер әрқайсысы жеке топ құрып, оның басшысы болып тағайындалады.

Кездейсоқтық деген аяқ астынан, Рем Нумитордың бақташыларымен жоқ жерден кикілжіңге барып, достарымен қамауға алынады. Оны Нумиторға алып келгенде, қарт жап-жас Ремнің келбетті де өжет тұрпатын көріп, оның шығу тегін сұрайды. Рем өзінің егіз екенін айта келе, “патша бақташысының балаларымыз деп есептегенімен, бүгінгі күні мен өлім мен өмірдің ортасында тұрғандықтан, Сізге, аса бір маңызды, таңғажайып жайтты және біздің туғанымыздың өзі бір жұмбақ күйде болғанын айтайын деп едім”- дейді. Нәресте кезімізде бізді біреулер жыртқыштарға жем болсын деп қалдырып кетсе, тауып алған қаншық қасқыр бізді емізіп, аман алып қалып, орман тоқылдағы қорек әкеліп, аузымызға салған екен. Содан осы күйге жеттік деп шындықты жайып салады.

Нумитор бұл Рея Сильвияның баласы шығар, демек, менің немерем болғаны ғой деген ой ұшқындайды. Көп ұзамай оның күмәнді ойы айқындала бастайды. Оған себеп – егіздерді бағып-қаққан патша бақташысы, Ремнің қамауда отырғанын білген соң, Ромулға бар шындықты айтып, көзін ашады. Ромул Ремді босатып алып, Альба-Лонгаға аттанады. Жол-жөнекей қала маңындағы тұрғындар Ромул мен Ремге қосылып, қатігез Амулийді тақтан тайдырмақ болып, көтеріліске шығады. Көтерілісшілер Амулийді өлтіріп, Ромул мен Рем Нумитор атасына тақты қайтарып береді. Егіздер қалада қалғылары келмей, өздерінің жеке қалаларын

салмақ оймен сапарға аттанады. Тибрдың шайып кеткен жеріндегі Палатин бағы көңілдерінен шығып, сол жерге қала қабырғасын орнатуға ұйғарады.

Осы тұста егіздер арасындағы татулыққа сызат түседі. Даудың басы – қаланың құрылысын қай жерден бастап салу керектігі мен оның атын қалай қою және қаланы кім билемек дегеннен басталады. Оның әділ шешімін тек тәңіриелер ғана сездірер деген ой-ұйғарымға келеді. Ол үшін құстардың ұшу мәнерінен анықтауға болады деген оймен әрқайсысы жеке жайғасып алып, аспан әлеміне көз тігеді. Ең алғашқы болып Рем аспанда қалықтап ұшып шыққан алты қаршығаны көрсе, аз мезеттен соң Ромул найзағайдың жарқылы мен күннің күркіреуінен он екі қаршыға ұшып шыққанын көреді. Егіздердің даулары қызат түседі. Рем ең бірінші болып алты қаршығаны көрдім, яғни таңдау менікі десе, Ромул оған келіспей, мен он екі қаршыға көрдім, мен билікті қолыма алуым керек деп қасарысады. Ромул терең, ұзын шұңқыр қазып, бұл қаланың аумағы болар деп жобаласа, оның бұл әрекетін мазақ етіп, шұңқырдан секіріп өткен Ремді Ромул тап беріп, жайратып салып, былай деп дауыстайды: “Менің қаламның қабырғасынан осылай секіріп өткен адамның күні осылай болмақ!”- деп. Рем сыңарының өлгеніне қатты қайғырып, қаншама азапты күнді басынан өткерсе, мұның бәрі де тәңірдің жасағаны деп көңілін жұбатады.

Осыдан кейін Ромул қаланың іргесінің қалануырымын жасайды. Ол өгіз бен сиырды соқаға жегіп алып, қала шекарасының аумағы осы болар деп жыртады. Қақпа тұрар жерге соқаның өзін қалдырады. Қала қабырғасы осыдан кейін қасиетті саналған. Оның аты Ромулдың атымен Рим деп аталып, оның ең

алғашқы билеушісі (рекс) болып тарихта аты қалған.

Кейіннен рим зерттеушілері бұл қай кезең, қай жылы болғанын есептеп, мынадай тоқтамға келген. Бұл оқиға б.д.д. 753 жылдың 21-ші сәуірінде болған. Сондықтан бұл күнді көне римдіктер жыл сайын тойлайтын болған.

Көне римдіктер өздерінің “Мәңгілік қала” Рим іргесінің қалануын осы аңыздан таратса, Ромулдың аман қалу-қалмауы бөріге байланысты болып отыр. Егер бөрі егіздерді аман алып қалмағанда, Рим қаласының салынуы да неғайбыл еді. Сондықтан римдіктер қаншық қасқырды қадір тұтып, Рим қаласының орталығы Капитолия алаңында қаншық қасқырды емген егіздердің ескерткіші бой көтеріп тұр.

Қазақ мифіндегі көк бөрі – түркі халықтарының тарихи ата-тегі, олардың қастер тұтатын тотемдік тұз тағысы. Бұл сонау ерте заманнан, шамамен V-VI ғасырлардың ішінде көк түріктер үшін аса мағыналы да мәнді, қасиет тұтар, тарихи мәні жоғары, батырлықтың тұлғасы, грек аңызындағы жеңіс тәңірісі Ника секілді жеңімпаздықтың символы саналған. Сол дәуірде түркінің жоғарғы қолбасшысының штандарты Көк Бөрі кейіпінде жасалған. Бұл ұғым кейінгі дәуірлерге дейін сақталып, Көк бөріні жекелей ақындар өзінің рухани демеушісі, қасиетті пірі, ата-бабасының әруағы деп қастерлеп өлеңге де қосқан. Солардың бірі Сүйінбай Аронұлы болса, арқалы ақын бір өлеңінде былай деп толғанады:

“Бөрілі байрақ астында,
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.

Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.

Бөрілі байрақ құласа,

Күйремей кеткен жан емен.

Жау тисе жапан далада,

Бөрілі найза атамыз,

Қарасайлап шабамыз,

Қызыл қанға батамыз.

Бөрілі байрақ астында,

Ту түсіріп, жау алған,

Қазыбек, Қастек атамыз.

Бөрілі байрақ көтерсе,

Жоқты жонып табамыз.

Бөрілі байрақ астында,

Ту түсіріп, жау алған,

Шапырашты батыр бабамыз.

Бөрілі басы – ұраным,

Бөрілі – менің байрағым.

Бөрілі байрақ көтерсе,

Қозып кетер қайдағым”-дейді [1, 178-б.].

Қазақтың мифтік аңыздарында, римдік Ромул мен Рем секілді, Көк бөрі көк түріктердің анасы іспеттес.

“Өмірдегі жақсылықтың бәрі Тәңірінің нұрынан таралады, нұр – тіршіліктің бастауы” деп ұғынған түркі

халықтары үшін адалдық пен әділеттілік, шынайлық пен қайсарлық секілді жақсы қасиеттердің белгісі де

Көк бөрі болып табылған”- дейді, М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері Дархан Құдайбергенов өзінің “Көк бөрі еді

ұраным!..” атты мақаласында. “Түркі халықтарының танымында көк түс – Тәңірінің шапағаты мен ерекше

мейірімнің белгісі іспетті. Осы тұста, әсіресе, көк түсті түркілердің ерекше қадірлегенін байқауға болады.

Сондықтан да түркі халықтарының, өздерін “көк түрік” деп атап, арғы ата-бабаларын Көк бөрі деп тануы тегін

емес...

“...Әрине, түркілердің жауынгер халық болғаны әлемге белгілі. Олар жорыққа аттанар алдында бөрілі байрағын көтеріп, киелі аңды, яғни Көк бөріні ұран санап, әрдайым жеңіске жетіп отырған. Бұл – арғы тегін ұмытпаудың белгісі.

Жалпы, Көк бөрі – тек түркі халықтарының фольклорлық-әдеби мұраларында ғана емес, әлемдік фольклордан да ерекше орын алған негізгі тотемдік бейнелердің бірі. Әбілғазы Баһадүр ханның “Түрік шежіресі” мен Рашид ад-диннің “Шежірелер жинағында” түркі халқының ханы Бөртешене және оның анасы қаншық қасқыр туралы аңыздар баяндалса, Н.Я. Бичурин “Ғұн тайпаларының шығу тегі” атты еңбегінде қол-аяғын кесіп, сазға лақтыра салған бала мен оны тауып алып, асырап баққан ұрғашы қасқырдан таралған ұрпақ жөнінде аңызды келтіреді. Осы орайда орыс ғалымы Л.Н.Гумилев те өзінің “Көне түріктер” атты еңбегінің “Қаншық қасқырдың ұрпақтары” деген бөлімінде ата-тегін бөріден тараған деп ұғатын түркі тайпаларын айта келіп, бастауын қаншық қасқырдан өрбітетін аңыздарды атап көрсетеді” [2].

Асқар Егеубаев – көне дәуірдегі әдеби мұраларды зерттеген зерделі ғалым есебінде ғана емес, қазақ поэзиясында да үлкен орны бар, қаламы қарымды ақын. Ерте дүниеден өткен ақынның жүрек жарды өлеңінің бірі “Көк бөріге сиыну” деп аталады. Онда ақын көк бөріні: “Пірім”, “кием”, “ием”, “сиынарам”, “сүйенерім” деп әспеттейді.

“...Уа, көк бөрім!

Берші қуат, берші айбат!

Жер-Суымның жігер-күшін келші айдап!...

Көк бөрідей көкті тітіретейін

Жел шайқаған көкіректе шер қайнап...

Бөрідейін сар даламды шолайын,

Ырғасқанды бөрідейін орайын!

Бесігімнен бөріктірген заманның

Беті қайтпас көк бөрісі болайын...-деп, [3, 110-б.] көк бөріге деген ынтазарлығы мен құрметін шынайы беріле жырлаған өлең жолдарынан айқын аңғара аламыз.

Көк бөрі – түркі халықтарының ішіндегі қазіргі уақытта аса жоғарғы деңгейде дәріптейтін халықтардың бірі – шешендер, яғни тәуелсіздік жолында күрес жүргізіп жатқан Ичкерия мемлекеті. Олардың фольклорлық мұраларында арлан қасқыр - тәуелсіздіктің, асқақтықпен тазалықтың белгісі, символы саналады. Тіпті, мемлекеттің гербінде арлан қасқырдың бейнесі салынған. (Герб 2003 жылдың 21 наурызында Егемен Қазақстан газетінде “Шешенстанда өтетін референдум шиеленісті шеше ме?” деген мақалада жарық көрді.)

Көк бөрі аңызы ғұн дәуірінде халықтар арасында көп таралған. Сондай аңыздардың бірі – жоғарыда римдік Ромул мен Рем турасында айтылған аңызға ұқсас сюжетті атап өтпеске болмайды. Оның қысқаша мотиві “Ежелгі Қазақстан мифтері” атты еңбекте төмендегідей айтылады: “Үйсін мемлекетінің батыс шекарасы хун шекарасымен қабысып жатқан. Жауынгер хундар үйсіндерге тарпа бас салып, көршілерін жаулап алады. Халқын түгелдей, соның ішінде, көсемі мен оның әйелдерін де қырып тастайды. Тек үйсін көсемінің ұлы Кун-мо ғана тірі қалады, ол әлі мүлдем жас сәби болатын. Хун қолбасшысы кішкентай ханзаданы өлтірткізбей, аяушылық жасайды, бірақ оны құтқарып та жатпады. Ол нәрестені шалғын шөпке тастап, тағдырдың еркіне қалдырды” [4, 148-б.].

Рим аңызына көңіл қойсақ, онда да арамза Амулий

екі егізді өлтірмейді, оларды да тағдырдың еркіне қалдырып, Тибр өзенінің жағасына тастайды. Тек өзен ағызып кетер деген оймен екі нәрестені өзенге батыру қаперіне де келмейді. Екі егіз қарындары ашқан соң, даланы басына көтеріп жыласа, Кун-Мо да тыныш жатпай, ащы дауысымен айналаны азан-қазан етеді. Жылаған дауысты естіген қарға піскен ет беріп, баланы аштан аман қалдырса, рим вариантында, орман тоқылдағы ұшып келіп, егіздерді тамақтандырады. Қазақтың “Қарға тамырлы қазақ”, “Қарғам”, “Қарғаш”, “Қарғам-ау” және тағы да басқа тұрақты сөз тіркестерінің халық арасында кең тарауының бір ұшы, мифтегі Қарғаның осы істеген жақсылығында жатса керек.

Екі мифтік туындыда құс атаулылар (Тоқылдақ, Қарға) – кішкентай нәрестелердің құтқарушылары. Бірақ көне дәуірдегі адамдардың түсінігінде, нәрестелердің аузына ана сүті есебінде Бөрілерден татқан дәм қасиетті, қуаты күшті, бойға қайрат пен сұс береді деген ой-түсінік алдыға шыққан. Түз тағысы қасқыр атаулы қанша жыртқыш болса да, бойы таза, күш-қуаты мол, сұсты болғандықтан, оның бойындағы қасиеттерді қадірлеп, симпатиялық көзқараспен бейнелеу екі елдің аңызынан үлкен орын алған. Жаугершілік пен қантөгіс кезеңінде осындай мифтің туындауы заңды да. Мәселен Ромул мен Ремнің қолдаушысы **соғыс тәңірісі Марс (Арес)** болса, Кун-Моның қолдаушысы – Көк Тәңірі. Ондағы мақсат – достыққа адал, жауға деген кекшілдік пен өшпенділік рухты көтермелеу, айналаға сес көрсетуде бөрілердің бойындағы қасиеттері үлкен әсерін тигізер дегеннен шықса керек. Аңыздың келесі сюжетінде кішкентай Кун-Мо өзеннің жағасына еңбектеп барғанда, сол жерге жақын маңда күшіктеген, емшегін сүт кернеген қаншық

қасқыр байқап қалып, баланы тойғанша емізеді. Мұны сыртынан бақылаған Хун қолбасшысы тәңірлердің сәбиді қолдап, желеп-жебегенін, жыртқыш аң екеш қасқыр да, жемтік аңдыған қарға да тиіспей бауырына алып, бұйырған дәмді алдыларына тосқанын көріп, таң-тамаша болады. Бұл Көк тәңірдің ісі екенін жазбай таныған Хун көсемі ханзаданы өзімен бірге алып кетеді де, өз баласындай тәрбиелейді.

Жоғарыдағы бейнеленген сюжеттегі ұқсас мотивтен аңғарғанымыз – екі мифтегі сәбилердің адам қолына өтуі. Рим мифінде Ромул мен Ремді патшаның бақташысы тауып алып тәрбиелесе, қазақ мифінде хунның қолбасшысы өз баласындай тәрбиелейді. Себебі, олардың бойындағы, түр-тұлғасындағы бекзадалық қасиеттері мен қандарындағы нағыз қара көк, таза билеушілер тегінен екенін жазбай таниды. Асыл тегіне жаратушы тәңірлер де немқұрайлылық танытпайды. Ромул мен Ремнің қолдаушысы соғыс тәңірісі Марс (Арес) болса, Кун-Моның қолдаушысы Көк Тәңірі өсіп-жетілген жас жігіттерді ерен күшті әрі ержүрек жауынгер етеді. Көп ерліктер жасап, халықтың құрметіне бөленеді. Мифтің финалында Ромул өзінің сыңары Ремді өлтіріп, Римнің патшасы болып тағайындалса, Кун-Мо Тәңірдің рақымы түсіп, заңды түрде өз халқы – үйсіндердің патшасы болып таққа отырады.

Қазақтың көне аңыздарының ішінде римнің Ромул мен Рем мифіне ұқсас тағы бір миф – бұл Ашина әулетінің шығуы туралы. Мұнда Көк түркілердің жайма-шуақ жатқан кезінде дұшпандар күтпеген жерден шабуыл жасап, халықты қынадай қырып, он жастағы баланың аяқ-қолын тірідей кесіп, жаралы ұлды батпаққа тастайды. Бір ескерері – бәйкүнә сәбилердің

қалатын орны өзен немесе өзен жағалауындағы батпақты жер. Бұл деталь осы аңызда да қайталанады. Соған қарағанда, мифтегі сәбилердің мекендеген жері сулы-нулы орын ретінде көрсетіледі. Табиғаттың осындай берекелі, суы мол жерде мекендеген ел қамсыз, жайма-шуақ өмір кешіп жатқанда, аяқ астынан жау шабады да, бәрін қырғынға ұшыратып, дүние-мүлікті алып, нәрестелерді тағдырдың жазуына қалдырады. Рим аңызында Нумитор да алаңсыз жатқан еді. “Жау жоқ деме, жар астынан” демекші, өзінің арамза інісі Амулий жайма-шуақ жатқан елдің берекесін кетіріп, тарпа бас салып, қартаң Нумиторды тақтан тайдырады да, ханзада баласын өлтіріп, жай табады.

Ашина аңызында нәрестенің аяқ-қолын шапса да, аман қалып, Тәңірдің қолдауына бөленіп, бөрінің сүтін еміп, өскен соң қаншық қасқырға үйленеді. Бұл бала да жоғарыдағы аңыздағыдай, ақсүйек, ханзада еді. Рим мифімен ұқсастығы - оның тірі екенін білген жаулары өлтіріп, көңілдері жай табады. Бірақ мұнда да Тәңір тағы да араласып, қаншық қасқырға қанат бітіртіп, биік таудың басына ұшып кетеді де, сонда өлген күйеуінен құрсақта қалған он баласын дүниеге әкеледі. Ұлдары өсіп ержеткен соң көршілес жатқан елдің қыздарына үйленіп, үлкен бір рулы елге айналады. Сол балалардың ішінде Ромул секілді Ашина деген баласы ержүрек, ақылды, батыр болып, кейін ру көсемі дәрежесіне дейін көтеріледі.

Көптеген жылдар өтіп, Ашинаның елі Алтай тауына қоныстанып, темір өндірумен айналысып, күшті де қуатты елге айналады. Алтай тауларының шыңдары бірі алыстан қарағанда дулығаға ұқсайтындықтан, оларды дулыға елі, яғни көне түркі тілінде дулыға түркі (“тірік”) деген сөз. Сондықтан болса керек, осы жерде

мекендеген Ашинаның қол астындағы елді “түркі” ел деп атайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Хирт Ф. (F.Hirt.The Ancient Histori of China.New-York), 1908.13.
2. С.Өтенияз. Аттила. А., «Арыс». 2000. 13-15-беттер.
3. Н.Homer. Dubs,an anciet militari befween Roman and Chiness. Aiph.Vel LXIII, 3. 1941.
4. Есенбай Дүйсенбайұлы. Нар заман мен зар заман поэзиясы. Асан қайғыдан Әбубәкірге дейін: Жыр-толғаулар. А., «Раритет», 2002, 178-бет.
5. Д.Құдайбергенов. «Көк бөрі еді ұраным!..». «Қазақ әдебиеті» газеті. 13.01.2006. №2 (2954).
6. Н.Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. (VI-VXғ.ғ.). А., 1991, 105-106-б.
7. С.Қондыбай. Гиперборея. Түс көрген заман шежіресі. А., 2003, 172-б.
8. Л.Н.Гумилев. Древние тюрки. Москва, 1967, с.82.
9. Древние цивилизаций. Москва, «Мысль», 1989, с.387.
10. С.Әжіғали. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. А., «Арыс», 2005, 123-124-б.

АЛМАТЫ

Бұл қалаға ынтықпын бала жастан,
Соған қарай тәтті үміт ала қашқан.
Жастық шағым төсінде өтті алаңсыз,
Алатауы – мен үшін дара дастан!

Дамет ТАТАНОВА,

преподаватель.

Каспийский государственный университет

технологий и инжиниринга

им. Ш.Есенова.

ОБРАЗ-СИМВОЛ ЛУНЫ В СТИХОТВОРЕНИЯХ К.БАЛЬМОНТА

К. Бальмонт – один из наиболее ярких представителей символизма. Одной из составляющих художественной картины мира русских символистов является обращение их к природным стихиям, а соответственно – стремление к символам космических стихий и установка на суггестивные начала в слове.

Символизация названий космических предметов, природных стихий неоднократно исследовалась в философских, этнографических, литературоведческих, психологических работах. Обращение к исследованию символа в художественном тексте связано с пониманием текста как культурной коммуникативной системы, которая, благодаря образам, мотивам, символам, переходящим от эпохи к эпохе, от текста к тексту, накапливает и сохраняет огромный смысловой потенциал, необходимый для понимания как текста в целом, так и его отдельных составляющих. Л.А.Колобаева в ряду художественных принципов символистов выделяет своеобразно понимаемый исторический принцип, в связи с которым в поэзии

возникал и мифологизм в его наиболее прямом выражении, как некая художественная реставрация богов древности, античных мифов и их модернизация [1, с. 162]. Миф – это ненаучный способ описания мира, система накопленных народом знаний о мире. Мифология предполагает существование наряду с нашим человеческим миром иного – потустороннего. Но эти два мира находятся в постоянном взаимодействии и составляют универсум [2, с. 5]. Мифопоэтическая картина мира стала своеобразным фундаментом для развития поэтической языковой картины мира символизма. Космическое сознание, исходящее из положения, что человек является частью Вселенной, зародилось в мифологических воззрениях древних: в индийских «Ведах», Упанишадах, иранской «Зенд-Авесте», египетской «Книге мертвых», Апокалипсисе, русской Глубинной книге и других мифологических творениях.

Восстановление естественной связи человека с природой и историей, возрождение духовного образа жизни, расширение миропонимания человека до планетарного, вселенского уровня – такие позиции характеризуют философию русского космизма. Исследователь русской философской поэзии двадцатого века Т.Л.Бессонова отмечает: «Русская философская поэзия выразила чувство планетарного сознания, глубокой органической связи человека со всей Вселенной, космосом» [3, с.36].

Символизм Бальмонта – это один из типов миропонимания, один из возможных диалогов художника с действительностью.

Ценность любого художественного произведения заключается в том, что оно хранит особого рода информацию, которая может быть выражена только в данной художественной форме. Художественная логика индивидуальна и определяется автором, для которого процесс создания произведения является и процессом самовыражения – как в языковом, так и в идеологическом плане. Попытаемся проанализировать фрагмент индивидуальной языковой картины мира К.Бальмонта; в частности, восприятие им и отражение в стихотворениях образа-символа луны. В ряду излюбленных символов поэта выделяется символ огня. Это огонь горячий и холодный, созидающий и разрушающий, дающий жизнь и забирающий ее. В свою очередь дуальность мира, распадающегося на лунный (средоточие холодного огня) и солнечный (средоточие горячего огня) – один из сквозных мотивов творчества К.Бальмонта. У поэта взаимосвязь всех явлений даже на уровне языка есть проявление его излюбленной идеи единства во множестве; полярности рассматриваются как два аспекта единого, как два пути к цельности и гармонии. Зачастую образ луны выступает в лирике Бальмонта наряду с образом солнца. Противоречивость стихии огня Бальмонт видит в родстве противоположностей, которые непосредственно рядом возникают в его стихотворениях, что подчеркивает их общее начало: «Я слушал голос древних посвященных, / Что пили Солнце, как мы пьем вино, / С луной горели тайной заодно.

Чувственное познание реальной действительности может опираться на зрение, слух, обоняние, осязание,

вкус. Наиболее эксплуатируемыми образами в стихотворениях Бальмонта являются образы, соотносимые со зрительным и слуховым способом познания действительности.

Одним из самых частых в этом ряду является образ луны. Вот несколько строчек из стихотворений: “Отчего нас всегда опьяняет Луна? Оттого, что она холодна и бледна. Слишком много сиянья нам Солнце дает, И никто ему песни такой не сплет, Что Луне, при Луне, между темных ветвей, Ароматною ночью поет соловей”; “Когда Луна сверкает во мгле ночной Своим серпом, блистательным и нежным, Моя душа стремится в мир иной, Пленяясь всем далеким, всем безбрежным” (“Лунный свет”); “На алмазном покрове снегов, Под холодным сияньем Луны, Хорошо нам с тобой... Как отрадно мечтать и любить... В царстве чистых снегов, В царстве бледной Луны” (Без улыбки, без слов”). “Ветра вечернего вздох замирающий. Полной Луны переменчивый лик. Радость безумная. Грусть непонятная. Миг невозможного. Счастья миг”. (“Песня без слов”). В следующих сборниках стихов (например, “Горящие здания”) Луна встречается несколько реже, называется “гаснущей”, “бледной”, “умирающей”, но уже в более позднем сборнике “Будем как солнце” Луна вновь становится частым образом – символом, хотя поэт и говорит, что он “в этот мир пришел, чтоб видеть солнце”. Сами названия стихотворений сборника говорят об этом: “Восхваление Луны”, “Влияние Луны”, “Новолуние”, “Лунное безмолвие”. Можно сделать вывод о том, что Луна для Бальмонта “владычество великой тишины”; эта загадочная царица

снов и мечтаний знаменует собой иную сторону бытия, мир неявленный, сокровенный. Луна – это символ другого, красивого мира, мира грез и видений, это уход от настоящего в возвышенный мир. Недаром он писал: “Я жить не могу настоящим, Я люблю беспокойные сны...”

В качестве эпиграфа к сборнику Тишина Бальмонт взял начальную строку тютчевского стихотворения Видение: “Есть некий час всемирного молчанья”. Этот час – ночной. В самом деле, для поэтического воображения в природе мотивы тишины и трансцендентного молчания чаще всего ассоциируются с ночным пейзажем, особенно с лунной ночью. Мотивы ночи и луны перемещают лирического субъекта в мир снов, в такой мир, где действуют иные законы, чем в дневной жизни[4, с.238].

Наиболее представительные стихотворения Бальмонта, изображающие гармонию лунной ночи, встречаются в сборнике «Будем как Солнце» (1903). Цикл Восхваление Луны из сборника «Будем как Солнце» начинается следующими строками: «Восхвалим, братья, царствие Луны, / Ее лучом ниспосланные сны, / Владычество великой тишины».

Мотив Луны как владычицы тишины Бальмонт использовал не раз. Этот мотив связан с тем “великим” молчанием, о котором поэт говорил по отношению к Тютчеву. Тишина, исходящая от луны, подчиняет природу, объединяет ее своим языком молчания. Так возникает идея космического лада. Кроме того, Луна – существо женственное, ассоциируемое с нежностью и любовью. Вот строки из стихотворения

«Влияние Луны»: «Мы подчиняемся, склоняемся/ Перед
царицей тишины,/ И в сны свои светло влюбляемся/ По
мановению Луны».

В поэтическом мире Бальмонта Луна часто является источником тишины или трансцендентного молчания. Стихотворение «Лунное безмолвие», например, начинается строкой “В лесу безмолвие возникло от Луны”. Поддерживая мотив тишины, мотив зеркальности увеличивает гармоничность ночной картины. Словами Дмитрия Мережковского “небо вверху” и “небо внизу” (вода) отражаются друг в друге [5, с.48]. Пример такого рода зеркальности, выражающей беспредельность космоса, находим в третьей строфе «Лунного безмолвия»: « Воздушно-белые недвижны облака,/ Зеркально-царственна холодная река,/ И даль небесная во влаге глубока».

Для символистов зеркало стало метафорой художественного процесса, неким “символом символов” [6, с.54]. Отражая чужой, солнечный свет, луна тоже представляет зеркальный символ . Поэтому “лунное безмолвие” у Бальмонта чревато творческой энергией, оно неисчерпаемый источник музыки, как явствует из последней строфы этого стихотворения: «Непрерываемо дрожание струны,/ Ненарушаема воздушность тишины,/ Неисчерпаемо влияние Луны».

Гармония картины, единство Луны, тишины и музыки здесь подчеркивается морфо-синтаксическим параллелизмом предикатов [7, с.70].

Рассмотрим более детально образ луны в стихотворении поэта «Фантазия».

Здесь можно выделить три смысловые части: В

первой части Природа погружена не просто в сон, а состояние умиротворенного покоя, все овеяно дремотой, ленью (“спокойно дремлют”, “отрадно почивать”). Автор вроде бы описывает реальный материальный мир, но, читая стихотворение, мы как будто отрываемся от земных реалий и отправляемся в какой-то сказочный, загадочный мир, фантастический. Мы видим не сосны, ели и березы, а их очертания. Мы видим не саму луну, а только “искры лунного сиянья”, “яркий блеск”. Появляется ощущение мгновения, мига, легкости, зыбкости, переменчивости происходящего. Мы слышим “роптанье ветра”, “тихий стон метели”, шепот елей и сосен (помогает аллитерация “щ”, “ш”, “ч”, “т”, “с”). В стихотворении Бальмонт отдает предпочтение такому изобразительному средству как олицетворение. Перед нами живой образ природы. Она живет, хотя и “спит”; за ее дремотой скрывается бурная внутренняя жизнь: лес “вещий” (предвидящий будущее, пророческий), “исполнен тайных грез” (мечты, никому неизвестные, скрытые, глубоко личные) и т.д. И только предпоследняя строчка “Ни о чем не вспоминая, никого не проклиная” указывает на присутствие лирического героя, глубоко взволнованного. В первой части стихотворения главный образ-символ – это символ луны. Он предстает поистине космически обобщенным. Луна – это внеземной мир, мир грез, фантазии, где рождается философская мысль, где приходит творческая фантазия, воображение; мир, очень далекий от реальности. Луна ассоциируется с космосом, а космос – с вечностью, вечность – с бессмертием. Вспомним, как в 1942 году в Париже больной и нищий Бальмонт,

прощаясь с жизнью, с солнцем, с поэзией, говорил, что он уйдет по Млечному пути в вечность: “Достаточно я был на этом берегу... Свершив заветное, час ночи стерегу, Чтоб в Млечном быть Пути, Где новых звезд зачатые...”. Здесь встречаются также образы – символы свободных стихий метели и ветра (мы понимаем, что воображение поэта ничем не сковано, ему сейчас ничего не мешает, поэт волен, свободен...).

Во 2 части перед читателем как бы раскрываются врата в безбрежный и чудесный мир воображения, фантазии, далекий от реальности, но который так волнует поэта, зовет лирического героя в дальний путь. Как в калейдоскопе, сменяются здесь лики зимней ночи, ее мгновенья, и также быстро меняется бальмонтовская фантазия. Что мы теперь слышим? – Уже “вздохи”, “моленье”, природу точно томят тревога, “тоска”, но здесь же – “упоенье”, т.е. состояние восторга, наслаждения. Часто используются во 2 части лексические повторы, слова повторяются, словно баюкают. Но это состояние характерно не только природе, но и лирическому герою. Мы уже вместе с лирическим героем ощущаем это состояние восторга. Появляются “духи ночи” (заветные желания, воспоминания), иногда воспоминания о прошлом мучают, душе становится больно. Возникает какая-то тревога (“точно им чего-то жаль”) – жаль, что все это – не наяву, что это сказочный обман (“то, что людям не приснится”). Лирический герой философски подходит к этому.

В третьей, самой маленькой части, уже нет ни напряженности, ни роковых тайн, ни риторических вопросов. Третья часть начинается с союза “а”,

вторая и третья части противопоставляются, а первая и третья части как бы обрамляют вторую. В 3 части все успокоилось (“сладко дремлют”, “безучастно...внемлют”, “с спокойствием приемлют”). Почему? — Наверное, и природа, и лирический герой готовятся к встрече с новыми впечатлениями. Еще много будет прекрасных мгновений, открытий. А это был лишь краткий миг в нескончаемом потоке времени. Бальмонт смог “остановить мгновенье”, запечатлеть его в стихотворении, он показал нам личное, при этом сиюминутное восприятие ночи. Он художник — импрессионист

Смысл названия стихотворения «Фантазия» — способность к творческому воображению, которое достигает своей кульминационной точки тогда, когда мир природы и внутренний мир человека находятся в гармонии. Гармонии величественного мира природы, необъятного космоса и безграничных недр человеческой души, видений, грез и мечтаний.

Бальмонт очень любил цвет (вспомните хотя бы “Красный парус в синем море, в море голубом...”). Но в этом стихотворении “Фантазия” практически отсутствует цветовая гамма. Автор сознательно делает акценты на слуховом, осязательном, зрительном восприятии окружающей действительности. Лишь жизнеутверждающий эпитет “светлый” встречается в стихотворении. Следует отметить, что в стихотворении отсутствует ярко выраженное деление на отдельные строфы. Это придает стихотворению особую музыкальность. “Фантазия” не читается - оно поется, и этому способствуют внутренние рифмы, к которым так

часто прибегает поэт.

Проведенный анализ подтверждает, что в языковой картине мира К. Бальмонта приоритет принадлежит символу огня, который находит свое воплощение в диаметрально-противоположных и одновременно тесно связанных образах-символах солнца и луны. Дуалистичность является характерной чертой для образов стихий в стихотворениях поэта.

Использованные литературы:

1. Л.А.Колобаева. Концепция личности в русской литературе рубежа XIX-XX вв. М., Изд-во МГУ, 1990.
2. Е.Е.Левкиевская. Мифы русского народа. М., «Астрель Аст Люкс», 2005.
3. Т.Л.Бессонова. Идеи русского космизма и русская философская поэзия XX века. М., 2000.
4. S. ALTHAUS-SCHÖNBUCHER, Konstantin D. Bal'mont. Parallelen zu Afanasij A. Fet. Symbolismus und Impressionismus (Bern/Frankfurt am Main: Lang, 1975).
5. Е.Созина. «Зеркальная символика как явление стиля русской поэзии рубежа веков»// В.В. Эйдинова (ред.), XX век: Литература, стиль. Стилиевые закономерности русской литературы XX века (1900-1950), III (Екатеринбург: Уральский университет, 1998), с. 48.
6. Там же, с. 54.
7. Т.С. Петрова, «Мотив тишины в лирике К. Бальмонта» // Русский язык в школе, 1995, 5, с.70.



П.АХМЕТОВА,

Ғ.БИЖАНОВА,

Ы.Алтынсарин атындағы

Арқалық мемлекеттік

педагогикалық институтының

аға оқытушылары.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ: ТҰЛҒАСЫ, ІСІ, ІЗІ.

Қазақстанда алғашқы зайырлы білім ошағын құрған, ғұлама, ұстаздардың ұстазы Ы.Алтынсариннің өмірі мен ісіне сәйкес институтымызда осы кезге дейін жүргізген және алда өткізуге болатын іс-тәжірибеміз тұрғысынан ой бөліспек ниетте үлгі жоспарларымызды ұсынамыз.

Ыбырайтану кешенді, бағытты, жүйелі түрде 1-4(5) курс студенттерін қамти отыра: оқу, ғылым, тәрбие, тәжірибе үрдістерінде қарастырылады.

I. Оқу үрдісінде: Жалпы білім беру пәндерінде («Қазақстан тарихы», «Мәдениеттану», «Әлеуметтану», «Философия», «Әдебиет», «Тіл»), базалық пәндерде («Педагогика тарихы», «Психология тарихы», «Этнопедагогика», «Этнопсихология»), кәсіптік пәндерде (Педагогикалық шеберлік, тіл, әдебиет, дінтануды оқыту әдістемесі) жүргізіледі.

Сонымен қатар, арнайы «Ыбырайтану» пәнінде (45 сағ.) негізделеді.

Курстың мақсаты, оның оқу-тәрбие үрдісіндегі алатын орыны:

Б. Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің даму тарихымен танысу, оның құндылықтарын болашақ ұрпақ тәрбиесіне және ұлттық негіздегі білім беру парадигмасын құруда тиімді пайдалану.

Міндеттері:

- 1. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің дамуының тарихи-экономикалық жағдайын анықтау;*
- 2. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің дамуындағы әлеуметтік, мәдени-ағартушылық идеяларды айқындау;*
- 3. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің құрылымдық компоненттерін талдау;*
- 4. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің даму тарихындағы озық идеялармен танысу, оның құндылықтарын болашақ ұрпақ тәрбиесіне және ұлттық негіздегі білім беру парадигмасын құруда тиімді пайдалану.*

Курстың игерілуі.

Білімі:

- 1. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің даму ерекшеліктерін;*
- 2. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің дамуындағы әлеуметтік, мәдени-ағартушылық алғы шарттарын;*
- 3. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің даму тарихындағы озық идеяларды білу, оның құндылықтарын болашақ педагогтік қызметте пайдалана алуды қамтиды.*

Іскерлігі:

- 1. Тарихи-педагогикалық болмыстар мен құбылыстардың әдіснамалық негізін айқындау;*
- 2. Б.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің және білім беру саласының дамуын зерттеуде*

тұтастықты сақтау;

3. Тарихи және саяси-әлеуметтік жағдайларды педагогикалық болмыстарды, құбылыстарды және деректерді оқу.

Дағдысы:

1. Тарихи-педагогикалық білімнің бүгінгі шындықпен үйлесімділігін аңғару;

2. Тарихи-педагогикалық білімді тәжірибелік қызметте пайдалана білу;

3. Мұрағатта тарихи деректермен жұмыс жасай алу;

4. Тарихи-педагогикалық білімді бүгінгі күн тәжірибесінде тиімді пайдалану;

5. Тарихи-педагогикалық әдебиеттермен өз бетінше жұмыс жасауға қалыптасу.

Курс 45 сағат: 10-ы дәріс, 5-і тәжірибе, 30-ы студенттердің өзіндік оқуына беріледі, барлық болашақ мұғалімдерді дайындайтын бөлімдерге арналады.

Мазмұны

№	Тақырыптары	Дәріс сағ.	Тәжірибе сағ.	СӨЖ
1.	Б. Алтынсариннің өмір сүрген дәуірі.	1		2
2.	Б. Алтынсарин өмірінің кезеңдері, шығу тегі.	1		2
3.	БЫбырайдың білім беру жүйесі мен ашқан мектептері.	1	1	4
4.	Ыбырай Алтынсарин – тұңғыш қазақша оқу құралдарын жасаушы.	1	1	4
5.	Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыздарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы».	1	1	4

6.	Ыбырай Алтынсариннің дін туралы пікірлері.	1		2
7.	Ыбырай Алтынсариннің психологиялық көзқарастары.	1		2
8.	Ыбырай – этнограф.		1	2
9.	Ыбырайдың даму мен қалыптасуына әсерлерін тигізген замандас-тұлғалар.	1		2
10.	Ыбырай Алтынсариннің ізбасарлары мен дәріптеушілері.	1		2
11.	Ы.Алтынсарин мұраларын зерттеу тарихынан.		1	2
12.	Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтішілік Ыбырай зертханасы.	1		2
	<i>Барлығы:</i>	<i>10</i>	<i>5</i>	<i>30</i>

Студенттердің өздік жұмыстары мен ғылыми жұмыстарының мазмұны

№	Өздік жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Бақылау түрі
1.	Ы.Алтынсарин – ағартушы педагог.	реферат.	рефератты тексеру.
2.	Ы.Алтынсаринның педагогикалық қызметіне жалпы ситаттама.	хронологиялық сызба-нұсқалар жасау.	түсіндіру.
3.	Ы.Алтынсаринның мектеп жүйесі.	Пікір талас ұйымдастыру.	Салыстырмалы қортынды жасау.
4.	Ы.Алтынсаринның кәсіптік білім берудегі жүйесі.	Рефераттар жазу.	Баяндама, қорғау.

5.	Ы. Алтынсаринның дидактикалық жүйесі.	Пікір-талас: «К.Д. Ушинский және Ыбырай Алтынсарин».	бақылау.
6.	Ы. Алтынсаринның қазақ тілінде оқулықтар жазу жүйесі.	Ыбырай оқулығының макетін жасау.	тексеру.
7.	Ы. Алтынсаринның мұғалімдерге қоятын талаптар жүйесі.	Жекелеген ауызша әңгіме.	тексеру.
8	Ы. Алтынсаринның жүйесіндегі тәрбие мәселесі.	Жазбаша баяндама жасау.	тексеру.

Студенттер орындайтын рефераттар мен бақылау жұмыстарының тақырыптары:

Ы. Алтынсаринның педагогикалық қызметіне

Ө. Сыздықовтың көзқарасы.

Ы. Алтынсаринның педагогикалық қызметіне

Б. Сүлейменовтың көзқарасы.

Ы. Алтынсаринның педагогикалық қызметіне

А. Ламашевтың бағасы.

Ы. Алтынсаринның педагогикалық қызметіне

Ө. Дербісәлінің бағасы.

Ы. Алтынсаринның педагогикалық көзқарасына орыс демократ ағартушыларының әсері.

Ы. Алтынсаринның педагогикалық көзқарасындағы ұлттық идея және оның К.Д. Ушинскийдің көзқарасымен үйлесімділігі.

Ы. Алтынсаринның қызметіндегі гуманистік идея.

Ы. Алтынсарин және Ильминский.

Ы. Алтынсаринның мектептерінің ерешеліктері, замана жалғастығы.

Ы. Алтынсаринның кәсіби білім мәселесі, іске асырылуы.

Ы.Алтынсаринның қозғаған саяси-әлеуметтік мәселелері.

Ы.Алтынсаринның және Қазақстанның ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы білім мазмұны.

Ы.Алтынсаринның оқулықтары, шығу тарихы.

Ы.Алтынсаринның оқулықтарының құрылымы, мазмұнды сәйкестігі.

Ы.Алтынсаринның оқулықтарының ғылыми-әдістемелік негізі.

Ы.Алтынсаринның оқулықтарындағы оқыту әдістерінің жүйесі.

Ы.Алтынсаринның тәрбие мәселесі.

Ы.Алтынсаринның оқулықтарындағы еңбек тәрбиесі мәселесі.

Ы.Алтынсаринның оқулықтарындағы мәтіндердің ерекшеліктері.

Ы.Алтынсаринның оқулықтары және ХІХ ғасырдағы орыс педагогтарының оқулықтары (салыстырмалы түрде).

Ы.Алтынсаринның мектеп жүйесі, оның құрылымы және ерекшеліктері.

Ы.Алтынсаринның педагогикалық жүйесінің бүгінгі таңдағы өміршеңдігі.

Ы.Алтынсаринның педагогикалық жүйесін мектеп тәжірибесіне еңгізу жолдары.

II. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту:

Жазба жұмыстарына - Дипломдық, реферат, курстық, баяндамалық жұмыстарға, ғылыми жобаларға.

Ұйымдастыру жұмыстарына - үйірмелер, экспедициялар, конференциялар, көрмелер, кинолар, сайыстар.

Мысалы:

1. «Қазақстандағы зайырлы білімнің бастауы...»

Ыбырайдың тұңғыш мектебінің ашылған күніне

(8.01.1864 ж.) орай өткізілген I курс студенттеріне арналған ғылыми-тәжірибелік конференция бағдарламасын үлгі ретінде ұсынамыз.

Баяндамалар:

- *Жаңа білім қоңырауы...*
- *Ыбрай мектебіндегі жаңа оқыту әдістері*
- *Тіл шешендігі – мектептен*

Замандас ұлылар ұрпағының сабақтастығы

Мұғалімдердің пікірлері:

- Шоқан – Ыбырай (Ш.Уәлиханов атындағы мектеп).
- Ыбырай – Абай (А.Құнанбаев атындағы мектеп).
- Ыбырай ұрпақтары (Ы.Алтынсарин атындағы гимназия-мектеп).

Ыбырай мектебінен шыққан ғалымдар:

- А.Байтұрсынов (танымдық мәлімдеме);
- М.Дулатов (танымдық мәлімдеме)
- Н.Құлжанова (танымдық мәлімдеме);
- Бірімжановтар әулеті (танымдық мәлімдеме);
- Ғ.Балғынбаев (танымдық мәлімдеме).

Ыбырай мектебіндегі кітап ордасы.

Оқысаңдар, балалар... – кітап көрмесі.

Ы.Алтынсарин мұражайына саяхат.

Ғ.Қайырбеков. «Дала қоңырауы» (поэма) – сахналық көрініс.

Есеп сабағы – әлеуметтік бейімдеудің жолы-ашық сабақ.

Ыбырай шәкірттерінің маршы.

Ыбырайдың тұңғыш жаққан шырағы

Торғай төсін жарық қылып тұр әлі.

Бүгінгі күн, бүгінгі өмір, жарқын жол –

Ұрпағына беріп кеткен жыр әні!

Аса бер, тек аса бер!

Жас жүректе туды арман,
Жаса білім, жас өрен!
Үлесінді ал, жылдардан!
Ол жанына ізгілікті жиыпты,
Ол аңсапты қиын жолды, биікті.
Сусындаған бұлағынан сарқылмас
Ыбырайдың шәкіртіміз, сүйікті!

2. Ы.Алтынсариннің «Шараит-ул ислам» (1884ж.) еңбегінің жарыққа шыққанына орай өткізілетін іс-шаралар.

1-кезең. «Рухани істер» акциясы. 01-16 наурыз.

«Рухани істер» акциясына қатынасуға жастарды шақырған

Үндеу!

Құрметті Студент және студенттер тобы!

Сізді және сіздің тобыңызды институтымыздың аты беріліп, болашақ ұрпақтары біз болып отырған Ыбырай бабамыздың «Шараит ул – ислам» еңбегінің қолданысқа енген күніне орай, сол еңбектің мақсаты болып табылатын адами қасиеттерді үндеуге шақырамыз!

Алда ұлы наурыз мерекесі де келе жатыр, ендеше, тіршілікке нәр берген көктем мерекесіне де орай әрқайсымыз жақсы қылық, жағымды іс-әрекет жайлы шара жасауда бір-бірімізге ниеттес болайық, жастар!

2-16 наурыз күндері аралығында өтетін «Рухани істер» акциясына үнемі адамгершілік жасайтын рухани іскер азаматтардан қолдау күтеміз!

Ахлақ хамидке негізделген сауапты істерге араласыңыз, ағайын!

Акцияның нәтижесі 18 наурыз күні институт ішінде және ақпарат құралдарында жарияланып, жарнамаланады.

2-кезең.

«Руханият оқулары» – 18 наурыз.

Шақырылды:

Ғалымдар;

Дәстүрлі дін өкілдері:

- Мұсылман.
- Православ.
- Католик.
- Евангелиестер, т.б.

Ұлттық мәдениет орталықтарының өкілдері:

- Славян.
- Татар-башқұрт.
- Неміс.
- Кәріс, т.б.

Білім беру ұйымдарындағы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:

- Гимназиялардың;
- Лицейдің;
- Мектептердің;
- Колледждердің.

Өкілдері:

- «Балалар үйі»;
- «Үміт» – балалардың паналау үйі;
- Түзету мектебі;
- Ақыл-ойы кеміс балалар интернаты;
- Бала және ана құқығын қорғау орталығы;
- Ішкі істер бөліміндегі кәмелеттік жасқа толмағандар ісімен айналысатын инспекция;
- Соғыс және еңбек ардагерлері комитеті.

Институт оқытушылары мен студенттері

3-кезең.

Мәдени шаралар:

«Иман турасында»-рухани-адами негіздегі әндер

бойынша концерттік бағдарлама;

«Әғмал заһир»-Ыбырай туралы тақпақ-өлеңдер жарысы;

«Адамдарға тиісті, тиіссіз мінездер турасында»-сахналық-қойылымдар байқауы;

«Сауап»-суреттік-көрме жарысы;

«Салауат»-шығармашылық.

4-кезең.

Ыбырай алғаш мектеп ашқан Торғай жеріне 1-курс студенттерін ертіп барып, соңғы қоңырау мерекесіне қатысып, Ыбырай шәкірттеріне – 1-сынып оқушыларына **өсиет-хат** тапсырып, 11 сынып оқушыларына-мектеп бітіруші түлектерге сәт сапар тілеп, жалғастығын тапқан ұрпақтар сабақтастығына ізет білдіру (Үлгі ретінде баспадан шыққан мәтіндерін беріп отырмыз).

Өсиетнама(1-сынып оқушысына!)

Ыбырайдың жас шәкірті, бүлдіршін,

Жауқазындай қауыз жарған бір гүлсің!

Алдарыңнан «шамнан шырақ жағылып»

Аспаннан шұғылалы күн күлсін!

«Кел, балалар, оқылықты» жырлатып,

Білім жина, ғылым жина кіл жақұт!

Ұлт ұстазы негіз салған мектепте

Оқу оқып, білім алу – шын бақыт!

Қымбатты жас буын!

Қазақстандағы тұңғыш зайырлы білім беретін мектептің алғашқы сыныбын бітіруіңмен құттықтай отырып, «таза бұлақ» бастауындай кіршіксіз таза, арыстық лебіз, ақ ниет тілейміз!

Ізгі ниетпен: педагогика және психология кафедрасы.

Жолдама-тілек (11-сынып оқушысына!)

Жаса, білім, жаса өнер!

Үлесіңді ал жылдардан!

Алтынсарин ата аңсаған арманысың!

Өнеріңмен, біліміңмен заңғарсың!

Қадам бастың өмір атты асуға,

Үмітті ақтап, мұраттарды жалғарсың!

Ыбырайдың тамамдадың мектебін,

Осы ордадан өсіп-өніп, көктедің!

Біліміңмен кешіп өмір өткелін,

Сәуле шашсын, мәңгі шуақ көктемің!

Құрметті бітіруші түлек-талапкер!

Тәуелсіз ел танылып Қазақстан Республикасының егемендік алғанына біраз жыл болды. Сіздер – егеменді еліміздің келешегі, Қазақ жеріндегі мектептердің қарашаңырағы – Ы.Алтынсариннің тұңғыш мектебінің 145-ші түлегісіздер!

Ыбырай ата мектебін бітіріп, білімге ұмтылған, мамандық алуға талпынған темір қанат түлексіздер!

Өткен ХХ ғасыр басында Сұлтанмахмұт Торайғыровтай талантты ақын, өмірден ерте өткен қыршын жас толғана жырлағандай: «алдыңда толған асу, толған тарау тұр». Қайсысын таңдайсың? Тек жүрек қалауыңа қоса, білім деңгейіңе қарай, таңдаған мамандығыңа оқуға түсіп, еліміздің білімді де, білікті азаматы болып, ұлы Абайша айтсақ, «дүниеге кірпіш болып қалануыңа» тілектеспіз.

Бүгінгі мерейтойларыңмен құттықтай отырып, Ыбырай жолын, қадір-қасиетін, ізгі ниеті мен ізін тілейміз!

Ізгі тілекпен: педагогика-психология кафедрасы.

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ – «ТӨР, БОСАҒА»

Тіл білімінде пікірталас тудырған «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. «Концептің» «ұғымнан» басты айырмашылығы – мұнда энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни, «концепт» «ұғымнан» кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, «концепт» сөздіктегі мағынасымен қатар, алғашқы формасы, этимологиясы, басты тарихи белгілерін ғана қалдырып, өте ықшам формасын жинақтаған көпқабатты құрылым. «Концептің» басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Сонымен **концепт** дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым. 1928 жылы Аскольдов «*концепт*» терминін алғаш қолдана отырып, оның табиғатына байланысты **ой құрылымы** деп қарастырса, қазіргі таңда бұл ұғымның аясы кеңейе отырып, анықтама шеңберінде адамның барша психикалық ресурстары сана қызметі жинақталған тәжірибені танытар құрылым ретінде қарастыруда. Кейбір деректерде «Концепт» терминін бірінші рет **тақуа философ Ансельм (1033-1109 ж.ж.)** пайдаланған. Ғылымға орныққан тұжырым

бойынша концепт – санадақалыптасқан логикалық болмыс, бейнелер жиынтығы.

Орыс тіл білімінде В.Маслова, В.Воробьев, Н.Артюнова, А.Бабушкин, Н.Большдырев, Г.Берестенев, Г.Волохин, Е.Кубрякова, З.Телия, Ю.Степанов, И.Стернин осы бағыттың басты тұжырымдарын жасады. Қазақ тіл білімінде концепт теориясы мен құрылымдары біршама зерттелді. Концепт теориясы қазақ тілі лингвистикасында Г.Снасапова, Ш.Елемесова, М.Күштаева, С.Жапақов, А.Әмірбеков, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Тіл білімінің когнитивті саласы ақиқат дүниенің санадағы таңбасын зерттеуді қолға алғаннан бастап-ақ қазақ тіл білімінде де ұлттық мәдени таным өрістері мен дүниенің бейнесі және көркем мәтін тіліне концептуалдық талдаулар жасала бастады.

Зерттеуші М.Күштаева: «Концептіні адам дүние танымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминін «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз «концепт» сөзіне емес, «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады» дегенді айтады. С.Жапақов: «Концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» дейді.

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Өйткені, қазақ мақал-мәтелдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Сондықтан да мақал-мәтелдерде астарлы ой, символдық

мағына, көркемдік таным үлгілері басым.

Қазақ тілінде тәрбиелік мәні зор тіркеске мағыналас келетін бірқатар мақал-мәтелдер бар: «Жақсы әйел жаман еркекті би етеді». «Жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын көрге сүйрейді, Жақсы әйел жаман еркектің көрдегі басын төрге сүйрейді». Жоғарыдағы «алған әйелің жақсы болса, елге сыйлы етер» деген ұғымды білдіретін қазақ мақалында айтылар ой «*төр*» мен «*көрді*» салыстыру арқылы жеткізілген. Қазақ халқының когнитивтік санасында «**төр**» – **тек қазақ үшін ең қастерлі, сыйлы орын.**

Өмірлік мәні бар, адамзатқа ортақ концептілердің бірі – «төр, босаға» концептісі. Киіз үйдің ішін екіге бөлгенде, от жағатын ошақтан жоғары бөлігі – «**төр**», есік жақ бөлігі – «**босаға**» деп аталады. Төр – қадірлі қонақтар үшін. Сондықтан да үйге кірген кісіге: «Төрге шық», - дейді. «**Есіктен кіріп төрге озба**» деген мақал отырар орныңды білу деген мағынада айтылады. Есіктен кірген беттегі оң қол жақ, яғни, оң босаға қартаңдар меп балалардікі, сол жақ босаға жастардікі саналады. Қазақ ғұрпында келін *төрге* шықпайды. Қыздың ең бақытты шағы оң жақта, яғни, әкенің үйінде тұратын кезі. «Жүк» аталатын төсек жабдықтары *төрге* «жүкаяқ» аталатын көтермеге жиналады. Оның алдына отыру үшін текемет, алаша, кілем, сырмақ сияқты ыдыстар, қымыз ыдыстары *оң босағаға*; көлік саймандары *сол босағаға* қойылады. Қарттардың ағаш төсегі оң жаққа, жастардікі сол жаққа қойылады (118-119-бет).

Егер киіз үй құрылымын көшпенділердің дүниетанымы жүйесі ретінде қарастыратын болсақ, *төр* мен *босаға* қарама-қайшылықтағы біртұтастықты білдіреді: «Жаман әйел жақсы еркектің *төрдегі*

басын есікке сүйрейді, жақсы әйел жаман еркектің *есіктегі* басын *төрге* сүйрейді». Бұл төр символымен байланысты. Қазақ ұғымында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Оның еуропалық мәдениетке қарағанда ерекше екендігі де белгілі. Төрдің қасиетін қазіргі заманғы мәдениет иелері әлі сақтайды деуге болады. Жалпы «төр» мен «босағаны» қарама-қайшылықта қарастыру – жоғары-төмен моделі бойынша динамикалық дамуды көздейтін жас мөлшеріне байланысты өмір жолы. Балалар төменде, ал үлкендер жоғарыда *төрде* орналасу моделін көрсетеді. Төр – құрмет символы мен **көр** адамның соңғы барар жерімен қарама-қайшылық белгілері негізінде, яғни, «өмір» мен «өлім» макрофреймін құрайды. Оған мысал ретінде мына мақалдарды айтуымызға болады: «Тәрбие туған күннен басталып, көрге кіргенде ғана бітеді», «Бір аяғы – жерде, бір аяғы – көрде», «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді». Жалпы, «есік» пен «босаға» сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі берекелік пен тыныштықты сақтауыш ретінде танылады.

Төр – *үй ішіндегі ең құрметті орын, үйдің босағаға қарама-қарсы жоғарғы жағы*. Ал, төр сөзінің мағынасы ауысып, жалпы үйдің ішкі ең жоғарғы жағы дегенді білдіретін болды. Біреуге ізет көрсетіп, “төрге шығыңыз!” деп айтылады (188-бет).

Босаға – *есіктін екі жақтауы*. Сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі берекелік пен тыныштықты сақтауыш ретінде танылады. Халқымыз үшін босаға киелі. Миф бойынша есік, босаға – екі әлемнің арасындағы шекара. Жаңа түскен келінге ақ босағаны аттату енді бұрынғы қыз күніндегі өмірін тастап, жаңа өмір бастайтындығының көрінісі іспетті. Енді ол басқа отбасына келіп жаңа өмір бастайды. Сондықтан келін берекелі, құтты болсын

деген ниетте босағаны “ақ босаға” деп қадірлеп, “Босағаң керілмесін”, “Шаңырағың биік, босағаң берік болсын” деген бата берілетін болған.

Сонымен, концептіге берілген анықтамаларда барлық зерттеуші ғалымдардың пікірі бір: концепт термині ақиқат дүниені когнитивті тұрғыдан тануға, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Адамның жекелеген немесе жалпы тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ғаламды тану арқылы ғасырлар бойы жинақталған болашақта өз жалғасын таба беретін білім жүйесінің жиынтығы.

Қорыта айтқанда, тіл мәдениеттің пайда болуының, дамуының, сақталуының құралы ғана емес, ол мәдениеттің бір бөлшегі, өйткені тіл арқылы материалды және рухани мәдениеттің шығармалары жасалады. Тілімізде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлтымыздың мұрасы, тәжірибесі, салт-дәстүрі мен мәдениеті көрінеді. Қазір осы мәселеге, атап айтқанда, «концепт» түсінігін талдауға қазақ тіл ғылымында көп мән беріліп келеді. Бұл бағытта бірқатар еңбектер жасалуда, диссертациялар қорғалуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. А., «Арыс», 2006, 3-том. Б-Б. -774-бет.
2. С.Мұқанов. «Қазақ қауымы» (Тарихтық және этнографиялық шолу). А., «Ана тілі», 1995, 304-бет.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдары.



Майра ОҚАПОВА,
Павлодар қаласындағы
№18 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ

Мақсаты: 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын оқушыларға танытып-білдіру. Желтоқсан оқиғасының неден бастау алып, оның не себепті қанды оқиғаға ұласқанын ашып көрсету, желтоқсаншы жастармен таныстыру, оқушыларды елін, жерін, халқын сүйеге тәрбиелеу.

Транспорант: - Цвети, моя Республика,
Цвети, мой Казахстан!

(Екі жақтан екі жүргізуші шығады, қазақша ән әуенінде)

1-жүргізуші:

- Ассалаумағалейкум, халқым менің,
Ардақта дәстүрінді, салтыңды, елім!
Мереке басы болсын берекенің,
Игі еңбектің жемісін бәрің жегін!

2-жүргізуші:

- Сегодня мы собрались,
В наш светлый зал.
Отметить праздник светлый,
Страны великой - Казахстан!

(Залдағы қонақтар тұрады, Әнұран орындалады)

1-жүргізуші:

- Құттықтау сөз мектеп директоры Е.А.Гамироваға беріледі.

2-жүргізуші:

- Сахнаға 8 «б» сынып оқушысы шақырылады.
(Ән орындалады).

1-жүргізуші:

- Небольшое выступление о Пленуме ЦК Компартии
Казахстан)

2-жүргізуші:

- 5-сынып оқушыларын тамашалайық.

Орыс, ұйғыр, неміс те

Үнін қосып жеңіске -

Жұдырықтай жұмылды

Келешегі кең іске.

Өзіндікі – Туың да,

От пен ауа, суың да.

Жаса, Қазақстаным,

Белді бекем буын да.

Ұраның да жасасын!

Құраның да жасасын!

Қасиет - кие дарыған

Ұланың да жасасын!

Қанатыңнан қайырылып,

Қыл арқаннан майырылып,

Қонақ - Тәуелсіздіктен

Қала көрме айырылып.

Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мұң тілімен!

Жылағанда жүрегім Күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен түн түрілген!

(«Желтоқсан желі» орындайтын ...).

1-жүргізуші:

- Желтоқсаншы жастарды естеріне алу, оларды атап өту (Минута молчания).

2-жүргізуші:

- Казахстан - это край и отар, и пшеницы,
Край заоблачных пиков жайляу широких.
Неуемных и пенистых речек потоки,
Край батыров в легенды вложившие строки.

1-жүргізуші:

- Қазақстан - Есіл мен Ертіс маған,
Қазақстан - Көкшетау ер қыстаған.
Қазақстан - Қабанбай, Бөгенбайлар,
Баба салтын ұрпағы серт ұстаған!

2-жүргізуші:

- Ты – сердце мое. (М.Мақатаев).
Пусть ночи и дни проходят,
Пусть часто непросто мне в жизни,
Но ты - словно сердце в груди,
О ты, дорогая Отчизна.
Не пасынок я - я твой сын.
Ведь я молоком твоим вскормлен,
И чувствую я, что любим
Родиной, речкой и полем.

1-жүргізуші:

- «Атамекен» әні, орындайтын

2-жүргізуші:

- Мы далеко глядим вперед,
И путь наш - долгий
Цвети, расти, Республика,
Цвети, наш Казахстан!

1-жүргізуші:

- Әр қазақтың есінде сақталады.
Желтоқсандық өрендер ақталады.

Ел намысын қорғаған сарбаздарым,
Ерліктерің мәңгілік мақталады.

2-жүргізуші:

- Да здравствует, мирное небо!
Да здравствует, море растущего хлеба!
Леса и сады, большие поля,
Да здравствует наша, степная земля!

1-жүргізуші:

- Біздің Отан кең байтақ,
Көп ұлттың мекені.
Біз құшақты кең жайсақ,
Әлем сыйып кетеді.
Тату елміз табысқан
Қазақстан – бақстан!

«Менің Қазақстаным» орындайтын

Құрметті қонақтар! Сіздерді Тәуелсіздік күнімен құттықтаймыз! Баршаңызға зор денсаулық, табысты еңбек, оқушыларға қызықты балалық шақ, Отанымызға тыныштық тілейміз. Осымен біздің мерекелік концертіміз аяқталды, уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге рахмет, сау болыңыздар!

ТӘУЕЛСІЗДІК

Байлық қуып, менменсіп шіренбейік,
Құлдық ұрып өзгеге, құр өлмейік...
Тәуелсіздік – бақ құсы қолға қонған,
Байқаусызда ұшырап жібермейік.

Егер оған жол берсек, өкінішті,
Анталаған дұшпанның беті күшті.
Ойластырып Отанның алғы шебін,
Күшейтпесек болмайды бекіністі!

Бас редакторы - Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Ұлағат” - екі айда бір рет шығатын республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың тамыз айының 25-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6552-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 24.10.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 9.0.

Есептік баспа табағы – 8.68. Таралымы – 466.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75821.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер: 256-06-46. Факс: 256-13-41.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru

Басылатын жері – «Алматы – Болашақ» акционерлік Қоғамы.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ
И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА
С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
“ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ” ЖӘНЕ “ҰЛАҒАТ”**

© «Ұлағат», №5, 2011ж., 144 бет, Алматы.